Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрлігі Абай облысы білім саласындағы
бақылау департаменті

Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзіндік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы

Шар қаласы
2025 жыл

Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің
«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалауы

26 мамыр 2025 жыл Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын (бұдан әрі- бағалау өлшемшарттары) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті РММ (бұдан әрі-Департамент) 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығы, 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2025 жылғы 26-31 мамыр аралығында Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі-мектеп) мемлекеттік өзіндік аттесттау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды сапалы ұйымдастырып, өткізу мақсатында төмендегі құрамдағы коммиссия құрылды (бұдан әрі –комиссия):

1.М.Е.Бейсембаева - мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. А.С.Қабышева – хатшы.

Комиссия мүшелері:

3. М.К.Бердібекова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
4. Ж.Т.Абылханова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
5. Г.С.Сембинова – шаруашылық меңгерушісі;
6. Г.О.Нұрасыл - мектеп психологы;
7. М.Г.Сергазина - қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу обьектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді. Комиссия мүшелері өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру обьектілерінде орналастырған мәліметтермен және ұйымдары мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1.1.Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

Білім беру ұйымының толық атауы	Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы Білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Индекс 070619., Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Шар қаласы Варепа көшесі, БСН/ЖСН: 010640002554
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)	Телефон:+77234521846 Эл.пошта: sharabai1951@mail.ru web-сайт:
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Мектеп директоры: Бейсембаева Меруерт Ертаевна Абай облысы білім басқармасы «Жарма ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2022 жылғы 30 қыркүйек № 165 бұйрығымен тағайындалған. Байланыс телефоны: 87471140140
Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Абай облысы Әділет департаментінің 28 қыркүйек 2022 жылы бірегей нөмірі № KZ11LAM00004560 мемлекеттік қайта тіркеуден өткен. Алғашқы тіркелген күні: 28 сәуір 2012 жыл. БСН 010640002554 Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына (бұдан әрі-Жарғы) өзгерістер енгізілді. «Абай облысының қаржы басқармасы» ММ-нің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі №10-нқ бұйрығымен бекітілген.

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Абай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (алғашқы берілген күні)№ KZ KZ11LAM00004560 28.04.2012 жылы Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне лицензия берілген. Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) «Бастауыш білім беру», «Негізгі орта білім беру», «Жалпы орта білім беру». Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Абай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы 02 маусымдағы № 200 бұйрығының негізінде берілді. Білім беру ұйымының құрылтайшылық, құқық белгілеуші құжаттарының және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны бар.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары.

«Абай атындағы мектеп-балабақша кешенінің» балабақшасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитетінің Абай облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі №15 санитарлық-эпидемиологиялық ұйғарымы берілген.

«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-де мектепалды даярлық сыныбы, шағын орталық білім беру мен тәрбиелеу жүзеге асырылған.

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;

2023-2024 оқу жылында балабақшада «Балапан», «Балдырған» топтары, мектепалды даярлық сыныбы, «Күншуақ» кіші орталық тобының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына енгізілген ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 № 412 бұйрығына және және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 3- қосымшасы «Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)» сәйкес жасалды. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы
499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламасын басшылыққа алып құрастырылып, қолданысқа енгізілді.

2024-2025 оқу жылында «Балапан», «Балдырған» мектепалды сыныбы, «Күншуақ» кіші орталық тобының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасы, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы, (3 қосымшасы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары», «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатындағы ұсыныстар басшылыққа алынды.

2025-2026 оқу жылында «Балапан», «Балдырған» мектепалды сыныбы, «Күншуақ» кіші орталық тобында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейіңгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейіңгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына 09.09.2022 ж №394 бұйрықпен еңгізілген өзгерістермен. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 бұйрығы Қазақстан Республикасының әділет министрлігінде 2025 жылдың 23 қаңтарда № 35663 болып тіркелді. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейіңгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бадарламасы 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы негізінде басшылыққа алынып, қолданысқа еңгізілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2023 -2024 оқу жылындағы «Балапан», «Балдырған», «Күншуақ» топтарының (2-4жас) үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жыл 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріспен құрылған Қазақстан Республикасы 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 2-қосымша

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		«Балапан» кіші тобы (2-3 жас)	«Балдырған», «Күншуақ» ортаңғы тобы (3-4 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	-	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	-	күн сайын
	Сенсорика	күн сайын	-
3	Математика негіздері	-	күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын	Күн сайын
6	Музыка	Аптасына бір рет	Аптасына бір рет
	Музыка*****	Күн сайын·	Күн сайын
	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Күн сайын	Күн сайын

2023 -2024 оқу жылы. «Балапан» тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

Апта күндері				
Дүйсенбі	**сейсенбі**	**сәрсенбі**	**бейсенбі**	**жұма**
Дене шынықтыру	музыка	Дене шынықтыру		Дене шынықыру
Күн сайын				
Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Сенсорика Құрастыру Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу Музыка				

2023 -2024 оқу жылы. «Балдырған» тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

Апта күндері				
Дүйсенбі	**сейсенбі**	**сәрсенбі**	**бейсенбі**	**жұма**
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі
Күн сайын				
Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Матемаика негіздері Құрастыру Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу Музыка				

2023 -2024 оқу жылы. «Күншуақ» тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

Апта күндері				
Дүйсенбі	**сейсенбі**	**сәрсенбі**	**бейсенбі**	**жұма**
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі
Күн сайын				
Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Матемаика негіздері Құрастыру Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу Музыка				

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныптарының оқу жүктемесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.

(5 жастағы балалар)

р/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеудідамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу	күн сайын	
	әрекеттері, еңбекке баулу		
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
8		-	20 сағат

2023-2024 оқу жылы мектепалды даярлық сыныбының сабақ кестесі

Апта күндері	Ұйымдастырылған іс-әрекет
Дүйсенбі	1. Сауат ашу негіздері 2. Қоршаған ортамен танысу 3. Математика негіздері 4. Дене шынықтыру
Сейсенбі	1Сауат ашу неіздері 2. Қазақ тілі 3. Математика негіздері 4. Музыка
Сәрсенбі	1. Көркем әдебиет 2. Сауат аш негіздері 3. Қоршаған ортамен таныстыру 4. Дене шынықтыру
Бейсенбі	1Сауат ашу негіздері 2. Қазақ тілі 3. Сөйлеуді дамыту 4. Музыка
Жұма	1. Көркем әдебиет 2. Математика негіздері 3. Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу/Құрастыру 4. Дене шынықтыру

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2024 -2025 оқу жылындағы «Балапан», «Балдырған», «Күншуақ» топтарының (2-4жас) үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жыл 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріспен құрылған Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 2-қосымша

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		«Балапан» кіші тобы (2-3 жас)	«Балдырған», «Күншуақ» ортаңғы тобы (3-4 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	-	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	-	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	-
4	Математика негіздері	-	күн сайын
5	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын	күн сайын
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын	күн сайын

2024 -2025 оқу жылы. «Балапан» тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

Апта күндері				
Дүйсенбі	**сейсенбі**	**сәрсенбі**	**бейсенбі**	**жұма**
Дене шынықтыру	музыка	Дене шынықтыру		Дене шынықыру
Күн сайын				
Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Сенсорика Құрастыру Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу Музыка				

2024 -2025 оқу жылы. «Балдырған» тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

Апта күндері				
Дүйсенбі	**сейсенбі**	**сәрсенбі**	**бейсенбі**	**жұма**
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі
Күн сайын				
Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Математика негіздері Құрастыру Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу Музыка				

2024 -2025 оқу жылы. «Күншуақ» тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

Апта күндері				
Дүйсенбі	**сейсенбі**	**сәрсенбі**	**бейсенбі**	**жұма**
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі
Күн сайын				
Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Математика негіздері Құрастыру Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу Музыка				

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды сыныптарының оқу жүктемесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.
(5 жастағы балалар)

	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка ****	күн сайын	
			20 сағат

2024 -2025 оқу жылы. Мектепалды даярлық сыныбының сабақ кестесі

Апта күндері	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**
Дүйсенбі	Сөйлеуді дамыту Математика негіздері Қазақ тілі Дене шынықтыру
Сейсенбі	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен таныстыру Көркем әдебиет Музыка
Сәрсенбі	Математика негіздері Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Дене шынықтыру
Бейсенбі	Сөйлеуді дамыту Математика негіздері Қазақ тілі Музыка
Жұма	Қоршаған ортамен таныстыру Сауат ашу негіздері Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу,мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Дене шынықтыру

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2025 -2026 оқу жылындағы «Балапан», «Балдырған», «Күншуақ» топтарының (2-4жас) үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жыл 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріспен құрылған Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 2-қосымша

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		«Балапан» кіші тобы (2-3 жас)	«Балдырған», «Күншуақ» ортаңғы тобы (3-4 жастан бастап)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі **	күн сайын	күн сайын
2	Тілді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	-	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	-	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	-
4	Математика негіздері	-	күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын	күн сайын
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын	күн сайын

2025 -2026 оқу жылы. «Балапан» тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі

Апта күндері				
Дүйсенбі	**сейсенбі**	**сәрсенбі**	**бейсенбі**	**жұма**
Дене шынықтыру	музыка	Дене шынықтыру		Дене шынықыру
Күн сайын				
Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет Сенсорика Құрастыру Қоршаған ортамен таныстыру Сурет салу Жапсыру Мүсіндеу Музыка				

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына негізінде 2025-2026 оқу жылына арналған мектепалды сыныптарының оқу жүктемесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.
(5 жастағы балалар)

	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене тәрбиесі		3 сағат
	Дене тәрбиесі **	күн сайын	
2	Тіл дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған әлеммен таныстыру		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	

2025 -2026 оқу жылы. Мектепалды сыныбының сабақ кестесі

Апта күндері	**Ұйымдастырылған іс-әрекет**
Дүйсенбі	Тіл дамыту Математика негіздері Қазақ тілі Дене тәрбиесі
Сейсенбі	Сауат ашу негіздері Қоршаған әлеммен таныстыру Көркем әдебиет Музыка
Сәрсенбі	Математика негіздері Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Дене тәрбиесі
Бейсені	Тіл дамыту Математика негіздері Қазақ тілі Музыка

Жұма	Қоршаған әлеммен таныстыру Сауат ашу негіздері Сурет салу/Жапсыру/Мүсіндеу/Құрастыру Дене тәрбиесі

(2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылындағы білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі). Талдау нәтижелері: Оқу жұмыс жоспарлары МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкес

Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында жұмыс оқу жоспары бойынша жалпы апталық жүктеме 20 сағатты құрайды, оның ішінде 5 білім беру саласы. «Дене шынықтыру»- 3 сағат; «Сөйлеуді дамыту»- 2 сағат; «Қазақ тілі» - 2 сағат. «Сауат ашу» - 3 сағат; «Математика негіздері»- 3 сағат. «Қоршаған ортамен таныстыру»- 2 сағат, «Музыка» - 1 сағат, «Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру»- 1 сағат , 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жұмыс оқу жоспары бойынша

жалпы апталық жүктеме 20 сағатты құрайды, оның ішінде 5 білім беру саласы. «Дене шынықтыру»- 3 сағат; «Сөйлеуді дамыту»- 2 сағат; «Қазақ тілі»-2 сағат; «Көркем әдебиет»- 2сағат; «Сауат ашу негіздері» -3 сағат; «Математика негіздері»- 3 сағат. «Қоршаған ортамен таныстыру»- 2 сағат. «Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру»- 1 с ағат , «Музыка»- 2 сағат.

Қорытынды: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; мектепалды даярлық сыныбына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557, (2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы) Қазақстан республикасы Оқу –ағарту министрлігінің 2022 жылы 9 қыркүйек №394 бұйрық (3-қосымша) негізіндегі типтік оқу жоспары, 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы негізіндегі оқу бағдарламасы алынған.

Балабақша топтарында, кіші орталық тобында, мектепалды сыныптарда тәрбиелеу-білім беру процесі перспективалық жоспарға, циклограммаға, бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылған.

Ұсынылған құжаттарды қарастыру барысында білім беру қызметінің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында бекітілген перспективалық жоспарларында күтілетін нәтижелерді айқындай отырып, әр оқу жылына мақсат пен міндеттерді қоя білген және

талдау нәтижелерінен жоспарға сәйкес іс- әрекеттің жүзеге асырылғанын көруге болады. Айлық, апталық іс –шаралар жоспары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай құрылған.

Әр топтың күн тәртібі мен сабақ кестелері жұмыс оқу жоспарларына сәйкес келеді, мектеп директорымен бекітілген. Перспективалық жоспар, циклограмма үлгілік бағдарламаға сәйкес жасалған. Әр айға нақты тақырыпты көрсете отырып, оқу жылының соңына дейін айлар бойынша құрастырылған. Оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттері айқындалды. Жоспарда білім беру салалары көрсетілген. Перспективалық жоспардың және циклограмманың құрылымы, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2016жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейіңгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.

Тапсыруға ұсынылған құжаттар перспективалық жоспарлар, күн тәртібі циклограммалар әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, мекеме басшысымен бекітілген. Оқу аптасы ұйымдастырылған

іс-әрекеттері білім беру талаптарына сай құрастырылады, жоспарлау мен перспективаларды құруды талдау сипаты төмендегідей:

«Күншуақ» шағын орталығы 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылының мынадай қызметтер нәтижелерін ұсынады:

Перспективалық жоспар мен циклограммалар, «Баланың жеке даму картасын» ұйымдастырылған іс-әрекеттер, балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (**бастапқы, аралық және қорытынды),** білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысуы,конкурстар, ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т.б. ұйымдастырылуы мен өткізілуі. Балабақша топтары «Балапан», «Балдырған» «Күншуақ» кіші орталықта мектепке дейіңгі тәбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты негізге алынып, ұйымдастырылған іс-әрекеттері анта сайын бағдарлама сай өткізіледі.

Міндетті стандарты, үлгілік, жоспары, үлгілік бағдарламасы

мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Мектепалды сыныптарында балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу тиімді жоспарланады. Мектептегі мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес жоспарланады. Мектепалды сыныптарында арнайы білімі бар педагог кадрлар қызмет етеді. Оқу кабинеті қажетті жиһазбен қамтамасыз етіліп, жабдықталған. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген.

3) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

2023-2024 оқу жылында «Күншуақ» шағын орталығында 1 тәрбиеші қызмет атқарды.

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Қызметі

1	Куттыбаева Мунира Толемысовна	Арнайы орта	Педагог-модератор	25 жыл	«М.О.Әуезов атындағы Семей педагогика училищесі».	Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі	Тәрбиеші

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Қызметі
1	Байжиенова Зарина Бекежановна	Арнайы орта	Педагог	3 жыл	М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж	Жалпы бастауыш білім беру	тәрбиеші
2	Әлкен Мақпал Оразбайқызы	Жоғары	Педагог	9 жыл	Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	тәрбиеші

2023-2024 оқу жылында балабақшаның «Балапан» тобында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Қызметі
1	Нуртазина-Қайырбекова Алия Бекказыевна	Арнайы орта	Педагог-модератор	15 жыл	М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж	Шет тілі	тәрбиеші
2	Жолдыбаева Айжан Слямхановна	Жоғары	Педагог	3 жыл	Қазақтың спорт және туризм академиясы	Дене шынықтыру және спорт	тәрбиеші

2023-2024 оқу жылында балабақшаның «Балдырған» тобында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Қызметі
1	Баймухышева Гульмира Серыкказыевна	Жоғары	Педагог-модератор	26 жыл	Шәкәрім атындағы Семей педагогикалық институты	педагогика және мектепке дейінгі психология	тәрбиеші
2	Мұратхан Диляра Алмазқызы	Арнайы орта		3 жыл	М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі	Мектепке дейіңгі оқыту және тәрбиелеу	тәрбиеші

2023-2024 оқу жылында «Күншуақ» шағын орталығында 1 тәрбиешінің біліктілік арттыру курстары

№	Аты-жөні	Курс тақырыбы	Мерзім	Курс өткен жері
1	Куттыбаева Мунира Толемысовна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» бағдарламасы	26.03-05.04.2024 жыл 72 сағат	«Өрлеу» БАҰО №0671487

2023-2024 оқу жылында балабақшаның «Балапан» тобында 2 тәрбиешінің біліктілік арттыру курстары

№	Аты-жөні	Курс тақырыбы	Мерзім	Курс өткен жері
1	Нуртазина-Қайырбекова Алия Бекказыевна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту» бағдарламасы	26.03-05.04.2024 жыл 72 сағат	«Өрлеу» БАҰО №0671487
2	Мұратхан Диляра Алмазқызы	«мектепке дейіңгі ұйымдардың қазақ тілі педагогтерінің кәсіби құзіреттілігін дамыу»	25.09.-05.10.2023ж 72 сағат	АО «Өрлеу» №0667775

2023-2024 оқу жылында балабақшаның «Балдырған» тобында 1 тәрбиешінің біліктілік арттыру курстары

№	Аты-жөні	Курс тақырыбы	Мерзім	Курс өткен жері
1	Баймухышева Гульмира Серыкказыевна	«Мектепке дейіңгі ұйымдарда және мектепалды сыныптарда заттық - кеңістіктегі дамытушы ортаны ұйымдастыру және педагогикалық процестің сапасын қ амтамасы ету»	12.08-23.08.2024ж 72 сағат	Балаларды ерте дамыту институты №006530

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында 2 тәрбиешінің біліктілік арттыру курстары

№	Аты-жөні	Курс тақырыбы	Мерзім	Курс өткен жері
1	Әлкен Мақпал Оразбайқызы	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру» бағдарламасы	01.08-09.08.2023 жыл 72 сағат	Балаларды ерте дамыту интституты №002463
2.	Утегенова Шалкар Бияхметовна	«Мектепке дейіңгі ұйымдарда және мектепалды сыныптарда заттық - кеңістіктегі дамытушы ортаны ұйымдастыру және педагогикалық процестің сапасын қ амтамасы ету»	12.08-23.08.2024ж 72 сағат	Балаларды ерте дамыту институты №006608

2024-2025 оқу жылында «Балдырған» тобында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Маман-дығы	Қызметі
1	Кайрбекова-Нуртазина Алия Бекказиевна	Арнайы орта	Педагог-модератор	16 жыл	М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі	Шет тілі	балабақша тәрбиешісі
2	Мұратхан Диляра Алмасқыы	Арнайы орта	Педагог-модератор	5 жыл	М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	балабақша тәрбиешісі

2024-2025 оқу жылында «Балапан» тобында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Маман-дығы	Қызметі
1	Баймухышова Гульмира Серикказыевна	жоғары	Педагог-модератор	28 жыл	Шәкәрім атынағы Семей педагогикалық институты	Педагогика және мектепке дейінгі психология	балабақша
2	Галиева Айгуль Ерсерікқызы	Жоғары	Педагог-модератор	14 жыл	Қазақ инновац.гуманитар. заң институты	Педагогика психология	тәрбиешіс і

2024-2025 оқу жылында «Күншуақ» тобында 1 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Маман-дығы	Қызметі
1	Куттыбава Мунира Толемысовна	Арнайы орта	Педагог-модератор	36 жыл	М.О.Ауезов атындағы Семей педагогикалық училищесі	Мектепке дейінгі мекеме тәрбишісі	Шағын орталық тәрбиешіс і

2024-2025 оқу жылында мектепалды сыныбында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Қызметі
1	Утегенова Шалкар Бияхметовна	Жоғары, арнайы орта	Педагог-сарапшы	35 жыл	Шәкәрім атындғы Семей мемлекеттік Университеті М.О.Әуезов атандағы педагогикалық колледжі	Педагогика және бастауыш Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі	Мектепалды сынып тәрбиешісі
2	Әлкен Мақпал Оразбаевна	жоғары		9 жыл	Академик Ә.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті	Мекепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Мектепалды сыныбы тәрбиешісі

2024-2025 оқу жылында тәрбиешілердің біліктілік арттыру курстары

№	Аты-жөні	Курс тақырыбы	Мерзімі	Курс өткен жері
1	Бейсембаева Перизат Орлгалийевна	«Мектепке дейіңгі тәрбие мен білім беруге жана стандартқа сәйкес тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың тәсілдері»	Онлайн 80 сағат 26.11.24ж	Жаңа инновациялық технологияар орталығы Алматы қаласы
2	Галиева Айгуль	«Мектепке дейіңгі тәрбие мен білім беруге жана онлайн Жаңа инновациялық стандартқа сәйкес тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың тәсілдері»	Онлайн 80 сағат 26.11.24ж	Жаңа инновациялық технологияар орталығы Алматы қаласы

2025-2026 оқу жылында «Балдырған» тобында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Маман-дығы	Қызметі
1	Кайрбекова-Нуртазина Алия Бекказиевна	Арнайы орта	Педагог	16 жыл	М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі	Шет тілі	Балабақша тәрбиеші
2	Галиева Айгуль Ерсерікқызы	жоғары	Педагог-модератор	15 жыл	Қазақ инновац.гуманитар. заң институты	Педагогика психология	балабақша тәрбиешісі

2025-2026 оқу жылында «Балапан» тобында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Маман-дығы	Қызметі
1	Баймухышова Гульмира Серикказыевна	жоғары	Педагог-модератор	29 жыл	Шәкәрім атынағы Семей педагогикалық институты	Педагогика және мектепке дейіңгі психология	балабақша тәрбиешісі
2	Дауленова Жангүл Дауленқызы	жоғары	Педагог	5 жыл	Алихан Бөкейхан университеті	Шет тілі маманығы	балабақша тәрбиешісі

2025-2026 оқу жылында «Күншуақ» тобында 1 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Маман-дығы	Қызметі
1	Куттыбава Мунира Толемысовна	Арнайы орта	Педагог-модератор	37 жыл	М.О.Ауезов атындағы Семей педагогикалық училищесі	Мектепке дейінгі мекеме тәрбишісі	Шағын орталық тәрбиешісі

2025-2026 оқу жылында мектепалды сыныбында 2 тәрбиеші қызмет атқарды

№	Аты-жөні	Білімі	Санаты	Жалпы еңбек өтілі	Бітірген оқу орны	Маман-дығы	Қызметі
1	Утегенова Шалкар Бияхметовна	Жоғары, арнайы орта	Педагог-сарапшы	35 жыл	Шәкәрім атындғы Семей мемлекеттік Университеті М.О.Әуезов атандағы педагогикалық колледжі	Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі Метепке дейіңгі тәрбие мен оқыту Мекепке дейіңгі оқыту және тәрбиелеу	Мектепалды сынып тәрбиешісі Мектепалды сыныбы тәрбиешісі
2	Шектыбаева Сандуғаш Зикешовна	жоғары	педагог	25 жыл	М.Әуезов атындағы Семей педагогикалық училищесі		

Мектепке дейіңгі педагогтердің жас құрамы

	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы

жасы	саны	%	саны	%	саны	%
20-30 ж	0	0	0	0	0	0
30-40ж	4	50	4	50	4	50
40-50ж	1	12.5	1	12.5	1	12.5
50 ден жоғары	3	37.5	3	37.5	3	37.5

Еңбек өтілі бойынша сапалық құрамы

Еңбек өтілі	2023-2024 оқу жылы	%	2024-2025 оқу жылы	%	2025-2026 оқу жылы	%
0-5 жыл	1	12.5	1	12.5	0	0
5-10 жыл	0	0	0	0	1	12.5
10-15ж	4	50	3	37.5	2	25
15 тен жоғары	3	37.5	4	50	5	62.5

Мектепке дейінгі тәрбиешілердің сапалық құрамы

	2023-2024	**2024-2025**	**2025-2026**	**2023-2024**	**2024-2025**	**2025-2026**
Атауы	**саны**	**саны**	**саны**	**%**	**%**	**%**
Педагог кадрлар саны	7	7	7	100	100	100
Жоғары білімді	4	4	5	100	100	100
Арнаулы орта	3	3	2	50	50	50
Педагог -шебер	-	-	-	-	-	-
Педагог-зерттеуші	-	-	-	-	-	--
Педагог-сарапшы	-	1	1	25	25	25
Педагог-модератор	2	2	4	50	50	100
педагог	-	-	1	25	25	25

2023-2024 оқу жылында педагогтердің конференция, семинар және конкурстарға қатысу нәтижелері, іс-тәжірибе таратуы

№	Тәрбиешінің	Іс-шараның атауы	Таратқан іс-тәжірибенің	Мерзімі	Нәтижесі	Деңгейі
1	Әлкен Мақпал Оразбаевна	«Ханталапай» ұлттық ойындар		2023-2024	Мадақтама	аудандық
2	Әлкен Мақпал	«Мен зерттеушімін»		2023-2024	Мадақтама	Аудандық
3	Мұратхан Диляра Алмазқызы		«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары»	2023-2024 оқу жылы	Сертификат	Аудандық
4	Баймухышова Гульмира Серіказыевна		«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары»	2023-2024 оқу жылы	Сертификат	Аудандық
5	Нұртазина – Қайырбекова Алия Бекказыевна	“Алтын күз келді бақшама”		2023	Диплом	Республикалық
6	Әлкен Мақпал		«Біртұтас тәрбие		Сертификат	Аудандық

	Оразбаевна		бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары»			
7	Баймухышова Гульмира Серіказыевна	“Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі”		2023-2024	Мадақтама	аудандық
8	Галиева Айгүл Ерсерікқызы		«Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары»	2023-2024	Сертификат	Аудандық II орын

Педагогтердің конференция, семинар, конкурстарға қатысу, іс-тәжірбие таратуы нәтижелері 2024-2025 оқу жылы

№	Тәрбиешінің аты-жөні	Іс-шараның атауы	Таратқан іс-тәжірибесінің тақырыбы	Мерзімі	Нәтижесі	Деңгейі
1	Бейсембаева Перизат Оралгалийевна	«Алтын бала-2024»		2024-2025 оқу жылы	Алғыс хат	Республикалық
2	Әлкен Мақпал Оразбаевна	«Алтын бала-2024»		2024-2025 оқу жылы	Алғыс хат	Республикалық
3	Бейсембаева Перизат Оралгалийевна	Аудандық білім бөлімінің басшысы Д.Ақзамов марапаты		2024-2025оқу жылы	Алғыс хат	Аудандық
4	Бейсембаева Перизат Оралгалийевна		«Абай мұрасы ұрпаққа аманат: Қазіргі біліммен тірбие берудегі Абай ілімдерінің өзектілігі, м ұғалім-оқушы тандемі»	2024-2025оқу жылы	Сертификат	Аудандық
5	Утегенова Шалқар Бияхметовна	«Алтын бала-2024»		2024-2025оқу жылы	Алғыс хат	Аудандық
6	Шорғанова Диляра Алмасқызы	«Ханталапай» ұлттық ойындар		2024-2025 оқу жылы	Мадақтама II орын	Аудандық
7	Утегенова Шалқар Бияхметовна	«Ханталапай» ұлттық ойындар		2024-2025 оқу жылы	Мадақтама	Аудандық
8	Утегенова Шалқар Бияхметовна		«Абай мұрасы ұрпаққа аманат: Қазіргі біліммен	2024-2025оқу жылы	Сертификат	Аудандық

			тірбие берудегі Абай ілімдерінің өзектілігі, м ұғалім-оқушы тандемі»			
9	Утегенова Шалқар Бияхметовна	«Мектепалды даярлықтың үздік сыныбы»		2024-2025оқу жылы	І орын	Аудандық
10	Утегенова Шалқар Бияхметовна	«Мектепалды даярлықтың үздік сыныбы»		2024-2025оқу жылы	ІІ орын	Облыс
11	Шорғанова Диляра Алмасқызы	«Пони» байқауы		2024-2025оқу жылы	І дәрежелі диплом	Халықаралық
12	Баймухышева Гульмира Серіказыевна		«Абай мұрасы ұрпаққа аманат: Қазіргі біліммен тірбие берудегі Абай ілімдерінің өзектілігі, м ұғалім-оқушы тандемі»	2024-2025оқу жылы	Сертификат	Аудандық
13	Утегенова Шалқар Бияхметовна	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала»		2024-2025оқу жылы	Мадақтама	Аудандық
14	Утегенова Шалқар Бияхметовна	«Мен зерттеушімін»		2024-2025оқу жылы	Мадақтама	Аудандық
15	Утегенова Шалқар Бияхметовна	Аудандық білім бөлімінің басшысы Д.Ақзамов марапаты		2024-2025оқу жылы	Құрмет грамотасы	Аудандық
16	Нуртазина - Қайырбекова Алия Бекказыевна	«Қыс мезгілі тамаша»		2024-2025 оқу жылы	Алғыс хат	республикалық
17	Галиева Айгүл Ерсерікқызы	«Қыс мезгілі тамаша»		2024-2025 оқу жылы	Алғыс хат	республикалық

«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені»КММ
2023-2024 оқу жылы бойынша мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерінің жетістігі

р/с	Баланың аты-жөні	Жетістіктері
1	Бекжан Арнұр, Бохбалин Сабыр, Кабдулаева Еркежан, Қайрат Перизат, Секрікқан Камила, Тұрсын Айсұлтан	Мадақтама Әртүрлі ұлттық, қимылды ойындарға баулу арқылы қазақ халқының салт – дәстүрлерін, мәдениетін бойларына сіңіріп, мақтаныш сезімін қалыптастыру мақсатында өткен мектеп жасына дейінгі балаларға арналған республикалық «Ханталапай»ұлттық ойындар байқауының аудандық кезеңінде ІІ орын алған үшін марапатталады
2	Бекжан Арнұр	Мадақтама Тәрбиеленушілердің қарапайым зерттеулер жүргізуге қызығушылықтарын, танымдық, шығармашылық дағдыларын арттыру мақсатында

		жалпы білім беру мекемелері, мектепке дейінгі ұйымдардың мектеп жасына дейінгі ересек, мектепалды топтары мен сыныптары тәрбиеленушілері арасында өткен республикалық «Мен зерттеушімін» байқауының аудандық кезеңінде II орын алғаны үшін

«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені»КММ
2024-2025 оқу жылы бойынша мектепалды сынып тәрбиеленущілерінің жетістіктері

р/с	Тәрбиешінің аты-жөні	Жетістіктері
1	Тұрсұнғазы Айкөркем	«Алтын бала-2024»республикалық шығармашылық байқауына «Ақылды Балақай» аталымы бойынша қатысып, I орынды жеңіп алды
2	Дулат Зере	«Алтын бала-2024»республикалық шығармашылық байқауына «Ақылды Балақай» аталымы бойынша қатысып, I орынды жеңіп алды, Аудандық «мен зерттеушімін» байқауына қатысып, «Креативті жұмыс» номинациясымен мадақталды
3	Самат Бекнұр	«Алтын бала-2024»республикалық шығармашылық байқауына «Ақылды Балақай» аталымы бойынша қатысып, I орынды жеңіп алды, Ата-аналардың қатысуымен республикалық «Шебер «әке, өнерлі ана,еңбекқор бала» қолдан жасалған бұйымдар байқауының аудандық кезеңіне қатысып, «Мейірімді отбасы» номинациясымен мадақталды 2025ж наурыз

Қорытынды: Мектепалды даярлық топтары тәрбиешілерінің дипломдары талапқа сай, біліктілікті арттыру курстарынан өткен.

4) Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау.

Қорытынды: ерекше білім қажеттілігі бар балалар жоқ болғандықтан жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламалар құрылмаған.

5) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Талдау нәтижелері: 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарандағы диагностиканың нәтижелері ұсынылған. Әр оқу жылында бастапқы бақылау қыркүйек айында, аралық бақылау қаңтар айында, қорытынды бақылау мамыр айын жүргізілген.

Балабақшаның «Балапан», «Балдырған»,кіші орталық «Күншуақ» тобы, мектепалды «А», мектепалды «Б» сыныбы тәрбиеленушілердің дамуының бастапқы кезеңінде баланың даму деңгейлері анықталып, мониториг нәтижесін сараптай отырып, педагог алдағы іс-қимылдарын жоспарлай білген. Жоспарлы түрде жеке дамуы үшін қажетті жұмыстар жүргізіліп отырған. Жарты жылдық бойынша үлгілік бағдарламада ұсынылған білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелер мониторинг жүргізуге арналған индикаторлар болып табылады. Тәрбиешілер білім беру салалары бойынша бағдарламалық материалды игеру сапасын арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Диагностика нәтижелері ұсынылады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетінатқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативттік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) МДТО үлгілік оқу бағдарламаларының 1-параграфының 6-тармағына сәйкес толық қамтылған.

6) «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері,сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі).

Талдау нәтижелері: талдауға ұсынылған құжаттар, әрбір оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарлары (2023-2024, 2024-2025, 2025-2026) оқу жылының басында білім беру ұйымының басшысымен бекітілген және аудандық білім бөлімімен келісілген, облыстық білім басқармасымен бекітілген. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің торлары жұмыс оқу жоспары бойынша құрастырылады. Циклограммалар әр аптаға құрастырылады, бекітілген тоғысқан тақырыптарға сәйкес келеді. Мемлекеттік білім беру стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді.

7) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторингі) болуы. Мектепалды даярлық бойынша 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары «Балапан» тобы, «Балдырған» тобы, «Күншуақ» кіші орталық тобы, мектепалды «А», мектепалды «Б» сынып оқушыларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері.

2023-2024 жылының бастапқы үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру бойынша «Балапан» тобындағы балалардың дағдылары мен біліктерін дамуының индикатор жүйесі талапқа сай жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында «Балапан» кіші тобы тәрбиеленушілерін «Физикалық дамыту дағдысы», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын дамыту», «Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бес дағды бойынша диагностика жүргізілді. Диагностикаға «Балапан» кіші тобының 25 бала , барлығы – 25 бала қатысты. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең-кезеңімен жасалды.

Балалардың біліктері мен дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша
«Балапан» кіші тобы
2023-2024 оқу жылы

р/с	Топ атауы	Бала Саны	Физикалық			Коммуникация			Таным			Шығармашылық			Әлеуметтік		
1	«Бал-апан»	25	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
			2	21	2	5	17	3	5	18	2	6	14	5	5	8	12
			11 %	78 %	11 %	18 %	76 %	6 %	22 %	70 %	8 %	21 %	60 %	19 %	21 %	25 %	44 %

2023-2024 оқу жылының бастапқы үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру

Бойынша «Балапан» тобы балалардың дағдылары мен біліктерін дамуын қадағалау индикатор жүйесі талапқа сай жүргізілді.

Қорытындысы бойынша: физикалық дамыту дағдысы бойынша 11% I деңгей, 78% II деңгей, 11% III деңгей, коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша 18% I деңгей, 76% II деңгей, 6% III деңгей, танымдық дағдыларды дамыту бойынша 22% I деңгей, 70% II деңгей, 8% III деңгей, шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша 21% I деңгей, 60% II деңгей, 19% III деңгей, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша 21% I деңгей, 25% II деңгей, 44% III деңгей көрсетті. Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелерін қорытындылай келе, 5 дағды бойынша бала II деңгей, яғни, бастапқы мониторингте жақсы нәтиже көрсеткен балалар санының басым екенін көруге болады. Диагностика қорытындысы нәтижесінде әр балалардың жеке дамуын ескере отырып, әрекет барысында жеке дифференциалды жұмыс түрлерін жоспарланды.

Іс-әрекет барысында үнемі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру; Ойын технологиясын және 4К модулін әр кезде кеңінен қолдану; балалардың алуан түрлі материалдардың белгілері мен қасиеттері және қолданылуы арасындағы байланысты орнатуға бағытталған жұмыстарды үнемі жүргізу деген ұсыныс берілді. 2023-2024 оқу жылында «Балапан» тобының тәрбиеленушілерінен «Физикалық дамыту дағдысы», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бес дағды бойынша диагностика жүргізілді. 25 бала қатысты. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау Excel түрінде кезең-кезеңімен жасалды.

«Балапан тобы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша аралық мониторингісі

«Балапан» тобы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша аралық мониторинг нәтижелері

р/с	Топ атауы	Бала Саны	Физикалық			Коммуникация			Таным			Шығарма-шылық			Әлеуметтік		
1	«Балапан»	25	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
			10	13	2	2	14	9	4	15	4	2	17	6	2	14	9
			10%	50%	40%	8 %	56 %	36 %	22%	61%	17 %	8 %	68%	24 %	7 %	56%	37%

2023-2024 оқу жылының аралық Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру бойынша «Балапан» тобындағы балалардың дағдылары мен біліктерін дамуын қадағалау индикатор жүйесі талапқа сай жүргізілді. Қорытындысы Физикалық дамыту дағдысы бойынша 10% I деңгей, 50% II деңгей, 40% III деңгей, коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша 8% I деңгей, 56% II деңгей, 36% III деңгей, танымдық дағдыларды дамыту бойынша 22% I деңгей, 61% II деңгей, 17% III деңгей, шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша 8% I деңгей, 68% II деңгей, 24% III деңгей, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша 7% I деңгей, 56% II деңгей, 37 % III деңгей көрсетті. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелерін қорытындылай келе, 5 дағды бойынша аралық мониторингте I деңгей, I деңгей төмен , ал III деңгей жоғары нәтиже көрсеткен санының басым екенін көруге болады. Диагностика қорытындысы нәтижесінде әр баланың жеке дамуын ескере отырып, іс-әрекет барысында жеке дифференциалды жұмыс түрлерін жоспарланды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында үнемі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру; Ойын технологиясын әр сабақта кеңінен қолдану; Тәрбиеленушілердің алуан түрлі материалдардың белгілері мен қасиеттері және қолданылуы арасындағы байланысты орнатуға бағытталған жұмыстарды үнемі жүргізу деген ұсыныс берілді. 2023-2024 оқу жылында «Балапан» тобы тәрбиеленушілерінен «Физикалық дамыту дағдысы», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бес дағды бойынша диагностика жүргізілді.

Диагностикаға 25 бала қатысты. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы Excel түрінде кезең-кезеңімен жасалды.

«Балапан» тобы тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері

р/с	Топ Атауы	Бала саны	Физикалық			Коммуникация			Таным			Шығарма-шылық			Әлеуметтік		
1	«Балапан»	25	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
			5	10	11	6	12	8	8	13	4	4	15	6	4	13	8
			18 %	40 %	42 %	24 %	48 %	32 %	32 %	52 %	16 %	16 %	60 %	24 %	14 %	53 %	33 %

9-қараша күні "Бала құқығы- адам құқығы" атты онкүндіктің аясында тарих пәнінің мұғалімі Г.О.Самарханованың ұйымдастыруымен 9-сыныптар арасында "Мен және менің құқығым" атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Балалардың бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/Czbkisnt7oq/?igsh=NmU0NmN5dmlhYmlj
"Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" онкүндік жоспары аясында мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушыларымен "Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын" тренинг-жаттығуы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/Czl5S0dNbU0/?igsh=MTJqMW00czhqdWIxbA
13-қараша күні "Бала құқығы- адам құқығы" атты онкүндіктің аясында тарих пәні мұғалімі Г.О.Самарханова және алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Г.М.Кушербаеваның ұйымдастыруымен 9 "А" және 9 "Б" сыныптар арасында "Құқықтық сауаттылық " атты квест ойыны өткізілді.
Мақсаты: Балалардың бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/Czl8OoJtAWo/?igsh=MXYzNTZlNnMwcXIzag
«Бала құқығы-адам құқығы» атты онкүндік жоспары аясында 1-4 сынып оқушыларымен «Бала құқығы-адам құқығы» атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/CznDs-vRdZ5/?igsh=MTd3M3M2MWt5bzcyYQ
Оқу-тәрбие жоспары аясында 9-сынып оқушыларының қатысуымен еңбегі адал жасөрен жобасы шеңберінде "Оян, ар мен адалдық" атты танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: халыққа әділетті, қоғамға тең қарайтын ұрпақ, парасатты азаматтар тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/CzoNjpNtiNo/?igsh=MXdreWUzaXk3ZGdvaQ
Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру аясында жасөспірімдердің арасында синтетикалық есірткінің зияны мен нашақорлықтың зардаптары туралы 9-11 сынып оқушыларымен дәріс сабағы өткізілді. Дәріс сабағына құқық пәні мұғалімі Л.Т.Толеугазинова және алғашқы әскери техникалық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Г.М.Кушербаева қатысып, әңгіме жүргізді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CzqGVKHtQMq/?igsh=MzAzY2pqZzVzcXpu
2023-ші жылдың қараша айының 15 күні Шар ст.бастығы Б.Байсаринов және Шар ст. ЖПб ППТ-ның полицейі полиция кіші сержанты Байгапанов С.Б. Абай облысы Жарма ауданы Шар қаласында орналасқан «Абай атындағы мектеп- балабақша кешені» КММ де 5-11 сынып оқушыларымен "Теміржол қауіпсіздігі " тақырыбында кездесу өткізді.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/CzqLbC2tpZ4/?igsh=MWR5M3o1emg1NHFkNA
15-қараша - Ұлттық валюта күніне орай мектеп кітапханашысы Қамар Қапуқызының ұйымдастыруымен «Ұлттық валюта теңге» атты танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен

тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/Czqha-qNoDo/?igsh=MXNha3hmaTQ0dXl1cg
15-қараша Ұлттық валюта күніне орай мектеп тәлімгері Ж.Е. Аубакирова және тарих пәні мұғалімі Л.Т.Толеугазинованың ұйымдастыруымен оқушыларға Ұлттық валютаның пайда болуы, безендірілуі, теңгенің айналымға енгізілу қажеттілігі туралы кеңірек тарихын насихаттау және қаржылық сауаттылықтарын арттыру мақсатында танымдық сағат өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/CzsY8PkqZbh/?igsh=Y3V3YnBrbWIxcG9j
Оқу жылының басынан мектебімізде тегін ыстық тамақты ұйымдасыру бойынша нормативтік құжаттардың жүргізілуі, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы, қоңырау кезінде оқушылардың асханада тамақ ішу кестесі және мектеп мұғалімдерінен кезекшілік құрылған, күнделікті мектеп директорының тарбие ісі жөніндегі орынбасары К.С.Жумукбаева қадағалауда.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/CzsRnNjqz7o/?igsh=MThiaW15NDc0Mm8wZQ
16-қараша күні мектеп кітапханашысы Қамар Қапуқызының ұйымдастыруымен Алаш қозғалысының қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист, абайтанушы Ыдырыс Мұстанбаевтың 125 жыл толуына орай 11-сынып оқушыларының қатысуымен танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: білім алушыларды жерлесіміз Ыдырыс Мұстанбаевтың еңбек жолымен таныстыру.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/CztFIAXN07W/?igsh=MW10aHBwdHZlcHA5NA
17-қараша күні «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік жоспары аясында мектеп тәлімгері Ж.Е. Аубакирова және алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Г.М. Кушербаеваның ұйымдастыруымен зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеп, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында дөңгелек үстел өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/Czv7fzjtNKq/?igsh=dGNtbXVzemkyMmp5
17-қараша күні «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында мектеп тәлімгері Ж.Е. Аубакированың ұйымдастыруымен 2-4 сынып оқушылары арасында балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жағдай жасау, сурет салу арқылы өз сезімдерін білдіруге қызығушылықтарын арттыру мақсатында "Әлем балалар көзімен" тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/CzwNoBWNrpP/?igsh=Z3pwendyenRwemhq
16-қараша күні "Бала құқығы- адам құқығы" атты онкүндіктің аясында тарих пәні мұғалімдері Г.О.Самарханова мен Л.Т.Толеугазинованың ұйымдастыруымен 10-сыныптар арасында "Заңды білу- заман талабы" атты дебат өткізілді. Дебат барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, әр адам өзін қорғау үшін өз құқығын жақсы білу керектігін жеткізді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/CzygU38NKif/?igsh=MWcwdGRwYjY4d29xaw
17-қараша күні "Бала құқығы- адам құқығы" атты онкүндіктің жабылуы өтті.
Мақсаты: Балалардың құқықтық білімдерін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру, ой-өрісін дамыту
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/Czygmdit82l/?igsh=MWpqeHVocnIyMzkxaw

Оқу-тәрбие жоспарына сай, қараша - ПОЭЗИЯ айына байланысты 6-10 сыныптар арасында мектепішілік "Жас Сарбаз" қозғалысының тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі өткізілді. Мақсаты: Өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезім қалыптастырып, аталарымыздың ерлігін насихаттау, Отанға деген құрметті күшейту, өнерлі оқушыларды анықтап, сахна өнеріне баулу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/Cz4FGHxtqn6/?igsh=M2hieGFuZ291dzVz
Нашақорлықтың алдын алудың ең қарапайым, тиімді және қолжетімді профилактикалық әдісі оқушылармен белсенді түсіндіру жұмысы болып табылады. Осыған орай мектебімізде
«Синтетикалық есірткіні қолданудың салдары» тақырыбы бойынша 5-11 сынып оқушыларымен түсіндіру жұмысы жүргізілді. Әңгіме барысында мектеп ұстаздары синтетикалық есірткінің зияны туралы, есірткі қабылдаудың салдары, олардың ағзаға әсері, жеке қауіпсіздік пен денсаулықты сақтаудың негізгі ережелері туралы және есірткіні сақтау мен тарату жауапкершілігі туралы ақпарат берді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/Cz8--fhNuN1/?igsh=MTF5eWxid2F5dGNxaw
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебіміздің кітапханашысы Қамар Қапуқызы 6,8 сынып оқушыларынан «Менің өмірдегі кітаптың алатын орны» тақырыбында сауалнама алды. Бұл сауалнаманың мақсаты: кітаптың бала өмірі мен дамуындағы орны мен маңызын анықтау, үйде оқуды ұйымдастыру туралы түсінік алу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C0BJc8KttkQ/?igsh=MTk0cjR5eHdra3lmYg
23 қараша күні балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен жалпы жиналыс өтті. Күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:
1. Балабақшадағы 1 күн;
2. Қызылша ауруының алдын алу, екпенің маңыздылығы;
3. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі;
4. Мемлекеттік қызмет көрсету;
5. Ата-аналар комитетін сайлау.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Балдырған» тобының тәрбиешісі Г.С.Баймухышова тәрбиеленушілердің балабақшадағы күндері қалай өтетінін таныстырылым арқылы көрсетіп, ата-аналарға жеткізді. Шар қалалық ауруханасының «Салауатты өмір салты» кабинетінің дәрігері М.Н.Кабдрахманов қызылшаның алғашқы белгілері, инкубациялық мерзімі неше күн, жалпы қызылша ауруы жайлы, оның асқынуларының салдарын егжей-тегжейлі айтып өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C0Bxr1wNUwN/?igsh=MWEyYzl2aWcxbzIyZA
"Төрт тоқсан-төрт өнер" Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында мектебімізде «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы дәстүр бойынша өз жалғасын тапты. 23-қараша күні мектеп спортзалында баскетбол, волейбол, футбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату спорттық ойындарынан жарыс өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C0DdfqgKg_I/?igsh=MXVpejJqNTRsaG04Yw
27-қараша күні кешенді тәрбие жоспары аясында «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге үйрету. Ата - ана және бала қарым - қатынасын өзара байланысын қалыптастыру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C0KArZXtpx_/?igsh=OHg3cmhhZHRyMWds
Мектебімізде әжелер мектебінің жоспары негізінде түрлі іс-шаралар өткізіліп келеді. Айталық, «Ақ орамал – әжелер ажары», «Кимешек», «Келінің келісті болса»,

«Енесі жақсының уығы алтын». 28-қараша күні әжелеріміздің бастамасымен қазақ халқының ең маңызды ғұрыптарының бірі – тұсау кесу салты өткізілді. Уақыт өте келе тұсаукесер рәсімі жаңара бастады. Қазір ақ матаның үстінде тәй-тәй басқан баланың алдында қолын жайып анасы емес, бала таңдап алуға тиісті бірнеше зат қойылады. Оның қатарында ақша, қамшы, кітап секілді заттар бар. Бала ақшаны таңдаса – бай, қамшыны таңдаса – ел тізгінін ұстайтын азамат, ал кітапты таңдаса данышпан болады деп ырымдайды.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C0Mnametd6V/?igsh=MXhhOHlrY3JzaTRmcQ
Еліміз бойынша зорлық-зомбылықты түп-тамырымен жою мақсатында мектебімізде «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» атты республикалық акция бастау алды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C0UN_iGtU4H/?igsh=a2c1ZW8xMWVheWt5
4-желтоқсан күні кешенді тәрбие жоспары аясында 1-4 сыныптарға «Әдептілік - тәрбие бастауы» және 5-11 сыныптарға «Тарих пен тіл тамырлас» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: - Адам бойындағы ұнамды және ұнамсыз қылықтарды ажырата білу, әдеп, әдептілік туралы түсініктерін кеңейту.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C0bzQUltI5m/?igsh=dzg3OG43djhsbnY4
5-желтоқсан - экономикалық және әлеуметтік даму аясындағы Еріктілер күніне орай, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясындағы 2023-2024 оқу жылының кешенді жоспарына сәйкес мектебіміздің 9-11 сынып білім алушылары «Біргеміз!» атты үш тілде бейнежазба түсірді.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C0eQYSNNC93/?igsh=MXh3M2hsMzdhbGd0eg
5-желтоқсан Еріктілер күніне орай мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызы “Біз біргеміз!” атты психологиялық тренингін өткізді. Мақсаты: балаларды бір-бірімен байланыс орнатуға үйрету, мейірімділікке, жауапкершіліке, сезімталдыққа тәрбиелеу. “Дос”, “достық” адамгершілік құндылықтарының мәнін ашу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C0ecZRVthUb/?igsh=MWFzb3V3dGlpcjd0Yg
7-желтоқсан күні Жеңгелер мектебі мүшелерінің қатысуымен «Қыз-қылығымен көркем» атты танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: Жеңге мен қайын сіңілі арасындағы өзара сыйластықты, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, жеңге мен қыз арасындағы тәрбиені одан әрі дамыту.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C0jWtNxtzTt/?igsh=MXRhbWhxYXcyanF5cA
Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында мектебімізде "Әжелер мектебі" жоспарына сәйкес «Бесік жыры - бар тәлімнің бастауы» атты танымдық сағаты өткізілді. Әжелер мектебінде қыздарға тәлім-тәрбие беріп, білім ордасында тұлға болып қалыптасып, бүгінгі қазақ аруы, ертеңгі жар, аяулы ана, ардақты әже атануда ең алдымен тәлім мен тәрбие қажет деп есептейді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C0jkASTN8n7/?igsh=ZGZsMmpyb2FodGs0
8-желтоқсан күні мектеп тәлімгері Ж.Е.Аубакированың ұйымдастыруымен "Электрондық темекінің қаупі" тақырыбында оқушылардың зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын сақтауға, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлұмат беру мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен танымдық сабақ өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C0lw5vjN88c/?igsh=ZDloaHozOW96cmM0

4-10 желтоқсан аралығында мектепте «Компьютер ғылымдарының апталығы» шеңберінде «Қазақстанда код сағаты» акциясы өтті. Акция оқушылардың информатика пәні мен программалауды үйренуге деген қызығушылығын қалыптастыруға және қолдауға бағытталған. Іс-шараны информатика мұғалімі Бердібекова Мөлдір Күнтуғанқызы өткізді.Сабақ 5-11 сыныптар аралығында өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C0l1bF0NOAy/?igsh=Mng0cmdidjgwMXBr
Мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен «Көңілді үзіліс» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың сыйластығын, бір-біріне деген қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C0mL6v9NjoK/?igsh=MWk4bGU0NmlocDdnaw
11 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне орай 1-11 сынып оқушыларымен «Ұлттық рух- тәуелсіздік тарихы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата - бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға - апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Елін, жерін сүюге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C0t9W7PNxI2/?igsh=djdhenA0d2tua2g0
информатика пәнінің мұғалімі Бердібекова Мөлдір Күнтуғанқызының ұйымдастыруымен "Ұрпақ болашағы-ұстаздан", "Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас" тақырыбымен тәжірибелі ұстаздар мен жас ұстаздар арасында кездесу өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C01pchRtp8u/?igsh=MWpybGRyZHg5dTF0dQ
Мектебіміздің психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен 14 желтоқсан күні мектеп ұстаздарымен «Көтеріңкі көңіл-күй-жан шуағы» атты психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: позитивті көңіл-күй орнату, жағымды атмосфера құру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C03okvwtD2Q/?igsh=MW4yb2gzYWE4bGNvdQ
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталығы» аясында мектебімізде қыздар мен аналарының қатысуымен «Бұрымды қыз» атты танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: Шаш күтімі туралы кеңес беру.Халқымыздың ұлттық қыз,келіншектердің шашына тағатын сәндік бұйымдары туралы түсініктерін кеңейту.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C08iBtkNr3y/?igsh=MTlxZ245YjllZDB3Yw
"Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында білім алушыларға өзі тұратын қаладағы табысты еңбек азаматтарымен кездесу мақсатында және жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру мақсатында математика пәні мұғалімі Ж.Т.Самыжан мен тәрбиеші З.Б.Байжиенованың ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларымен қаламыздағы “ҚАМҚОР ЛОКОМОТИВ" ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ "ШАР ЛОКОМОТИВ ЖӨНДЕУ ДЕПОСЫ" ФИЛИАЛЫ кадр бөлімшесі меңгерушісі Канафиянов Турысбек Құдайбергеновичпен кездесу өткізіліп, экскурсия жасады.
Сілтеме:https://www.instagram.com/reel/C1ExlLqNr6s/?igsh=MXE3eHY5bmNzaHFwMw
Мектебіміздің кітапханашысы Қамар Қапуқызының ұйымдастыруымен 3-сынып оқушыларымен «Үнемі оқитын табысты адам» атты әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында кітаптың шығу тарихы жайлы ақпарат, мақал-мәтелдер айтылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C1FbxJ4tBsE/?igsh=emt3M3JmbXFpeGpn
Мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен 6-сынып білім алушыларымен «Көңіл-күй жаттығулары» атты психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттырып, есте сақтау қабілетін дамыту, қиялдарын жетілдіру.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C1Hwtz4t1QF/?igsh=OWI0cGk3dTY1b2Fj
26 желтоқсан күні мектебімізде кіші орталық, мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері мен 1-сынып оқушыларымен «Жаңа жылға саяхат» атты мерекелік шыршасы өткізілді. Жаңа жылдық шырша жаңа костюмдер киген (қоян, жүрек, аю, балапан, айдahар) кейіпкерлермен ерекшеленді. Шыршаға кішкентай бүлдіршіндеріміз жоғары деңгейде дайындалып, мерекелік киім, ән, би, тақпақтарын дайындады. Аяз ата мен Ақшақар кішкентай бүлдіршіндерге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Мереке соңында мектеп директоры М.Е. Бейсембаева өз құттықтау сөзін айтып, санаулы уақытта табалдырықтан аттағалы тұрған жаңа жылмен құттықтап өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C1XO-m5NDcV/?igsh=MWh3amNwODhyamRhdg
2-4 сынып оқушыларымен «Жаңа жылға саяхат» атты мерекелік шыршасы өткізілді. Жаңа жылдық шырша жаңа костюмдер киген (қоян, жүрек, аю, балапан, айдahар) кейіпкерлермен ерекшеленді. Жаңа жылдың көркі Аяз ата мен Ақшақардың келуі балалардың көңілін қуанышқа бөлеп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Балалар әсем шамдар жағылған шыршаны айналып би билеп, ән шырқап, өлең оқыды.
Мереке соңында мектеп директоры М.Е. Бейсембаева өз құттықтау сөзін айтып, санаулы уақытта табалдырықтан аттағалы тұрған жаңа жылмен құттықтап өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C1bn9adNJkU/?igsh=MTBpZzByd3EyY2czOQ
5-7 сынып оқушыларымен «Жаңа жыл, жаңа думан» атты мерекелік шыршасы өткізілді. Жаңа жылдық шырша жаңа костюмдер киген (қоян, жүрек, аю, балапан, айдahар) кейіпкерлермен ерекшеленді. Жаңа жылдың көркі Аяз ата мен Ақшақардың келуі, олардың дайындаған ойындары балаларды жаңа жылдық қуанышқа бөледі. Балалар әсем шамдар жағылған шыршаны айналып би билеп, ән шырқады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C1bq-ibtk81/?igsh=MWh2amhmc21zMHF1bA
Мектебімізде дәстүрге айналған «Бүлдіршінге тәтті (кулёк) сыйла» акциясы биылғы жылы да жалғасын тапты. Көпбалалы, аз қамтылған және денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушыларға жаңа жыл қарсаңында демеушілер тарапынан тәттілер берілді.
«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын»,-дегендей Қамқор Локомотив депосының басшысы Ж.Р. Бисеновқа, Шар қаласы Халық банк басшысы Динара Шахимуратовнаға, 1999 жылғы түлек Каликенов Алемге, 2007жылғы түлек Тұрлыханов Берікханға, 2003 жылғы түлектерге, 2010жылғы түлектерге игі іске атсалысып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлағандары үшін алғыс білдіреміз!!! Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C1bss5mN4Kv/?igsh=MW1oZHZ2OTBxbWQ2Mg
11-сыныптың ұйымдастыруымен «Ғажайып Жаңа Жыл» атты мерекелік балл кеші өтті. Кеш барысында 8-11 сынып оқушылары әсем әуен шырқап, би билеп өз өнерлерін ортаға салды. 11-сынып оқушылары көптеген қызықты ойындар ойнатып барлық қатысушыларғп жаңа жылдық көңіл-күй сыйлады. Кеш соңында мектеп директоры Бейсембаева Меруерт Ертаевна оқушыларды жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Мектеп түлегі, қазіргі таңда жас кәсіпкер Бехтеолов Амирды ортаға алып, құттықтап, мақтау қағазымен марапаттады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C1cnjLPNnQr/?igsh=MWhzN3ZlaDFyeTYzbA
Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында қысқы каникул кезіне ұйымдастырылған іс-шаралар жоспарына сәйкес ғылыми жоба жұмыстары туралы ақпараттық-танымдық сабақ ұйымдастырылып, құрылған жоспар негізінде оқушылардың ғылыми ізденіс жұмыстарына нұсқаулық берілді.

Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C1o3Bd-t8us/?img_index=1&igsh=MjBuNGFrZ3BxbXBh
«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы негізінде 2024 жылдың 03 қаңтарында білім алушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайту, қысқы демалыс уақытын тиімді өткізу мақсатында «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» атты спорттық ойындары өткізілді. Аталған спорттық ойындарға 7-9 сынып оқушылары белсене қатысты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C1rBuNlNCP7/?img_index=1&igsh=MW1rd3BoMG9kOGdjcQ==
қаңтар айының 04 күні үйірме жетекшілерінің отырысы өткізілді. Отырыс барысында I жартыжылдық бойынша өткізілген үйірме жұмысының есебі тыңдалды. Үйірме жетекшілері өздерінің өткізген іс-шараларының қызықты сәттерімен бөлісті. Отырыс соңында әр жетекші II жартыжылдықта өткізілетін іс-шаралардың мазмұнымен таныстырды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C1uGzD5NmrN/?igsh=MnJ3cGV4aXo3NGx1
«Оқуға құштар» жобасын іске асыру үшін қысқы демалыс кезінде оқушылар арасында балаларды қыс мезгілінде көлемді шығармаларды еркін оқуға қызықтыру, кітаппен қарым-қатынасын арттыу мақсатында қаңтар айының 04 күні "Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз" атты мектеп кітапханашысы Қамар Қапуқызының ұйымдастыруымен іс-шаралар өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C1uL7vZNbq3/?igsh=MXI5c3VpZHo3YmZnaA
2024 жылдың 08 қаңтарында мектебімізде 1-11 сынып оқушыларымен «Туған өлке ақындарының шығармалары» атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Туған өлке ақындарының шығармаларын балаларға насихаттау; Кітап оқуды әдетке айналдыру; Өлең жолдарын мәнерлеп оқуға үйрету. Тәрбие сағатында ұстаздар жерлес ақын Саят Қамшыгер поэзиясы жайында сөз қозғаса, оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп, жатқа айтты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C13OBTviDlk/?igsh=bWNyaGJuaTQ5cjVi
Абай облысының білім басқармасы мен Абай облысының ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Департаментінің кешенді жоспарына Жалпы білім беретін ұйымдардың және мамандандырылған мектептердің 7-10 сынып оқушылары арасында «Біз жемқорлыққа қарсымыз» облыстық бейнеролик конкурсын өткізді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C14nhq-NR-k/?igsh=MWVud2F3ODZhMTlpbA
2024-ші жылдың қаңтар айының 08-12 аралығында өтіп жатқан "Көліктегі Қауіпсіздік" жедел профилактика іс-шарасына орай Шар ст. ЖПб-нің бастығының міндетін атқарушы полиция аға лейтенанты Д.Т Бекбулатов Абай облысы Шар қаласында орналасқан "Абай атындағы орта мектебінің" оқушылармен кездесу өткізді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C1828rIN9MK/?igsh=bDJtcG4zdzY1MGxw
12 қаңтар күні «Парасаттылық туралы» іс-шарасы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды адамгершілік қасиеттерге баулу, оны күнделікті өмірде қолдана білуге, әдетке айналдыруға тәрбиелеу. Парасатты болуға шақыру.
Іс-шара 3«А», 3»Б», 6«Б» сыныптары арасында өткізілді.
Іс-шара өту барысында ұстаздар қолданған стратегиялар: пікірталас, топпен жұмыс, әңгіме, ойын «Мен және айна», «Құпия сурет». Оқушыларға өткізген іс-шараның тақырыбы қызықты және бүгінгі күнге өзекті тақырып деп санаймыз.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C1_5PvrNnZB/?igsh=MTFneWpsYmpyOWRkNw
«Оқуға құштар» жобасы аясында 2А сынып білім алушыларымен «Мен оқыған бір ертегі» атты ертегі оқу сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға , оның

ішінде ертегілерді оқуға шақыру. Ертегілер арқылы жалпы дамуға, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, маңызын ашу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2Beh0ji-Tb/?igsh=MWhkcDQ0ZGpsbjE3Zg
Мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу» атты психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: Адамгершілік ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2KLh1Ytlus/?igsh=Zzl6czYzYjJ0MXEw
Мектебімізде мектеп тәлімгері және Мектеп Парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен жоғары кәсіптік оқу орындарының студенттерін кездесуге шақыра отырып, оқушыларға мамандық таңдау және оның өмірде алатын орны, маңызы туралы ой қалыптастыру, 10-11 сынып оқушыларының жетістікке жету жолдары туралы білімдерін кеңейту, әртүрлі мамандық түрлері, оқу орындары туралы мағлұмат беру мақсатында "Мен таңдаған мамандық" тақырыбында студенттермен кездесу кеші ұйымдастырылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2O7E9itx9F/?igsh=MWhra3ExNHhlZXZqcA
Жарма ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес, Абай атындағы мектеп-балабақша кешенінде білім беру, қосымша білім беру мекемелері басшыларына, мектепке дейінгі ұйым меңгерушілеріне арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары» семинары өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2PpUcbvyhJ/?igsh=MWdjeGlqb3dycW82ZA
2024 жылдың қаңтар айының 22 күні мектебімізде 1-11 сынып білім алушыларымен «Салауатты өмір салтын қалыптастыруда спорттың рөлі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың салауатты өмір туралы ұғымдарын кеңейту. Оқушылар бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2bKTi1iGAz/?igsh=YWY3MnhxbGhxNm9p
Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Даналық мектеп клубы» мектебімізде қыркүйек айынан бастап жоспарға сай қарқынды жұмыс атқаруда. Жоспар негізінде «Отбасы - тәрбие бастауы» тақырыбында жағдаяттық бейнежазба түсірілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2csXUftwVa/?igsh=cWR3dmN2d2E3NW5k
2024 жылдың қаңтар айының 26 күні мектебімізде «Бала тәрбиесі - ортақ мәселе» атты жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.
Күн тәртібіндегі мәселелер:
1. Мектептің ішкі тәртібі, балалар қауіпсіздігі;
2. II тоқсанның қорытындысы;
3. Құқық-бұзушылықтың алдын алу;
4. Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллинг), кибербуллингке жол бермеу шаралары.
5. «Бала тәрбиесі - ортақ мәселе» ата-аналармен іс-шара.
Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Бейсембаева Меруерт Ертаевна сөз алды. Өз баяндамасында мектептің ішкі тәртібі, балалар қауіпсіздігі жайында түсіндірме жұмысын жүргізді. Күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша әр сынып жетекші жеке ата-аналармен жұмыс жүргізді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2oyxM8tFwX/?igsh=Mmp3MXBlc3JhcGVi
«Төрт тоқсан - төрт өнер» Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында мектебімізде Ұлттық мектеп лигасы жобасы дәстүр бойынша өз жалғасын тапты. Мектеп спортзалында 5-сынып оқушыларымен қазақтың ұлттық ойындары: арқан тартыс, асық ату - бес асықтан жарыс өткізілді.

Ұлттық мектеп лигасы жарыстарының негізгі мақсаты – балалар арасында қазақтың ұлттық ойындарын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, жас ұрпақтың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2pNxmjt68B/?igsh=MXJueWh3Znk2NjQzMg
2024 жылдың қаңтар айының 29 күні 1-4 сынып оқушыларымен «Ар-ұят және жауапкершілік», 5-11 сынып білім алушыларымен «Біздің қоғамдағы әділеттілік» атты сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: балаларға әділеттілік және әділдік туралы түсінік беру, осы қасиеттерді күнделікті өмірде қолдануға үйрету.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2sC4bXN2_v/?igsh=enA0ZXhsMXRyeXU0
2024 жылғы 29 қаңтарында "ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА" тұжырымдамасы шеңберінде математика пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 10-11 сынып білім алушыларымен "Қазақ есебі" атты челленджі өткізілді. Іс-шараның мақсаты: математикалық есептерді шешуде оқушылардың зияткерлік қабілеттерін, шығармашылық және сыни ойлауын дамыту; оқушылардың математикаға деген қызығушылығын ояту; математикалық білімнің өмірмен байланысын көрсету.
Асқар Жұмаділдаевтын өмірбаянымен танысып, математикалық тапсырмалар орындау барысында балалардың қызығушылығын тудырды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2sMzLJNsi6/?igsh=MWQ3aml6bzhmYTViMQ
Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да, туған үйдің жылуы әр адамның есінде жүретіні анық.
2024 жылдың қаңтар айының 30 күні 1-8 сынып оқушыларының отбасыларының қатысуымен «Отбасылық таланттар» сайысы өткізілді. Мақсаты: Отбасы — тәрбиенің бастауы, бала өміріндегі маңызды – өнеге баспалдағы екендігін ескере отырып, отбасыдағы өнегелі тәлім-тәрбие арқылы бала бойында адамгершілік, сыйластық, ата-анаға, қоршаған ортаға, қоғамға деген сүйіспеншіліктерін, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері, тәрбие тәсіл, тәжірибелері арқылы сіңіру, тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2wB0SgidGy/?igsh=Y254OTNxc2g0d3o
Мектебімізде «Досбол LIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясы басталды. Шығармашылық ынтымақтастық негізінде білім алушылардың, педагогтердің және ата-аналардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті қарым-қатынас құруды жетілдіру мақсатында «Досбол LIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясының ашылуында мектебіміздің тәлімгері Аубакирова Ж.Е. ұйымдастыруымен мектеп парламенті мүшелері оқушыларды, ұстаздарды мектеп дәлізінен қарсы алып, амандасу тренинг-жаттығуын жасатты. Тренинг-жаттығудан кейін 7-11 сынып оқушылары және ұстаздар достық тақтасына өзінің досымен түскен фотосуретін ілсе, 1-6 сынып оқушылары достық тақырыбында салған суреттерін орналастырды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2xSaPEtBf4/?igsh=OGkwcGQzemFqaWwy
Абай облысының білім басқармасы "Қазақстан теміржолы" Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы және "Семей" магистральдық желі филиалының 2023 жылғы 9 қаңтардағы нөмір 15 хатына сәйкес жаяу жүргіншілердің денсаулығымен өмір қауіпсіздігін сақтау және жазатайым оқиғалардың алдын-алу мақсатында оқушыларға бейнежазба көрсетілді. Оқушылар бейнежазбадан теміржолда қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін сақтау, теміржолдардан тек арнайы белгіленген орындардан кесіп өту үшін арнайы жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелдерімен жүруін және теміржол өте қауіпті аймақ болып табылатындығы туралы толыққанды ақпарат берілді.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C21ONfBiwUv/?img_index=1&igsh=c2QyZGwxZ3Exc2gw

2024 жылдың 02 ақпанында мектебімізде «Үлкендер жолы - ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып!» атты ардагер ұстаздарға ілтипат білдіру кеші өткізілді. Мақсаты: мектеп тарихымен, зейнеткер ұстаздардың еңбек жолымен таныстыра отырып, олар туралы мол мағлұмат беру, оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету. Ұстаз мамандығының қырымен сырларын түсіндіру, ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C27EHv6t6Rg/?igsh=MWhoMjJqeDk3NGU5dQ
Қаңтар айының 22 жұлдызында мектебімізде 8-сыныптар арасында "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында "Қалдықтарды табысқа айналдырайық" тақырыбымен танымдық сабақ өткізілді. Іс-шара барысында күнделікті тұрмыста аса мән бере қоймайтын қатты тұрмыстық қалдықтарды ұтымды жолдармен жою және оларды қайта пайдалану мүмкіндігі туралы мәселе қозғалып, оқушылар атмосфераға зиянды қалдықтардың тасталуын азайту мен қоршаған ортаны сақтау жолдарын ұсынды.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C27eeuxtnwE/?img_index=1&igsh=MXU2ZXRldThwajlzZA
«Досбол LIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясы аясында мектеп психологы
Айгүл Ерсерікқызының ұйымдастыруымен
3 «А», 3 «Б» сынып оқушыларымен "Біз өмірде достықты бағалаймыз" атты тренинг-жаттығуы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың арасындаға жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлау, оқушылардың арасында достық сезімдерін дамытуға ықпал ету, оқушыларды сыйластыққа, әдептілікке, шынайлыққа, адалдыққа, тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2998dAtAyU/?igsh=cnJ4aTUzYnZseDRv
2024 жылдың 05 ақпанында мектеп психологы Айгүл Ерсерікқызының ұйымдастырумен 11-сынып оқушыларымен “Үміт, сенім бізді алға жетелейді” тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету. Психологиялық тренинг оқушылардың бойына күш-жігер берді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2-AlYdtMKs/?igsh=dHhhNWJuNWdwanps
2024 жылдың 05 ақпанында мектеп кітапханашысы Қамар Қапуқызы және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аружан Серікболқызының ұйымдастыруымен 5-8 сынып оқушыларының қатысуымен Абайдың «Толық адам ілімі» («Балалар кітапханасы» жобасы) атты сыныптан тыс іс-шарасы өткізілді. Мақсаты: Абайдың «Толық адам» ілімін оқыта отырып, оқушы бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2-Nm5VNubO/?igsh=czl5Z3V1MjkzYzRn
Балалар кітапханасы жобасы аясында 2024 жылдың 9 ақпаны күні Қазақтың біртуар ақиық ақыны –Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай мектеп кітапханашысы Қамар Қапуқызы және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Хамитова Ш.Х. ұйымдастыруымен «Мұқағали - мәңгілік ғұмыр» атты мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Мақсаты: ғасыр ақыны Мұқағали Мақатаевтың өрісті ой, өшпес көркем мұрасын, жырларын насихаттау, ақын өлеңдерінің мәңгілік жыр қазына екенін ұғындыру, жас оқырмандарға ұлттық, адамгершілік тәрбие беру, мәнерлеп оқу шеберлігін шыңдау.
6-9 сыныптың шығармашыл оқушылар қауымы Мұқағали Мақатаевтың сарқылмайтын шабыт пен сағынышқа толы жырларын тебірене оқыды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3N4_ZwNO2g/?igsh=ZTZzMTExbTg1ajRm
2024 жылдың 12 ақпанында «Үздік сынып жетекші-2024» облыстық байқауының мектепішілік кезеңі өткізілді.
Мақсаты: жалпы білім беру мекемелеріндегі сынып жетекшілерінің шығармашылық өй-өрісін дамыту, кәсіби деңгейін өсіру, сыныптық ұжымның ата-аналармен

белсенділік жұмыстарын шыңдау, жалпы сынып жетекшісінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Байқау 3 кезеңді қамтыды:

1. «Мен-сынып жетекшісімін» (өзін-өзі таныстыру)
2. «Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап» (сыныптан тыс іс-шара)
3. «Ұшқыр ойдан белсенді әрекетке» (ситуациялық сұрақтар).

Байқау жұмыстарының бағалау өлшемдерінің нәтижесінде «Үздік сынып жетекші-2024» байқауының аудандық кезеңіне 10-сынып жетекшісі Самыжан Жанат Токтарбековна жолдама алды.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3QNQbPtNgZ/?igsh=ZDN3MGd2eGY5ZGhs

2024 жылдың 12 ақпанында Кеңес әскерлері шектелген контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылғанына 35 жыл толуына арналған іс-шаралар жоспары аясында 1-11 сынып оқушыларымен «Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығуына 35 жыл» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: мектеп оқушыларына Ауған соғысы жайлы мәлімет беру, оқушыларды Отанды сүюге, құрметтеуге, Ауған соғысының ардагерлеріне әрдайым құрмет көрсетуге тәрбиелеу, патриоттық құндылықтарын шыңдауға дағдыландыру.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3SuGirNEGf/?igsh=anp0NGkyeWl4bWQ2

Ұлттық құндылықтар - ел болашағы. Мектебімізде 3 «Б» сыныбымен сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Мақсаты: ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, құндылықтар-біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған мұра екенін түсіндіру. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті" дей отырып оқушы, ата-ана бірлесе отырып өткізілді. Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында амандасудан бастап, шаттық шеңберін құрып, ұлттық мүдде, ар- ұят, талап деп үш топқа бөлінді.. Сөз табу әдісімен ұлттық тілімізден құнды сөздерді тапты, оған мағанасын ата аналар түсіндіре білді, сонымен қатар пирамида құру, ұлттық тағам, ойын, киімдерді таныстырды, осыған орай қазақтың ұлттық аспаптарынан оркестр құрып сергіту сәті өтті, барлығы бірлесе отырып ұлттық киімдерді қағаздан ойып таныстырды. Соңында өткізілген іс- шарадан алған әсерлері туралы айтып өтті.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3UJPKAKlTY/?igsh=aXhlNmRvN3V3eThq

Мектебіміздің кіші орталығында ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерімізді насихаттау, адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, балалардың ойлау қабілеттерін,тілдерін және сөздік қорларын дамыту мақсатында кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет өтті. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің алғашқы кезеңінде шаттық шеңбері ұйымдастырылды. Негізгі кезеңде қазақ халқының мақал-мәтелдері жайлы терең мағлұматтар беріліп, ұйымдастырылған іс-әрекеттің шарты таныстырылды. Әрекет барысында "Асық жинау", "Қыз қуу", "Сиқырлы асықтар", "Ұлттық киімдерді, ойындарды, тағамдарды атап өт","Көлеңкесін тап" топтық үстел ойындары ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында Гаухар Садыковна "Екі дос" ертегісін оқып, достық жайлы сөз қозғады, мақал-мәтелдер айтылды. Ата-аналармен топтық тапсырмалар орындалды, ойындар жүргізілді. Ата-аналар қорапта жасырылған затты тауып, сипаттап айтты. Балаларды сергіту мақсатында "Оркестр" сергіту сәті жүргізілді. Іс-шара барлық балалардың және ата-аналардың көңілінен шықты!

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3UKsobtyAU/?igsh=enpnanNzNnpkbzZm

15 ақпан Кеңес әскерлері шектелген контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылғанына 35 жыл толуына орай мектебімізде "Ауғанстан

біздің есімізде” атты 5-11 сынып оқушыларымен Ауған соғысының ардагерлеріне арнап құттықтау бейнежазбасы түсірілді.
Ұйымдастырушы
Әскери жетекші: Г.М. Кушербаева
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3XTF9VNE-M/?igsh=a2UzZnMzeTQxamp1
2024 жылдың 14 ақпанында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектеп кітапханасына ұстаздар мен мектеп түлектері әдеби кітаптар сыйлады.1994 жылы бітірген түлегіміз Ахметов Арман "Абайтану. Таңдамалы еңбектер" көп томдық басылымын сыйлады. Алғысымызды білдіреміз!
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C3ZhqtTNJeg/?img_index=1&igsh=MWNvNDY2czNoeDR3Ng
Кеңес әскерлері шектелген контингентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылғанына 35 жыл атты жұмыс жоспары аясында мектебімізде “Ауғанның от жалыны тақырыбында 1-7 сынып оқушылары макет дайындап, суреттері көрмеге қойылды.
Ұйымдастырушы
Әскери жетекші: Г.М. Кушербаева
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3ZiC61N_zQ/?igsh=MWY2MnlnZnBjZ3B6bw
2024 жылдың 19 ақпанында білім бөлімінің жоспарына сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдар, мектепалды топтар мен сыныптарындағы қыз балаларға арналған және олардың ата – аналарының қатысуымен республикалық «Әжем, анам және мен» байқауының аудандық кезеңі өтті.
Байқаудың мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда «Аналар мектебі», «Әжелер мектебін» ұйымдастыру және қызметін кеңейту бойынша озат тәжірибені жинақтау және тарату.
Байқаудың аудандық кезеңіне білім беру мекемелерінен 31 өтінім қабылданып, жұмыстары бағаланды.
Байқаудың қорытындысы бойынша мектебіміздің 0 «А» сынып тәрбиеленушісі
Қайрат Перизат /5 жас/ II орынды жеңіп алды. Тәрбиешісі Байжиенова Зарина Бекежановна; Құттықтаймыз!
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3mK-dfNNMk/?igsh=N28zd3ByeTA3cHNs
23 ақпан 2024ж күні сағат 11:00-де «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-де сейсмикалық жаттығу өткізілді. Жаттығу барысында мектеп ғимаратындағы дабыл чемоданы қосылып, жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекеттерді пысықтаумен, эвакуациялауды ұйымдастыру кезіндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жүргізілді. Сейсмикалық жаттығуға 37 мұғалім, 29 кіші қызметкер, 22 оқушы қатысты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3rghd4vF_0/?igsh=MTdxMTU1b3UxN3R2OQ
2024 жылдың 23 ақпанында мектебімізде дәстүрге айналған «Би жұлдызы-2024» сайысы өткізілді. Сайыстың басты мақсаты: өз халқының және өзге халықтардың мәдинетін танып білуге бағыттау. Оқушыларды музыка жанрын түсініп білуге баулу, ұлттық өнердің қыр-сырын үйрету, би қозғалыстарымен таныстыра отырып, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Сайысқа мектепалды даярлық сыныбы тәрбиеленушілері және 1-10 сыныптың мың бұралған бишілері қатысты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3ssg2SNS_b/?igsh=c2M5cXkyaGZlOWVh
23 қаңтар күні мектебімізде «Профи TIME» мамандықтар әлемінде тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың мамандық таңдау туралы ойларын кеңейту, нығайту. Мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететіндей, мамандықтар түрлеріне мүдделерін арттыру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C3xmT-Nt6Pt/?igsh=MWxyZWUya2xzb3Q1bw
1 наурыз - Алғыс айту күніне орай 1-11 сынып оқушыларымен сынып сағаттары өткізілді.
Мақсаты: Оқушылардың жанұяға, ата — анаға, үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынастарын дамыту. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір — бірімен үйлесімді қарым — қатынас жасай білуге үйрету.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C32N9OFNvQ0/?igsh=NHcyN2N0YXZlOTV5
Қазақстан Республикасы оқу- ағарту министрлігі әзірлеген “Тоғыз айға 9 іс- шара” тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Абай атындағы мектеп -балабақша кешенінің кітапханасы “Менің сүйікті кітабым” атты кітап көрмесін ұйымдастырып, оқушылармен сүйікті кітаптарын талқылау челленджі ұйымдастырылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C35ZrKNNz1P/?igsh=MTlyODQ5eTJuMDNiYg
Елімізде көктемнің алғашқы күнінде Алғыс айту мерекесі атап өтіледі. Осыған орай, 5-11 сынып оқушылары түрлі сала қызметкерлеріне алғыс айтып, құттықтау бейнежазбасын дайындады. Әр маман иесі бейнежазбаны көре отырып үлкен әсер алатыны сөзсіз. Жақындарымызға жақсылық жасап, бір-бірімізге алғыс айтып жүрейік!
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3-zjhRtDAL/?igsh=NmVsamMxeGZuMGll
1 Наурыз Алғыс айту күніне орай бастауыш сынып оқушылары педагогтар династиясына, үлгерімі жоғары,дарынды оқушылардың ата - аналарына , білім беру жолында еңбек еткен ардагерлермен кездесіп алғыс айту күнінің ерекшелігі туралы сұхбат алынып, алғыстарын білдірді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C3-2rqUNW1K/?igsh=cWo0d3pwbnBzYmg
1 Наурыз- Алғыс айту күніне орай, «Алғыс-сөздің асылы» атты іс-шарасы өткізілді. Егер жүрек таза болса, тілден әдемі сөз шығады демекші оқушылар өздерінің жылы лебіздерін, ақ көңілдерін білдіріп, мектеп ұжымынан алғыс алды. Әрдайым айналадағы адамдарыңызды себепсіз қуантып жүріңіздер!
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4AAGHNtxPf/?igsh=dGI4ZWMxdXZmbm43
Халықаралық әйелдер мерекесі
қарсаңында аудандық Мәдениет
үйінің ұйымдастыруымен "Абысын-
ажын" атты байқау өтті. Негізгі
мақсаты - қазақ ұлтының салт-дәстүрі
мен әдет-ғұрпы, мәдениеті, ана тілі
және басқа да ұлттық құндылықтарды
насихаттау. Мектебімізден
«Керей» руының келіндері
бастауыш сынып мұғалімі А.Б.Жакупова, мектепке дейінгі білім беру тәрбиешісі Ш.Б. Утегенова, тарих
пәні мұғалімі Л.Т.Толеугазинова, ағылшын тілі пәні мұғалімі Э.Д. Серікболова, қоймашы Г.С.Сембинова және мектеп тәлімгері Ж.Е. Аубакирова
қатысып жүлделі III орынға ие болды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C4ImOUBNwEW/?igsh=MWd2MjR5ODEyYXh3
Мектебімізде 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні қарсаңында, оқушыларды аналарды құрметтеуге, ана еңбегін ардақтауға баулу, қыздарды әрдайым сыйлап жүруге тәрбиелеп, білім алушылардың логикалық ойлау өрісін, тіл байлығын, сөздік

қорын, ойлау қабілеттерін дамытып, эстетика-этикалық әдептерді жетілдіру мақсатында 1-11 сыныптар арасында «Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады!» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сабақ барысында оқушылар аналарына өз сезімдерін білдіріп ашық хат жазып, анаға, нәзік жанды арулар қауымына құттықтаулар дайындады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4JzQV8invt/?igsh=MW9zYTJubnY0eXp5Mw
Мектебімізде ардагерлер мен жас мамандар арасында танымды диалог құру, өзара ынтымақтастық атмосферасын орнату, тәжірибе алмасу мақсатында «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында ардагерлер мен мектебіміздің жас мамандары арасында сыр сұхбат түрінде кездесу кеші өтті. Кешті мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Э.Д.Енсенова жүргізді. Кешке зейнеткерлік демалыстағы ардагерлер, сонымен қатар Кезеңсу мектебінің ардагерлері арнайы шақырылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4JB2PkNTAF/?igsh=YXNid3p5bHljMDQ3
Жастардың адам тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты көзқарастарын дұрыс қалыптастыра отырып, болашақта ұрпақ қамын, ұлт тағдырын ойлайтын қоғамның мүшесі болуларына жағдай жасау мақсатында мектеп психологы Айгуль Ерсеікқызының ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушыларына “Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу” тақырыбында танымдық сабақ өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4M-Tqct_2L/?igsh=bWUzNm9mMmpzdjht
Мектебімізде 6 наурыз күні аналар, әжелер, қыздар мерекесіне орай мектепалды даярлық 0 “А” сыныбында “Анам, әжем және мен” тақырыбында ертеңгілік өтті. Ертеңгіліктің мақсаты: балаларға көктем туралы, 8-наурыз мерекесі туралы түсінік беру, отбасындағы ана мен әженің орнын, анаға, әжеге деген құрметті ұғындыру. Ертеңгілік барысында ата-аналармен қызықты, түрлі ойындар өткізілді. Балалар өз өнерлерін көрсетіп, аналары мен әжелеріне арнап “Қуыршақ” биін биледі. Ертеңгіліктің соңында ұлдар сыныптың қыздарына сыйлықтарын табыстады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4OWMbCNmIJ/?igsh=M2VobHR2OGxqMWoy
7-наурыз күні "Күншуақ" кіші орталық тобында "Анам,әжем және мен" тақырыбында ертеңгілік өтті.Ертеңгіліктің мақсаты:балаларға көктем туралы, 8-наурыз мерекесі туралы түсінік беру, отбасындағы ана мен әженің орнын, анаға,әжеге деген құрметті ұғындыру.Ертеңгілік барысында ата-аналармен түрлі ойындар өткізілді.Бүлдіршіндер өз өнерлерін көрсетіп,аналары мен әжелеріне сыйлықтарын ұсынып,аналары мен әжелерін биге шақырды.Ертеңгіліктің соңында бүлдіршіндерге сыйлықтар табысталды.Ертеңгілік ата-аналардың да,бүлдіршіндердің де көңілінен шықты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4PZjFFNxsO/?igsh=MTZlaWt2anpyMXllNQ
8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай мектебімізде 7 наурыз күні "Бәрі де, ана бір өзіңнен басталады" атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.
Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу, сыйлай білуге, оқушылар бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4P7aTCtx7v/?igsh=NHZkMXB6eDJndHdz
Жарма ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 6 наурызында балалар арасында сәндік – қолданбалы шығармашылықтың салт – дәстүрлерімен, әдет – ғұрыптарымен, тарихымен таныстыру, тәрбиеленушілердің белсенділігі мен танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру арқылы қазақ халқының мәдени мұрасына деген мақтаныш пен құрмет сезімін тәрбиелеу мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата – аналарының қатысуымен республикалық «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» қолдан жасалған бұйымдар байқауының аудандық кезеңі өтті.

Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C4Sq5cMNWWV/?igsh=MTQ3dnFzZnU2eWpvZg
Жарма ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 6 наурызында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған республикалық «Ханталапай» ұлттық ойындар байқауының аудандық кезеңі өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4Suc9XN1Tk/?igsh=cWo3dTYybDVpZGlt
2024 жылдың 04 наурыз күні жалпы білім беру ұйымдарына ақпараттық – коммуникациялық технологияларды енгізу, интернет мүмкіндіктері мен ресурстарының қолдану тәжірибелерін анықтау мақсатында «Ең үздік сайт-2024» аудандық байқауы өтті.
«Ең үздік сайт-2024» аудандық байқауының қорытындысы бойынша мектебіміздің abai-shar.mektebi.kz сайты I орынға ие болып, облыстық кезеңге жолданды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C4SzZ0xNxzv/?igsh=cHh1NGhmMWtjZWcz
Мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен 8-сынып оқушыларымен "Достық-татулықан басталады" атты тренингтік жаттығу өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың арасындаға жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлау, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4XoN1ENaYf/?igsh=MTdrdTV2OXBzcWZkdA
Мектебімізде 11 наурыз күні Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы, «Наурыз-базарлық» маусымының «Наурызнама» онкүндік іс-шара жоспары аясында 1-11 сынып оқушыларымен «Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз» мейрамы атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Халықтың салт - дәстүрін, әдет - ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету. Сабақты халықтық педагогикаға негіздей отырып, қазақ халқының ұлттық ойындарын, ұлттық тағамдарын, нақыл сөздерін қастерлей отырып, балаларға ұғындыру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4doUJjNTDt/?igsh=eTR4OXdhazR0ZTJj
Мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен даярлық тобының тәрбиеленушілерімен “мейірімділік” құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында «Балаларға арналған психологиялық ахуал, мейірімділік атмосферасы» атты тренингтік жаттығу өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4YSJQDNzFd/?igsh=MXFpYjFpempxamgxNw
14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күнді Амал мерекесі деп те атайды. Адамдар осы күні бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Осы орайда мектебімізде 1-4 сынып оқушыларымен «Көрісу күні - Амал мерекесі» атты көрісу күніне арналған көрініс түсірілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4fyWLYN-kF/?igsh=ZDU5MGR0eXd1Z3U4
14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күнді Амал мерекесі деп те атайды. Адамдар осы күні бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Осы орайда мектебімізде 5-7 сынып оқушыларымен «Көрісу күні - Амал мерекесі» атты көрісу күніне арналған көрініс түсірілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4fzqtXND9b/?igsh=YzN2YjVwajd5OHpj
Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған «Наурызнама» онкүндігі жоспары аясында 14 наурыз күні мектебімізде «Baursaq party» байқауы өткізілді. Іс-шараның мақсаты:ұлттық дәстүрімізді,қонақжайлық пен мейірімділікті дәріптеу,айналадағыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлай отырып, ыстық бауырсақ арқылы ыстық ықылас,жылы лебіздерін сезіндіру. даярлық тобының тәрбиеленушілері, 1-11 сынып білім алушылары бауырсақтың бірнеше түрімен таныстырып, мектеп

оқушыларын, ұстаздарын келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтап,бауырсақтан дәм ауыз тиюге шақырды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4gHdcZtEGF/?igsh=MzQ5bGVlYTU1aHpr
14.03.2024ж күні «Жас дарын» орталығының жоспарына сәйкес информатика пәні мұғалімі М.К.Бердібекованың ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылары арасында «Робот әлемі» тақырыбында робототехника сайысы өтті. Сайыстың мақсаты: оқушылардың информатика пәніне деген қызығушылығын арттыра отырып, заманауи технологияларды меңгеру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.
Сайыс 5 кезеңді қамтыды.
1 кезең: Таныстыру;
2 кезең: Ребус шешу;
3 кезең: Мақал-мәтелді табу;
4 кезең: Деңгейлік тапсырма орындау;
5 кезең: Роботтар сайысы: «Асық ату».
Бұл сайыста қазақ балаларын ептілік пен жылдамдыққа үйреткен асық ату ойынының «жаңа дәурені» келгені байқалды. Балалар бір-бірімен емес, роботпен жарысып асық ойнады. Робот берілген траектория бойынша жүріп, тізбектелген асықтарды атады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4hDvGXi8yp/?igsh=MXE4OHVkZ2hncG9oYw
мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен 8-сынып оқушыларымен «Өміріміз-бақытқа толы» атты тренингтік жаттығу өткізілді. Мақсаты: «Өмір», «бақыт» ұғымдарына тереңірек үңілуге ықпал жасау;
Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету;
Бақытқа қол жеткізе алатынына сенім туғызу;
Өмірге құштарлықтарын арттыру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4iW_52NVkI/?igsh=MWxsdW42anJtejF5Nw
Мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызы «Бақыт» фракциясының белсендісі Әділхан Ақботамен бірге «Қамқорлық» игі істер күніне орай коррекциялық орталыққа барып, тренингтік жаттығу, сергіту сәтін өткізді. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4iW_52NVkI/?igsh=MWxsdW42anJtejF5Nw
Мектеп психологы Айгүл Ерсерікқызының ұйымдастыруымен 9А және 9Б сынып оқушыларымен “Көңілді старт” атты эстафеталық ойындар жарысы өткізілді. Мақсаты: Ойын кезінде өзін - өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4inNRRtGye/?igsh=aDBwZGsyZzNpcHI2
Мектебімізде «Наурызнама» онкүндік іс-шара жоспары аясында 15 наурыз «Қайырымдылық» игі істер күні өткізілді. 5-7 сынып оқушылары қайырымдылық жасап жарысу керектігін достарына түсіндіру мақсатында қысқаша қайырымдылық тақырыбында бейнежазба түсірді. Жақсылық жасап жарысайық, достар!
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4ipC2GNE69/?igsh=MTE3d3Z5eGd5OXp0cg
Мектебімізде кітапханашы Қ.Қ.Баймуратова мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж.Т.Абылхановаңың ұйымдастыруымен оқуға құштар мектеп, балалар
кітапханасы жобалары аясында «Мақал–сөздің азығы,
жұмбақ – ойдың қазығы» тақырыбында, 7 «А» сынып оқушыларымен мақал-мәтел айтып, жұмбақ шешу сайысы өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4iqbtfNZR3/?igsh=OGxuaXR4dHZpdWZk
«Наурызнама» онкүндігі аясында 16 наурыз күні - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні аталып өтілді. Бүгін мектебімізде тұсаукесер салт-дәстүрі көрсетілді.

Қазақ халқы ежелден салт-дәстүрге ерекше қарап, әрбірін керек жерінде орындап, сақтап отырған. Салт-дәстүр тәрбиенің бастамасы десем де артық болмайды. Салт-дәстүр арқылы ұрпақ тәлім-тәрбиені бойына сіңіреді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4k6ND3N5Bf/?igsh=MWppMXoyc20yMzg4aA
Наурыз мерекесін тойлау аясында мектебімізде «Наурызнама» онкүндік іс-шара жоспары құрылып ,17 наурыз «Шаңырақ» күні тойланды. Бұл күн отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған орай 1-4 сынып оқушылары қысқаша бейнежазба түсірді.
Шаңырақ күні қазақстандықтардың жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үндейді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4nF_jVNjyM/?igsh=MTN1Mnk4cDd6NnQ2bw
https://www.instagram.com/reel/C4nHOPxNVP_/?igsh=MmEyYXU5bTJ2MGlk
https://www.instagram.com/reel/C4nKrw-Ng35/?igsh=MTZ5amcybXVid205Mg
https://www.instagram.com/reel/C4qE0tutK4P/?igsh=YjZ4cGMya2xtbzc3
Наурыз мерекесін тойлау аясында мектебімізде «Наурызнама» онкүндік іс-шара жоспары құрылып, 18 наурыз «Ұлттық киім» күніне арналды. Ұлттық киімге арналған бұл күнде оқушыларымызбен «Ұлттық киім-асыл мұра» тақырыбында сән көрсетілімі өтті . Бұл күн ата-бабамызды, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарды еске алатын ерекше кезеңге айналады. Бұл – халық рухының шағылысын бейнелейтін ұлттық дизайнның көркемдігі мен қайталанбас өрнегіне тамсанып, бұл өнердегі бай мұраны зерттеп, одан шабыт алатын күн.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4qP6kFNcJV/?igsh=MW9keHljeWQ3Nzg4aQ
Ұлыстың Ұлы думаны Наурыз мерекесінде «Атадан- өсиет, Анадан-қасиет» тақырыбында іс-шара өткізілді. Халқымыздан мұра болған баталы сөз, ізгі амалдар - құнды жәдігер. Өскелең ұрпаққа өнеге болар бабалар ақыл- ойының кені ұрпақ аузында. Наурыз күндерінде айтылатын асыл сөздерден сусындаған оқушылар көрініс қойды. Тектілік, адалдық, ізгілік қасиеттерін жоғалтпайық!
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4qbzIfNoe3/?igsh=dzVtZGtnZnRnd2Zx
Наурыз мерекесін тойлау аясында мектебімізде «Наурызнама» онкүндік іс-шара жоспары құрылып, 18 наурыз қазақтың ұлттық сүт тағамдарының ерекшелігі мен құндылығын, қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеу мақсатында 0,1-11сынып оқушыларының арасында «Ақ мол болсын» атты байқау өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4qjj5qt9IK/?igsh=MWRxbnVjODJzejQ1Zg
Көктем – табиғаттың жаңарып, тіршілік қайта жанданатын мезгіл. Айрықша мейрам – Ұлыстың ұлы күні де жаңару, жаңғыру ұғымдарынан құралған.
19 наурыз-Жаңару күні. Мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары мереке қарсаңында тоғайдың түбін қардан тазалап, гүл егіп, табиғатты қоқыстардан құтылуға көмектесті.
“Жаңару” күні барша азаматтарды ортақ мақсаттарға жету жолында бірігуге және ынтымақта болуға шақырады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4tFFMitX1u/?igsh=MWloYXd4bnpraXhhMw
Наурыз мерекесін тойлау аясында «Наурызнама» іс-шара жоспары құрылып 19 наурыз күні 0,1-11 сынып оқушыларымен «Наурызым-ұлыс берекем» атты Наурыз мерекесі тойланды. Сыныптар ауыл-ауыл бөлініп бөлініп, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындарын, мерекелік би билеп, ән шырқады. Наурыз жоғары деңгейде аталып өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4uYaLMNLLo/?igsh=cHFxMWt6eHB2b3V5
Наурызнама онкүндігінің жетінші күні. Бұл күн - Ұлттық спорт күні деп жарияланған. Іс-шара қазақ халқының ұлттық биі қара жорға билей отырып басталды. Мектебіміздің

оқушылары мен мектеп ұжымы ұлттық ойындарға белсене қатысып, жарысқа түсті. Асық ату, қол күресі, тоғызқұмалақ, аударыспақ сынды көп ойындардан жарыс өткізілді.

Осы ойындарды тамашалау арқылы көпшілік халқымыздың салт-дәстүрімен де таныса алады.

Біздің ұлттық спортымыз – тек сайыс пен жарыс емес, онда көшпелі тұрмыстың рухы бар. Ұлы Далада күш-қайрат, ептілік, өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылыс, жақындарына тіреу болу қабілеті ө

мір сүру мен дамудың кілті саналған.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4uyW_lta_1/?igsh=ZmFseTc0NTBoMm43

21 наурыз-Ынтымақ күні тойланады. Қазақстанда Наурыз мейрамы бізді ұлттық өзекке оралтып қана қоймай, ел ішіндегі ағайын мен сырттағы бауырларды байланыстырушы көпір ретінде қызмет етеді.

Бұл күн ауызбірлік, ортақ құндылықтар мен азаматтық бірегейліктің маңызын түсінуге жетелейді. Ынтымақ күні 1-4 сынып оқушылары мектеп ұжымына арнап бейнеқұттықтау әзірледі.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C4vH4_XtWZt/?igsh=MXZhNnMya2VnMzZk
https://www.instagram.com/reel/C4vXg2StqUc/?igsh=MXdrbDA4anVyN21vbg
https://www.instagram.com/reel/C4ve_ySN4Jd/?igsh=ODFlNDNwZjhqdzd3
https://www.instagram.com/reel/C4vnewCtYdY/?igsh=a2JoZmRrMmhlMmRj

7-11 сынып оқушы қыздарының қатысуымен «Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу» тақырыбында өткізілген жиналысқа қатысты. Жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру және ерте жастағы жүктіліктің алдын алу мақсатында өткізілген жиналысқа Шар қалалық ауруханасының акушер-гинекологы қатысып, қыз балаларға ерте жүктілік жөнінде тоқталып өтті.

Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C4-WMittzxq/?igsh=OXo4dzllNjBqbTF3

27 күні 1-4 сынып ата-аналарымен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелер:

1. III-тоқсан қорытындысы
2. Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары
3. Демалыс уақытындағы бос уақытты тиімді пайдалану.

Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C5EK9JDNHVG/?igsh=MXEwZndraGJycGx5Zw
https://www.instagram.com/p/C5GCmcXte92/?igsh=aHN6aWZreWZ1M3E2
https://www.instagram.com/reel/C5GDkBWNLxB/?igsh=aDVndGVicmEwOHhj

Ағымдағы жылдың 01 сәуірінде мектебімізде 1-11 сынып білім алушыларымен «Этикалық құндылықтарды дамыту» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты; оқушылардың бойына этикалық құндылықтарды сіңіру.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5OdHT6Nali/?igsh=MW84N2lhZTEzcmhjaQ

Аудандық XXIV спартакиада аясында ұжымдық береке-бірлікті, ынтымақтастық нығайту мақсатында білім беру мекемелері және мектепке дейінгі ұйымдардың мұғалімдері мен тәрбиешілері арасында өткен волейбол жарысында мектебіміздің (қыздар командасы) II орынды жеңіп алды. Команда құрамын жеңістерімен құттықтаймыз!

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5PtJ2INASm/?igsh=MWc0YTNma2NxenA2MQ

Оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітаптың және балалар кітап күнінің шығу тарихымен таныстыру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында 2 сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне арналған "Балалар кітапханасы" жобасы аясында 3 а сынып оқушыларымен "Кітап-алтын қазына" атты кітапханалық сабақ өтті.

Іс-шара барысында оқушылар жұмбақтар шешіп, мақал-мәтелдер айтып, викториналық сұрақтарға жауап берді. Кітапханашы жаңа кітаптар көрмесіне шолу жасап таныстырды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5RTni9tU7r/?igsh=MzlibDJ4cWE2Y3Y
«Тазалық – табалдырықтан басталады», демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Сенбілікке қатысушылар толық арнайы құрал-жабдықтармен (күрек, тырма, сыпырғыш, қолғаптар, қоқыс жинайтын қаптармен) қамтамасыз етілді. Сенбілік кезінде мектеп ұжымы мен оқушылары мектеп ауласын және мектебімізге арнайы бекітілген Сапоров көшесін үлкен жауапкершілікпен тазалады. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде мектеп ауласы мен бекітілген көшеміз көрікті, әрі таза болды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5Y3XI3tE_M/?igsh=MmQ5aTd1aDk1d285
05.04.2024ж күні мектеп базасында Жарма ауданының білім беру мекемелерінің бастауыш сынып мұғалімдері арасында өтетін «Үздік бастауыш сынып мұғалімі-2024» аудандық байқауының аймақтық кезеңі өтті. Аймақтық кезеңге 7 мұғалім қатысты. Байқау 3 кезеңнен тұрды:
1. Бастауыш сынып мұғалімдердің электрондық портфолиосы (соңғы 3 жыл).
2. «Бір керемет тәсіл» әдістемелік 1 тәсілді қатысушыларға жарнамалау
3. «Десант сабақ» - байқау өткізілетін мектептің таныс емес сыныбында тақырыпты өзі таңдауы бойынша 20 минуттық ашық сабақ өткізу.
Әділқазы алқасының шешімімен «Үздік бастауыш сынып мұғалімі-2024» байқауының аймақ бойынша жеңімпазы Бақыршық орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Төлеубаева Индира Мұратқызы атанып, аудандық кезеңіне жолдама алды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5aSdV-twwq/?igsh=cm1mYjE3ZmNzczFu
Семей қаласында орналасқан Қайнар Жоғары колледжінің мамандары 9,11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру мақсатында ақпараттық алаң өткізді.
«Қайнар» Жоғары колледжі»
ЖШС – білім алушылардың мүддесі үшін жұмыс істейтін өзекті білім беру жүйесі, ашық ақпараттық ортасы және заманауи инфрақұрылымы бар білім беру мекемесі.
Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C5leKpItb3g/?img_index=1&igsh=MWVkczZxYmw2dm53eQ
Семей қаласында орналасқан «Электротехника колледжі» КМҚК өкілдері 9,11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру мақсатында ақпараттық жұмыс өткізді.
Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C5oRVjBNZvD/?img_index=1&igsh=MW1xdG90Z2lqbHNxOA
Мектебімізде жалпыға білім беру қоры есебінен 77 бала және азық түлікті сатып алу 141 ерекшелігі бойынша 99 бала ыстық тамақпен қамтылған. I ауысымда барлығы 75 оқушы, оның ішінде 7-10 жаста - 30 оқушы, 11-14 жаста - 7 оқушы, 15-17 жаста - 6 оқушы. II ауысымда 70 оқушы, барлығы 11-14 жаста.
Мектеп әкімшілігі тарапынан асхана жұмысын тексеру комиссиясы құрылған.
Медбике күнделікті ас мәзірі мен гигиеналық талаптарды бақылауда ұстайды. Тамақтану уақытында кезекшілік атқарылады.
Балалардың дұрыс тамақтануы олардың денсаулығын нығайтып, дене дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар мидың дамуына, ойлау қабілетінің жақсаруына және

жүйке жүйесіне жақсы ықпал етеді. Яғни баланың сабақ үлгерімі жақсы болуына дұрыс тамақтанудың маңызы зор.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5ppsOEtXDi/?igsh=MTBpNG5wOHRtYzAxYw
Облыстық кітапханалар арасында «Коворкинг және буккроссинг: бірге оқимыз» қашықтық бейнероликтер байқауының аудандық кезеңі
Жарма ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес 2024 жылдың 12 сәуірінде облыстық кітапханалар арасында «Коворкинг және буккросинг: бірге оқимыз» қашықтық бейнероликтер байқауының аудандық кезеңі өтті.
Мақсаты: оқушыларды танымдық әрекеттің негізгі түрі ретінде оқумен таныстыру, бос уақытты өткізудің бір түрі ретінде мектептегі коворкинг және буккроссингті кеңінен насихаттау; Заманауи интерактивті тәсілдер арқылы қазіргі оқушының назарын кітапқа аудару, оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.
Байқауға білім беру мекемелерінен 11 кітапханашы қатысты.
Нәтижесінде мектебіміздің кітапханашысы Баймуратова Камар Капуовна жүлделі I орынды жеңіп алды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5qdR0FN9bq/?igsh=cGE3NHB0M2hjMWFj
Жарма ауданы әкімдігінің «Шар қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ-сі ұйымдастырған «Quiz» интеллектуалды ойынында мектебіміздің "Алаш" тобы 16 ұпаймен жүлделі I орынды жеңіп алды.
Топ құрамы:
7 «А» сынып оқушысы - Ретхан Зере;
10 «А» сынып оқушылары: Ермухамет Алуа, Құсман Ақтанби, Мақсұтбек Нұрай, Тлеубек Дана.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C5sRnURtdwc/?igsh=MXYxaGY0MjVyZHhoZQ
«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына мектебіміздің ұжымы белсенді атсалысуда. Сенбілікке қатысушылар толық арнайы құрал-жабдықтармен (күрек, тырма, сыпырғыш, қолғаптар, қоқыс жинайтын қаптармен) қамтамасыз етілді. Сенбілік кезінде мектеп ұжымы мектебімізге арнайы бекітілген Тәуелсіздік, Сапоров көшелерін үлкен жауапкершілікпен тазалады. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде мектеп ауласы мен бекітілген көшеміз көрікті, әрі таза болды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C5uuvuqNxBj/?igsh=ZmxwcG42aTJzem9h
«Ата-аналар жобасы» аясында «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім» тақырыбында мектеп оқушылары фотосуреттерге түсті. Мақсаты:бала тәрбиесіндегі отбасының алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынастын маңыздылығын, отбасындағы құнды дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығын айқындату.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5vjUdaN6ZX/?igsh=YzVoazB5NWd3YW9s
https://www.instagram.com/reel/C5vtJUmNhTP/?igsh=MXgzbDY4eXJnMXdueA
https://www.instagram.com/reel/C5v8tN6NhZ4/?igsh=MTM1M3VsYm5qeGVoaQ
https://www.instagram.com/reel/C5wCfoVNfn6/?igsh=azVucXV1aTN1cHIz
https://www.instagram.com/reel/C5wDT2zt7Pa/?igsh=MWdlaWx6am1mdHU3aw
https://www.instagram.com/reel/C5wDWq2tydp/?igsh=MW0zNmF4aHVyOWE5aQ
https://www.instagram.com/reel/C5wD3fuNoBZ/?igsh=MTh6bmt2eTh4bGRkdg
15 сәуір - Қозы Көрпеш Баян Сұлу күніне орай іс-шара ұйымдастырылып, оқушылар атаулы күннің шығу тарихымен танысып, махаббаттың мәңгілік жыршысы атанған Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін жатқа оқыды. Сонымен қатар, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасындағы Мамырдың монологы оқылып, көрермендер қызықты сұрақтарға жауап беріп, тәттілер таратылды. Шара соңында барлық ұстаздар мен оқушылар караокеде ән шырқады.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C5ymiCICvuR/?igsh=MTZ1YjJmcWcxczVpYw
16 сәуір күні 1-10 сынып оқушыларымен «Табиғат тамашалары» тақырыбында фотоколлаж байқауы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат және оның тірі бөліктері жайында ұғымдарын дамыту.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C51Knp4NfF5/?img_index=1&igsh=NXVvZTFsemZvM283
2024 жыл сәуір айының 18 күні Шар ст.бастығының орынбасары Б.Оралбай және Шар ст. ЖПб бастығының міндетін атқарушы полиция аға лейтенанты А.Макишев Абай облысы Жарма ауданы Шар қаласында орналасқан «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-нің 9-10 сынып оқушыларымен "Теміржол қауіпсіздігі " тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу барысында теміржолдағы қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін сақтау, теміржолдан тек арнайы белгіленген орындардан кесіп өту үшін арнайы жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелдерімен жүруін және оқушыларға теміржол өте қауіпті аймақ болып табылатындығы сондай-ақ темір жол маңында тоққа жақын орналасқан жерлерде жақын жүрмеу керектігі, вагон астынан өтпеулері ескертілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C55gI7-t9R1/?igsh=MWdmeXNiaGFrdjF3MA
18 сәуір күні мектеп психологы Айгүл Ерсерікқызының ұйымдастыруымен “Компьютерлік ойындардың балаға әсері" тақырыбында 6 “А” және 6 “Б”сынып оқушылар арасында психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: компьютерлік ойындардың зияны туралы айтып, видеоролик көрсетіп ойындардың бала санасына тигізетін зияны туралы түсіндіру.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C56OVixNV8W/?igsh=MW43Y2hqbDcwYmpwdg
18 сәуір күні оқушылар мен ата-аналар арасында «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді. Мақсаты: Дарынды балаларды анықтап, шығармашылық қолдау көрсету, әншілік қасиеттерін, өнерге деген құштарлығын ояту. Оқушы мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнату. «Екі жұлдыз» ән байқауына 7 жұп қатысты. Әділ-қазылардың шешімі бойынша: Бас жүлде: 4«А» сынып оқушысы Серікқазы Сезім, анасы: Аубакирова Жұлдыз; 1-орын: 1«Б» сынып оқушысы Муратхан Жәния, анасы Буланбаева Әлия;
2«Б» сынып оқушысы Жанат Жанайым, жеңгесі: Бейсембаева Гузаль; 2-орын:
3«Б» сынып оқушысы Бекмухамед Ерсултан анасы: Серикканова Инкар; 6«А» сынып оқушысы Қызатұлла Аянат, анасы: Жарылгапова Толғанай; 3-орын:
2 «А» сынып оқушысы Нұрлыбек Нұржігіт, анасы Ниязбек Раушан 8 «А» сынып оқушысы Қызатұлла Айым, әкесі: Тлеуханов Самат;
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C5984EZic7B/?igsh=MW9pMm55NmY0NHR4eA
«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына мектебіміздің ұжымы белсенді атсалысуда. Сенбілікке қатысушылар толық арнайы құрал-жабдықтармен (күрек, тырма, сыпырғыш, қолғаптар, қоқыс жинайтын қаптармен) қамтамасыз етілді. Сенбілік кезінде мектеп ұжымы мектебімізге арнайы бекітілген Тәуелсіздік, Сапоров көшелерін үлкен жауапкершілікпен тазалады. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде бекітілген көшеміз көрікті, әрі таза болды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C5_IK_eNYGF/?igsh=aGk5dGp6OGxzZ3pr
22 сәуір күні 1-4 сынып оқушыларымен «Экологиялық мәдениет» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: табиғатқа деген рухани - саналы қарым - қатынасты құрастыру, адамның табиғаттың бір бөлшегі екендігін дәлелдеу, оқушылардың экологиялық мәдениетін, адамгершілік ізгілігі мен жауапкершілігін, табиғат қорғаудың ғылыми - теориялық негізін экологиялық тұрғыда түсіндіріп, оқушының өз өлкесіндегі, жалпы дүниедегі табиғатқа деген парасатын, жауапкершілігін тәрбиелеп, арттыру.

Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C6EcJUJt6kP/?igsh=MWlzeXNjcnkzZmU3cw
22 сәуір күні 5-11 сынып оқушыларымен «Қазақстан-Ұлы дала елі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының Тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын жылдары елдің азаттығын, еркіндікті аңсаған ата-бабамыз туралы және қазақ елінің өткені, бүгіні, болашағы жайлы дәріптеу. аңсаған ата-бабамыз туралы және қазақ елінің өткені, бүгіні, болашағы жайлы дәріптеу.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C6EcuXztVmu/?img_index=1&igsh=ZzQ4azhlc2QxN2Nx
23 сәуір күні мектеп психологы Айгүл Ерсерікқызының ұйымдастыруымен "Өзіңе сен! Сен ҰБТ-да жеңіске жетесің!" тақырыбында 11-сынып оқушыларымен тренингтік жаттығу өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету,бойларына сенімділік орнату.
23 сәуір күні мектеп психологы Айгүл Ерсерікқызының ұйымдастыруымен "Өзіңе сен! Сен ҰБТ-да жеңіске жетесің!" тақырыбында 11-сынып оқушыларымен тренингтік жаттығу өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету,бойларына сенімділік орнату.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C6G2vRVtTPF/?igsh=djhpZmNkaXJ0dmQx
23 сәуір-Халықаралық кітап және авторлық құқық күніне орай мектебіміздің кітапханашысы К.К.Баймуратова кітап көрмесін ұйымдастырып, 4 «А» сынып оқушыларымен кітапханалық сағат өткізілді. Көрмеге кітапсүйер қауымды қорға келіп түскен жаңа басылымдармен таныстыру мақсатында түрлі әдеби кітаптар қойылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C6HIvV6tyYa/?igsh=eXo1ZzVldm0yczUw
«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына мектебіміздің ұжымы белсенді атсалысуда. Ұжым осы аптада мектеп ауласындағы тоғайлардың түбін әктеді. Ауламызды гүлдендіріп, көшелерімізді көркейтеміз десек, санитарлық тазалықты өзімізден бастағанымыз жөн. Туған жердің тазалығын қадағалау әрбір тұрғынның азаматтық парызы екенін естен шығармайық!
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C6T33a7td-f/?igsh=MWdzb3dlMHR4bHRkag
1-11 сынып оқушыларымен 1 мамыр - Қазақстан халықтар бірлігі күніне орай «Бейбітшілік пен Татулық» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Бүгін елімізде 136 ұлт пен ұлыстың өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C6WYFT1i_HU/?img_index=1&igsh=OGV6MGtzMTkydjRp
1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 1-10 сынып оқушыларының қатысуымен «Бейбітшілік-ел тірегі» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; ЫНтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.
Сілтеме:https://www.instagram.com/reel/C6ZKhkiNZUE/?igsh=MXRtZHczOG5mbmVsNQ
02 мамыр күні мектеп психологы Айгүл Ерсерікқызының ұйымдастыруымен "Достық татулықтан басталады" тақырыбында 4-сынып оқушыларымен тренигтік жаттығу өткізілді. Тренингтік жаттығудың мақсаты: Оқушылардың арасындаға жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлау, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C6eTwNoNOIf/?igsh=MWY4ZXFzeTZnZnVmcg

3 мамыр - Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында мектеп ауласындағы ағаштарды ағарту, оларды күтіп, баптау және сынып тазалығын жүргізу челленджі бастау алды.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C6gtSqyNJZd/?img_index=1&igsh=MTJyZjRyOWoyZzVpdA
Абай облысы білім басқармасының «Облыстық инновациялық әдістемелік орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен оқушыларды танымдық әрекеттің негізгі түрі ретінде оқумен таныстыру, заманауи интерактивті тәсілдер арқылы қазіргі оқушының назарын кітапқа аудару, оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткен «Коворкинг және Буккросинг: бірге оқимыз» облыстық онлайн бейнеролик байқауында «Коворкинг» бағыты бойынша мектебіміздің кітапханасы (кітапханашы: К.К.Баймуратова)жүлделі I орынды иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C6j4ew7tzb6/?igsh=a3JubGtzYWZjeXQz
6 мамыр күні мектебімізде Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында «Түлектердің ағаш егу» эко челленджі өткізілді. 11-сыныпты бітіргелі отырған түлектер сынып жетекшілерімен бірге мектеп ауласына көшеттер отырғызды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C6nuOO0NJTd/?igsh=NHlncXVjbnQxZGRn
7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай оқушылардың бойында Отанына деген құрмет, патриоттық сезімдерін ояту мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен «Ән және сап» байқауы өткізілді. Байқауда әр сынып командирі рапорт беріп, сәлемдесу және саптық ән орындады. Байқауға оқушылар белсене қатысып, өздерінің сапта жүру, адымдау, командаларды орындау, патриоттық әнді нақышына келтіре шырқауды тамаша көрсете алды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C6nyUoeN6Wb/?igsh=MXYxN3NsMHJiOThhZA
7 мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай 1-11 сынып оқушыларымен сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C6ovTKVNShk/?img_index=1&igsh=OGNmbnByYmxwZ2Y3
https://www.instagram.com/p/C6ovkqotkO5/?img_index=2&igsh=MWFnankwaTdnOWp1Yw
6 мамыр күні мектебімізде 9,11 сынып ата-аналары және оқушыларымен бірлескен сынып жиналысы өткізілді. Жиналысты мектеп директоры М.Е.Бейсембаева ашып, 9,11 сынып ата-аналарымен қорытынды аттестаттау, ҰБТ бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары жиналыс барысында қорытынды аттестаттау кестесі және оның ерекшеліктерін, 5-8,10-сынып білім алушыларының қазақ тілі бойынша оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруін бағалау емтихандарының кестесін таныстырып өтті.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C6owGsDN6WY/?igsh=MWMyazRpNHVka21kOA
2024 жылдың 6 мамыр күні Жарма ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес, балаларды шығармалыққа баули отырып тәрбиелеу, мектеп жасына дейінгі дарында балаларды анықтау, дамыту және қолдау мақсатында халықаралық балаларды қорғау күніне арналған республикалық «Менің елім – бақытты балалық шағым» байқауының аудандық кезеңі өтті.

Байқаудың қорытындысы бойынша: мектебіміздің мектепалды 0 "А" сыныбының тәрбиеленушілері «Қуыршақ Barbie» биімен II орынды жеңіп алды.Жетекшісі Байжиенова Зарина Бекежановна.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C61bATbtLoL/?igsh=aWFuajE0NnJhMXAx
мамыр айының жоспарына сәйкес "Игі істер" акциясы күніне орай мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызы және мектеп тәлімгері Жулдыз Есенханқызының ұйымдастыруымен оқушыларға рухани адамгершілік тәрбие беру, жалпы эмоционалдық реңкті көтеру мақсатында "Адал ұрпақ" еріктілер клубының мүшелері мен "Бақыт" фракциясының көшбасшысы Әділхан Ақботаны алып қаламыздағы мүмкіндігі шектеулі жан Баймуратов Кенжехан Жүнісханұлының үйіне барып, үйінің ауласын жинастырып, сенбілік жасап, көмек қолын созып қайтты. Кенжехан Жүнісханұлы балаларға өзінің ризашылығын білдіріп, жылы лебіз тілектерін білдіріп, алғысын айтты.
Аз жақсылық-ақылды тең етеді,
Көп жақсылық- ақылды кең етеді- дегендей қашанда жақсылық жасап жарысайық!
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C6ymPhutVbK/?igsh=MWY3cnB4Yjd5Nm1qYg
12 мамыр - Аналар күніне орай, мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызы және мектеп тәлімгері Жулдыз Есенкановнаның ұйымдастыруымен аналар күнін атап өту, ана мәртебесін нығайтуға, қазақ халқының тарихында ананың маңызы мен рөлін арттырып, насихаттау мақсатында "Анам менің аялаған ақ гүлім" тақырыбында аналар арасында тренинг өткізілді. Тренингтік жаттығуға әр сыныптан 3 ата-ана қатысты. Іс-шара Аналардың жүздеріне күлкі сыйлады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C64lcCStqAq/?igsh=MTh5dTAwdTR3dTVuMA
13 мамыр күні 1-11 сынып оқушыларымен «Оқуға құштарлық» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың бос уақытында кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру. Кітап - асыл қазына екендігін ұғындыру.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C69LLVaN5hq/?igsh=Y3k5cGoxcW00b3po
https://www.instagram.com/p/C69LeAHtWDQ/?igsh=Ym5pdmZ6NGtheWs0
14 мамыр күні мектеп психологы Айгүл Ерсерікқызының ұйымдастыруымен “Мамандықты дұрыс таңдау” тақырыбында 9-сынып оқушылармен тренигтік жаттығу өткізілді.Мақсаты:мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өз - өзін тану аймағын кеңейту, кез - келген кедергіден шыға білу мақсатында жүргізіледі.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C6-dY0WtoZI/?igsh=YmpjbGJqMXlxYWFh
16 мамырында мектебімізде «Жол қозғалысының жас инспекторы» облыстық байқауының аудандық кезеңі өткізілді.
Байқау кезеңдері:
1-кезең: амандасу, командасымен таныстыру, кез келген нысанда, 5 минуттан аспайды.
2-кезең: сапты байқау.
3 -кезең: жол қозғалысы ережелерінің білгірлері.
4-кезең: жас санитар
5-кезең: қауіпсіз дөңгелек.
Байқауға жалпы білім беру мекемелерінен 6 команда (Абай атындағы мектеп-балабақша кешені, Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі, Георгиевка орта мектебі, Бақыршық орта мектебі, Н.Крупская атындағы орта мектебі, П.Г.Карелин атындағы орта мектебі) қатысты.
Нәтижесінде:
1-кезең бойынша:
III орын-Абай атындағы мектеп-балабақша кешенінің командасы.
2-кезең бойынша:

III орын-Абай атындағы мектеп-балабақша кешенінің командасы.
4-кезең бойынша:
I орын-Абай атындағы мектеп-балабақша
5- кезең бойынша:
I орын-Абай атындағы мектеп-балабақша кешенінің командасы,
Жалпы командалық есепте: Мектебіміздің Абай атындағы мектеп-балабақша кешені командасы жүлделі I орынды жеңіп алды.
Жеңімпаздарды құттықтаймыз!
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C7E3WQ_uk_q/?igsh=OXRxYXRvdmRyMW9p
2024-ші жылдың мамыр айының 20 күні "Абайлаңыз, балақай!" акциясы аясында жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді . Іс-шараға Шар ст. ЖПб-нің қызметкері полиция аға сержанты Кәкәм М.Р. Абай облысы Шар қаласында орналасқан "Абай атындағы мектеп-балабақша кешені" КММ-нің оқушылармен кездесу өткізді. Кездесу барысында "Көліктегі Қауіпсіздік" ЖПШШ негізінде теміржолдағы қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін сақтау, теміржолдан тек арнайы белгіленген орындардан кесіп өту үшін арнайы жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелімен жүруін және оқушыларға теміржол өте қауіпті аймақ болып табылатындығы сондай-ақ темір жол маңында тоққа жақын орналасқан жерлерде жақын жүрмеулерін және вагон астынан өтпеулері туралы толыққанды айтып жеткізіліп, кәмелет жасқа толмағандардың заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болмауы туралы айтылды. Осыған байланысты ҚР ӘҚБт К-нің 442,559 баптарына сәйкес ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жайлы айтылды.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C7MB9mZtqEc/?img_index=1&igsh=MW43d29ncjRiazd0Nw
20 мамыр күні 1-4 сынып оқушыларымен «Алаш Азаматтарын ұлықтау» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Алаш Азаматтарын еске алу. Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы зұлмат жылдары елінің азаттығын аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу, өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C7MwPA2t-Ve/?img_index=1&igsh=OWUzdnI2cGR5MmZr
20 мамыр күні 5-8 сынып оқушыларымен «Поэзия әлемі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды мәнерлеп оқуға үйрету, өлеңге деген құштарлығын ояту, туған жер, туған елді сүюге, қастерлеуге тәрбиелеу.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C7MwnDMNi5U/?img_index=1&igsh=MXZob3l1NHdidHZhNg
20 мамыр күні 9-11 сынып оқушыларымен «Ұлттық код» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты:Оқушыларға қазақ халқының салт - дәстүрі туралы білімдерін тереңдету. Қазақ халқының адамгершілік қасиеттерінің халықтың салт - дәстүрімен сабақтастығын түсіндіру, еліміздің кейбір салты мен ырымдарын үйрету. Ұлттық мәдениетке, халқымыздың тарихына қызығушылық, өз халқының салт - дәстүрін сақтауға, дамытуға дайын азаматты қалыптастыру. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Адамгершілікке, елін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C7Mw7IANW5Y/?img_index=3&igsh=MXd4aDdiMnNwZW56cA
2024 жылдың 20-мамыры күні 4 «А» сынып оқушыларымен «Қош бол, бастауыш!» атты төрт жыл бойы білім нәрімен сусындатқан, өмірлерінде өшпес із қалдырған

бастауыш сыныппен, сауаттарын ашып, қолдарына алғаш қалам ұстатқан ұстаздарымен қоштасу ертеңгілігі өткізілді.
Ертеңгілік мектеп директоры Бейсембаева Меруерт Ертаевнаның оқушыларға, ата-аналарға, ұстаздарға арналған тілегімен басталып, оқушылардың мектеп, ұстаздар туралы өлең жолдарын оқуымен ұласты. Келесі кезекте оқушылар сүйікті мектептеріне арнап «Бастауышпен қоштасу» әнін, мұғалімдерге арнап «Ұстаздарға қошемет» әнін, ата-аналарына арнап «Ана» әндерін орындады, ұлдар «Мен қазақпын» биін, қыздар «Домбыра» биін биледі. «Сабақта», «Біз қалай оқыдық?» атты көріністері көрсетілді. Ертеңгілік оқушылардың қоштасу вальсімен аяқталды. Ата-аналар оқушыларға, ұстаздарға жүрек жарды тілектерін айтып, алғыстарын білдірді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C7Nn-exi037/?igsh=ejN1ZWV6ZTlyd2Fo
24 мамыр күні «Білімім – Отаныма!» жалпыреспубликалық бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімнің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу. Тәрбие сағатына 1-8,10 сынып білім алушылары қатысты. Тәрбие сағаты сағат 9:00-де бірмезгілде басталды. Тәрбие сағаты әнұранмен басталып, ҚР Оқу-ағарту министрінің жалпыреспубликаның білім оқушыларын құттықтау бейнежазбасы тыңдалды. Сынып жетекшілері оқушыларын оқу жылының аяқталуымен құттықтап, жыл бойы мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық білім жетістіктері мен тәрбие тағылымы бойынша айтып өтті
9, 11-сынып түлектері "Мен. Мектеп. Ұстаз" тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамдары туралы эссе жазды. Соңында оқушылар шығармашылық жұмыстарын оқып, толғаныстарымен бөлісті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C7WjYemN5cR/?igsh=MWFvY3RoNXAzZnFteg
25 мамыр күні "Мектебім, саған мың алғыс!" тақырыбында мектеп бітіруші түлектердің іс-шарасы өтті. Іс-шараның құрметті қонақтары ретінде Жарма ауданы әкімінің орынбасары Нұрғалиев Райым Жолдасбекұлы, ата-аналар комитетінің төрайымы Кушербаева Алия Бекмұхаметовна, қамқоршылық кеңесінің мүшесі Сергазина Маржан Габдрашитовна және 10, 20, 30, 40 жылдық мектеп түлектері, ардагер ұстаздар қатысты. Салтанатты жиынымыздың алғашқы құттықтау сөзі Жарма ауданы әкімінің орынбасары Нұрғалиев Райым Жолдасбекұлына берілді. Райым Жолдасбекұлы түлектерге ақ жол тілеп, Әлихан Бөкейханов Университетінің Ғылыми Кеңесі 2023-2024 оқу жылында Абай облысының аудандары мен ауыл мектептерінің «Алтын белгі» иеленген Ахметқали Мөлдір, Енсенова Гүлденге оқудың барлық кезеңіне (4 жыл) таңдаған білім беру бағдарламасы бойынша университет тарапынан Университет Президентінің грантын табыстады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C7ZNw_pNkU6/?igsh=NzZvdjAwdWNoZXpy
27 мамырдан бастап «Жазғы мектеп» 1-8, 10 сынып білім алушылары үшін өз жұмысын бастады. Жазғы мектеп білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында ұйымдастырылды. Жазғы мектеп жұмысы сыни ойлауды дамытуға, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, интерактивті оқыту әдістемелерін қолдануға бағытталған. Жазғы мектеп 31 мамырға дейін жүргізіледі.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C7j8uCBNDPP/?img_index=1&igsh=a2s2a3FzejA3Zmlv
31 мамыр күні мектебімізде балалардың жыл бойы алған білімдерін және нәтижесін көрсету мақсатында мектепалды даярлық сыныптарында "Қош бол, даярлық" атты мерекелік ертеңгілік өткізілді.Ертеңгілік барысында тәрбиеленушілер ән шырқап, "Қуыршақ", "Асық", Вальс" т.б. билерін тарту етті.Ертеңгілікке ата-аналар, ұстаздар қатысып, тәрбиеленушілердің өнерлеріне тәнті болды.Мереке соңында мектеп

директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жумукбаева Кенжегуль Сыдыкановна бір жыл бойы мектепалды даярлық сыныбында тәрбиеленіп, білім нәрімен сусындап, оң, солын танып, білім жолына қадам басқалы отырған бүлдіршіндерімізге тілектерін айтып, сәттілік тіледі.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C7pAtuvNHOS/?igsh=NnNsajNjMzFzM20z
1 маусым балаларды қорғау мерекесі қарсаңында мектебімізде «Балдәурен» жазғы демалыс лагерінің шымылдығы ашылды.1 ауысым лагеріне 1-8 сынып оқушылары қамтылды. Мектеп директоры М.Е.Бейсембаева балаларды мерекесімен құттықтап, мектебіміздің демеушілері балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында дайындаған балмұздақ пен сусындарды табыстады. Ашылу салтанатынан кейін лагерь тәрбиешілері балаларды орталық алаңға мерекелік концертті тамашалауға апарды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C7rV-L7tVQM/?igsh=bjhub3dmb2s1bWVq
3 маусым күні мектеп жанындағы " Балдәурен" жазғы лагері өз жұмысын бастады.Лагерьге 1-7 сынып оқушылары қамтылды. Рухани -адамгершілік бағыт бойынша мерекелік концерт ұйымдастырылып, аю, айдаһар, жүрек кейіпкерлерін сомдаған тәрбиешілер балаларды қызықтырып, қызықты ойын ойнатып ән айтып, би биледі.Мерекелік концерт соңында топ тәрбиешілері мен үйірме жетекшілері лагерь кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен күн тәртібімен таныстырды.Түскі ас беріліп, балалар жақсы көңіл-күймен үйлеріне қайтты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C7yjKwxNPRU/?igsh=MXcxdDdnaDM5azdieA
4 маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай Балдәурен жазғы демалыс лагерінің I ауысымында “Мемлекеттік Рәміздер - ұлттың мақтанышы” тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: Жас ұрпаққа Мемлекеттік Рәміздерді дәріптеуді, құрметтеуді, сүюді үйрету. Өскелең ұрпақтың бойындағы патриоттық сезімді нығайту.
Іс-шара барысында Мемлекеттік Рәміздер жайлы таныстырылым бейнебаяны көрсетіліп, түрлі мәліметтер мен деректер айтылды. Балалар туған жері мен Отанына ән-жырларын арнады. “Көк тудың желбірегені”, “Менің Отаным”, “Туған елім әндері шырқалып, ойындар ойнатылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C7zQaBXNd37/?igsh=MW9uYzJ6bjkxNzM2Yw
5 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес дене шынықтыру-сауықтыру бағыты бойынша "Спорт-денсаулық кепілі" тақырыбында спорттық жарыстар өткізілді. Мақсаты: балаларға салауатты өмір салтын бойына қалыптастыру, денсаулықтарын нығайту, спорттың денсаулыққа пайдасы бар екенін түсіндіру, ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Жарыс барысында екі топ "Күн шуақ" және "Жұлдыз" тобы сайысқа түсті. Онда доппен секіру, шеңбермен жүгіру, арқан тартыс, әртүрлі эстафеталық ойындар ойнатылды. Сайыс соңында "Жұлдыз" тобы жеңіске жетіп, балалар ойыннан серігіп, спорттық флэшмоб билеп қорытындылады.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C71EC3HN4Ag/?igsh=Y2ZnZDBiZGkxcDFu
6 маусым күні
"Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес таңғы бой жаттығулары жасалды. Таңғы астан кейін топтарға Ұлттық құндылық бағыты бойынша "Отбасы аясында" тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: Балалардың отбасы, отбасы мүшелері, отбасы құндылығы, дәстүрі жайлы ұғымдарын кеңейту.
Отбасына деген құрмет, отбасы мүшелерін сыйлау, құрметтей білуге тәрбиелеу.
Іс-шара барысында Отбасы мүшелері бір-бірлеріне жүрекжарды тілектерін айтып, "Кім жылдам" атты мақал-мәтел сайысында өз өнерлерін көрсетті.

Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C74ZZTKNOaM/?igsh=MXFzMTQ1MXVmcWx6YQ
7 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес "Технологиялық және инновациялық" бағыты бойынша "Zhaz online" тақырыбында жаз мезгілінде балалардың бос уақыттарын қызықты да тиімді пайдалануға тәрбиелеу мақсатында бой жазу жаттығулары жасалып, "Әлем бала көзімен" атты бейнеролик көрсетіліп, ашық аспан астында асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салды.Топ ішінде әртүрлі қызықты іс-шаралар ұйымдастырылып, үйірме жұмыстарымен жалғасты. Далада спорттық қозғалыс ойындары ойнатылып, түскі астарын ішіп, балалар жақсы көңіл-күймен үйлеріне тарасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C76AubFNeDK/?igsh=N2dyOWowMjNlNWEy
Мемлекеттік рәміздер күніне орай Жарма ауданы әкімдігінің алғыс хатына «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-нің ұжымы ие болды. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау мен ақпараттық құжаттармен жүйелі жұмыс жүргізу арқасында аудан мектептерінің ішінде үздік атанды. Ең басты жүйелі жұмысты жүргізуді бақылауға алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.С.Жумукбаева мектеп директоры М.Е.Бейсембаева өз алғысын білдірді.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C8Bef8etT5G/?img_index=1&igsh=MWNwZHBiN2QzdGk5
10 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес "Көркемдік-эстетикалық" бағыты бойынша "Таланттар шеруі", "Кішкентай ғажайыптар мерекесі" тақырыбында көңілді іс-шара өткізілді.
Мақсаты: жаз мезгілінде балалардың бос уақыттарын қызықты да тиімді пайдалануға тәрбиелеу. Баланы өнерге баулу.
"Үздік әнші", "Үздік әртіс", "Үздік суретші","Үздік айтыскер" сияқты бөлімдерден сайыс өткізілді.
Топ ішінде әртүрлі қызықты іс-шаралар ұйымдастырылып, үйірме жұмыстарымен жалғасты. Далада спорттық қозғалыс ойындары ойнатылып, түскі астарын ішіп, балалар жақсы көңіл-күймен үйлеріне тарасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8CQcBNtNhV/?igsh=aGk0dHh6ZmZ6OXJr
11 маусым күні "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жұмыс жоспарына сәйкес "Сауықтыру" бағыты бойынша "Балаларға қауіпсіз интерет күні" тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Мақсаты: бүкіл әлемдік өрмек интернетке байланысты оқушылардың ойын нығайту, тапқырлық, ізденпаздық қасиеттерін қалыптастыру, интернеттің пайдасы мен зияны туралы айту. Таңғы бой жазу жаттығуларынан басталып, түскі ас берілді. Жалпы ортақ іс-шара "Менің интернетсіз бір күнім" тақырыбында презентация көрсетіліп, видеоролик ұсынылды, топпен постер құрды, балалар кітап оқыды, әртүрлі тапсырмалар орындады, пазл құрады,сергіту сәттері жүргізілді, үстел ойындары ойналды.Сонымен қатар интернетсіз аула ойындары ойналды."Шар тасу", "Су төкпе", "Шебер", "Кім жылдам" ойындары ойнатылды. "Табиғат білгіштері" тақырыбында "Өрт сөндіру" мекемесіне саяхат жасалды. Онда өрт сөндіру қауіпсіздігі туралы мағлұмат берілді, өрт сөндіргіш құралдарымен таныстырылды. Жоспарға сәйкес үйірме жұмыстарымен жалғасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8FDrt3N_9x/?igsh=MTA5YXQyZGlzb3ZwMg
12 маусым күні "Балдәурен" жазғы лагерь жоспарына сәйкес " Ұлттық құндылық" бағытында "Атадан балаға мұра" тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Лагерь жұмысы таңғы бой жазу жаттығуларынан бастап, таңғы ас беріліп, ұлттық спорттық ойындарынан жарыс өтті. Асық ату, бес табан, бес тас,теңге алу ойындары ойнатылды.

"Күн шуақ" тобында топпен тарихи квест ойыны, "Жұлдыз" тобында ұлттық ойындар сайысы өтті. Жоспарға сәйкес үйірме жұмыстарымен жалғасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8G9ItMNvJ3/?igsh=eTc3Y25xNTc4MHBo
12 маусым күні мектебімізде 9-сынып оқушыларына негізгі орта білім туралы аттестат беру салтанатты шарасы өтті.
Шараның алғы сөзін мектеп директоры М.Е.Бейсембаева алып, түлектерді бүгінгі мерекелерімен құттықтап, 31 бітірушіге негізгі орта білім туралы аттестаттарын табыс етті. 9-сыныпты «Үздік» аттестатпен аяқтаған 6 оқушыға мектеп директоры жыл бойындағы жетістіктерін атап өтті, алғыс білдірді.
Салтанатты жиында түлектердің ата-аналары білім мен ақыл-кеңесін аямаған ардақты ұстаздарына, мектепке жылы лебізін жеткізсе, сынып жетекшілері қанат қаққан мектеп түлектеріне сәттілік тіледі.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8Hte9nNkct/?igsh=cHU5aTN2enAyeXRj
13 маусым күні мектебімізде 11-сыныпты бітіруші түлектерге аттестат тапсыру рәсімі өтті.
Биылғы оқу жылында 12 оқушы мектепті аяқтап, оның ішінде 2 оқушы “Алтын белгіге”, 1 оқушы "Үздік аттестатқа" ие болды. Салтанатты шараға Жарма ауданы білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Жанакова Жанар Серказиновна қатысып, түлектерге сәт сапар тілеп, салтанатты түрде «Алтын белгі» иегерлеріне төс белгі мен аттестаттарын табыстады. Мектеп директоры М.Е.Бейсембаева түлектерге құттықтау сөз сөйлеп, ақ жол тілеп, оқушыларға аттестаттарын табыстады. Сонымен қатар, кейбір пәндерден ерекше жетістікке жеткен түлектерді арнаулы мақтау қағазымен марапаттады.
Шара соңында бітіруші сыныптың ана-аналары мектеп әкімшілігіне, ұстаздарға алғыс айтып, ыстық ықыластарын білдірді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8Klf2SucxW/?igsh=MXNlMTB1dzA3eG51Ng
“Балдәурен” жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес 15 маусым Әкелер күні мерекесіне орай “Әке-отбасының тірегі” атты спорттық іс-шара жүргізілді. Осы сайыста Ата-аналар белсене қатысып мақтау қағаздарымен марапатталды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8PsFNsN709/?igsh=ZW1oOHpiMnR1MnMw
13 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес " Экологиялық" бағыты бойынша "Жасыл желек" күні бой жазу жаттығуларынан басталып, таңғы астарын ішіп, "Табиғат тамашалары" атты ортақ іс-шара жүргізілді. Табиғат аясына серуенге шығып, өсімдіктердің әлемімен танысып таза ауада ойындар ойналып, қызықты тапсырмалар беріліп, өздерінің ой-қиялдарымен суреттер салып сайысқа түсті. Топ арасында "Күн шуақ" тобында "Жасыл аула" тақырыбында мектеп жанындағы гүлдерді тазалап, суғару жұмыстары жүргізілді. "Жұлдыз" тобында "Тәуелсіздік" бейнефильмі көрсетілді. Жоспарға сәйкес үйірме жұмыстары жүргізіліп, түскі астарын ішіп, таза ауада қызықты ойындар ойнатылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8Q-AIXNDNG/?igsh=YWtyOW9qMzhjaWtj
17 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагері " Ғарыш технологиялары" бағытында Жас ғалым "Жұлдыздарға саяхат" тақырыбында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Балалар таңғы бой жазу жаттығуларын жасап, таңғы асқа барды. " Күн шуақ" тобында "Батырлар жолы" тақырыбында сұрақ-жауап ойыны жүргізілді. "Жұлдыз" тобында "Ойнайық та ойлайық" тақырыбында интеллектуалды ойын сайыс түрінде өтті. Балалар орталық кітапханаға саяхаттап, уақыттарын көңілді де тиімді өткізе білді. Жоспарға сәйкес үйірме жұмыстары жүргізіліп, балалар түскі астарын ішіп үйлеріне қайтты.
Сілтеме: https://instagram.com/p/C8XWLW1t7rL/

18 маусым " Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жұмыс жоспарына сәйкес " Азаматтық-патриоттық" бағыты бойынша "Менің сүйікті мекенім" тақырыбында іс-шаралар өткізілді. Таңғы бой жазу жаттығуларынан басталып, таңғы асқа барды. Топ ішінде ортақ "Туған елім, туған жерім" атты зияткерлік ойыны жүргізілді. Мақсаты: Қазақстан Республикасы жөнінде кең түсінік беру. Рәміздер біз үшін неге ыстық екені халықтың тұтастығын бейнелейтіндігінен мағлұмат беру. Ойын барысы 5 кезеңнен тұрды. Бәйге, Кім көп тіл біледі, Білікті бірді жығар, Ақыл көркі тіл, Полиглот."Күн шуақ" тобында " Мейірімділік әліппесі" атты сурет көрмесі ұйымдастырылды, "Жұлдыз" тобында "Оқуға құштар балақай атты әртүрлі танымдық жұмыстары жүргізілді. Түскі астан кейін үйірме жұмыстары жүргізіліп, дала ойындары ойнатылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8XWLW1t7rL/?igsh=MTQxMzd3OWticHgzaw
Білім беру жүйесінде заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану арқылы сапалы білімнің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, жоғары рейтингтік көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында өткен аудандық "Орта білім беретін үздік ұйым" байқауында «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-сі 2-орын иегері атанды! Білім бөлімінің басшысы
К.Шаймуратовтың мадақтамасымен марапатталды!
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8Y2OVFN7kB/?igsh=MXh0emh1Y29oenMyeA
19 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жұмыс жоспарына сәйкес "Этикалық" бағыты бойынша "Досыңа қуаныш сыйла" тақырыбында " Қайырылымдық жасайық" атты акция ойыны жүргізілді. Мақсаты: балаларды мейірімділікке, қайырылымдылыққа, татулыққа және достыққа баулу. Топ ішінде " Күн шуақ" тобында "Салауатты өмір салты" спорт сайысын жүргізді, "Жұлдыз" тобында " Кім тапқыр" интеллектуалдық сайысы өтті. Түскі астан кейін лагерьдің жабылуына дайындық жұмыстары жүргізілді. Ән жаттап, би билеп, көріністе дайындалды. Таза ауада футбол ойнады. Жоспарға сәйкес үйірме жұмыстарымен жалғасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8bJK5fiUIU/?igsh=MXZ3NTRqdTZsOG95aQ
Ағымдағы жылдың 20 - маусымында мектебімізде Абай облысы білім басқармасының «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығының ұйымдастыруымен көшпелі кэмпинг ұйымдастырылды. Іс-шараға Шар қаласының 4 білім беру мекемесінен 100-ден астам бала қатысты, олардың қатарында мектеп парламенті мүшелері, өлкетану отрядтары мен спорттағы көшбасшылар бар.
Жазғы бағдарлама аясында жүзеге асырылған жобалар: «Туристік өлке», «Спорт көшбасшысы» және «Fun Kids».
«Туристік өлке» жобасы туристік дағдыларды, экологиялық мәдениетті дамытуға, сондай-ақ Абай облысының географиясы, тарихы мен табиғаты туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған. Өлкетану отрядтарына әдістемелік көмек көрсетуге ерекше көңіл бөлінді. Жоба аясында облыстық рейтингте жүлделі орындарға ие болған өлкетану жасақтары, сондай-ақ “Табиғатты аяла” облыстық байқау жеңімпаздары марапатталды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8ebfiGtVil/?igsh=b3g2OWRydDk2YmZ3
21 маусым күні "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің 1 ауысымының "Қош бол сүйікті лагерь" атты жабылу салтанатты өтті. Мерекелік концертіміз балалардың ән шашуымен басталды.Концерт барысында балалар жаз туралы жаттаған тақпақтарын айтып, қыз балалар "Гүлдер" және "Заманауи" билерін билеп, әртүрлі қызықты ойындар ойнап, жұмбақтар шешіп, жаз мезгілінің киім үлгісін көрсетіп, "Шалқан" ертегісінен сахналық көрініс тамашалап ертегі әлеміне саяхат жасап қайтқандай әсерде болды. Лагерь жетекшісі Зарина Бекежановна балаларға өзінің жақсы тілегін айтып құттықтады. Лагерь басталғалы күнделікті келіп, өзін белсенді көрсеткен балаларға

мақтау қағаздары мен алғыс хаттар табысталды. Түскі астарын ішкен соң балаларға тәтті мақта таратылып, үйлеріне жақсы көңіл-күймен тарасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8e5fDmtxun/?igsh=MXQwNWY5c2Nnb3Rreg
25 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес " Дене шынықтыру-сауықтыру" бағыты бойынша іс-шаралар өткізілді. Лагерь бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас беріліп, "Біз спортты жақсы көреміз" атты флешмоб жүргізілді. Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында спорт алаңында "Спорт-денсаулық кепілі" атты спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Лагерь балалары 2 топқа бөлінді. 1-топ: Қыран тобы, 2-топ: Жүйрік тобы. Балалармен таза ауада қызықты ойындар, атап айтсақ, арқан тартыс, таяқпен шарды ұра отырып, кедергілердің арасынан өткізу, кедергілерден өту арқылы губкамен бос ыдысқа су толтыру ойындары ойнатылып, түрлі дене шынықтыру жаттығулары жасалынды. Жоспарға сәйкес үйірме жұмыстары жүргізілді. Күн соңында түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8oqlBVt0TC/?igsh=MzhkZnduajAyeXM
26 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Интеллектуалды-танымдық» бағыты бойынша «Білімділер» күні өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру мақсатында "Оқиық та, тоқиық" топтық сайысы өткізілді. Сайыс 4 кезеңнен тұрды.
1-кезең - Бәйге;
2-кезең - Жеті жұрттың тілін біл;
3-кезең - Қызықты төрттік;
4-кезең - Көшбасшы.
Сайыскерлер 3 топқа бөлініп, түрлі тапсырмалар орындады. Іс-шарадан кейін жоспарға сәйкес үйірме жұмыстары жүргізілді. Балалармен күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге оралды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8rGTJatKRG/?igsh=MWtjbHYyMXB3cHIxNg
26 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Көркем-эстетикалық» бағыты бойынша «Жас суретшілер» күні өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдарына ерік беру мақсатында "Түрлі-түсті арман" суреттер байқауы өткізілді. Балалар әйнекке, А4 қағазға, шеңберге, киімдеріне, салафандарға өздерінің суреттерін салып, қол іздерін қалдырды. Іс-шарадан кейін жоспарға сәйкес үйірме жұмыстары жүргізілді. Балалармен күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8tm-QatXaP/?igsh=MXR1MjBjMTUwdGZ3eA
27 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Интеллектуалды-танымдық» бағыты бойынша «Ғажайыптар» күні өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында "Қазынаны тап" ойыны өткізілді. Лагерь тәрбиешісі балаларға ең алдымен қазынаны іздеуге карта ұсынды. Сол арқылы балалар тоғайлардың арасынан бағыттаушы тапсырманы шешіп, белгіленген жерлерге барып тапсырмаларды дұрыс шеше отырып, жасырылған қазынаны тауып, тәттілерге ие болды. Іс-шарадан кейін жоспарға сәйкес үйірме жұмыстары жүргізілді. Балалармен күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.

Сілтеме:
https://www.instagram.com/reel/C8wWBToNI_e/?igsh=MWY2ODI3cDM3ZXU2dw
01 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Мәдени-рухани» бағыты бойынша іс-шаралар өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Болашақ жастардікі» флешмобы ұйымдастырылды. Балалар ашық аспан астында түрлі-түсті шарлар, ленталармен әуен ырғағына сай флешмобты биледі. Іс-шарадан кейін жоспарға сәйкес үйірме жұмыстары жүргізілді. Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас берілді. Балалар бір-бірімен су атысып, тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C86ZqbGt1SD/?igsh=MXg2YjU4dDRiM2poZw
02 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Ұлттық құндылық» бағыты бойынша іс-шаралар өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балалардың қиялдарына ерік беру мақсатында «Ерте, ерте, ертеде...» ертегілер күні өткізілді. Ертегілер күніне орай «Ертегілер әлемінде» қойылымы көрсетілді. «Мақта қыз», «Маша мен аю» ертегілерінен қойылым көрсетілді. Балалар ертегілер әлеміне саяхат жасағандай күй кешті. Іс-шарадан кейін жоспарға сәйкес үйірме жұмыстары жүргізілді. Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C86ZqbGt1SD/?igsh=MXg2YjU4dDRiM2poZw
03 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Көркемдік-эстетикалық» бағыты бойынша іс-шаралар өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында «Сән әлемінде» күні өткізілді. Осы күнге орай «Сәнқой қыздар, қайратты ұлдар!» тақырыбында байқау өткізілді. Балалар тәрбиешілермен бірлесіп әртүрлі пакеттардан, салафандардан, қағаздардан, маталардан көйлек жасады. Балалар көйлектерін киіп, сахнаға шығып сән үлгісін көрсетті. Топта балаларға кинотеатр форматында мультфильм көрсетіліп, попкорн берілді.
Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C89LeQ1uSdv/?igsh=ZnN5N2o3NzF3M3Zz
04 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Экологиялық» бағыт бойынша іс-шаралар өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балаларды экологияны таза ұстауға, қоршаған ортаны аялау мақсатында «Неткен сұлу, неткен көркем, осы менің туған өлкем!» тақырыбында түрлі шаралар өткізілді. «Табиғатты аялаймыз, қорғаймыз, аясында серуен құрып ойнаймыз!» топ серуені өткізілді. Балалар тәрбиешілермен бірге табиғат аясына көкке шықты. Ойын ойнап, би биледі. Серуен соңында қоршаған ортаны тазалап, өз отырған жерлерін қалдықтардан тазалады.
Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C8_pFVCOphl/?igsh=OWl5N3FmbWY5d3M2
05 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Азаматтық-патриоттық» бағыт бойынша 6-шілде Астана күні мейрамына орай іс-шаралар өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балалар тәрбиешілер, үйірме жетекшілерімен бірге қалалық мәдениет үйіне мерекелік іс-шараны тамашалауға барды. Іс-шарада Астана қаласына қатысты түрлі сұрақтарға жауап беріп, тәттілерге ие болды. Мерекелік іс-шарадан кейін мектепке

оралып, «Астана-арман қала» тақырыбында топтық тапсырмалар орындап, тәрбиешілер тарапынан Астана қаласы жайында бейнематериал көрсетіліп, анықтама берілді.

Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C9CQVdcuSEw/?igsh=MTRsYzBtY2g0ZWxsYw

09 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Технологиялық және инновациялық» бағыт бойынша «Жас IT ғалымдар» күні өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Топтық тапсырмалар орындалып, қызыққа толы ойындар ойнатылды. «Мен және менің роботым» атты жас IT ғалымдардың жасаған роботтарынан көрме өткізілді. Жас өнертапқыштар өздері құраған роботтарын таныстырып, ол роботтың тигізер пайдасын түсіндіріп кетті. Көрме барысында балалар робототехника бойынша сұрақтарға жауап берді. Көрме соңында лагер жетекшісі Г.Т.Джакупова жас IT ғалымдарына сәттілік тілеп, облыс, республикалық жарыстарда жүлделі орын иегерлері атануды тілеп, сыйлықтарын табыс етті.

Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C9MyBLzuCl1/?igsh=bTd0OHIxODJuc21v

10 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Ұлттық құндылық» бағыты бойынша «Ұлттық ойындар» күні өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Оқушылар ашық аспан астында «Ұлттық ойын ойнайық» тақырыбында ұйымдастырылған қазақтың ұлттық ойындарын ойнап жарысты. Ұлттық ойындар: Ханталапай, асық ату, бес тас, арқан тартыс, тақия тастамақ, жұптасып тартысу, жаңылма. Балаларға қазақтың ұлттық ойындары асық ойнау, қол күрес, тақия тастамақ ойындары арқылы қазақтың салт-дәстүрі , әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C9PNp14O0Ch/?igsh=MW1hNTB2aWFreXEzdQ

11 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Этикалық» бағыт бойынша «Жағымды естеліктер» күні өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Лагерь тәрбиешісі балаларға осы 3 апта көлемінде лагердан алған жағымды әсерлерін тыңдау мақсатында «Менің жағымды естеліктерім» атты іс-шара өткізді. Балалар ерекше әсер алған сәттерде «Қадам бас» әдісі арқылы бөлісті. Балалардың көпшілігіне таңғы жаттығу, жаңа достар тапқандарын, асхананың дәмді тағамдары, қазына табу, ашық аспан астында сурет салу, флешмоб билегендері, ертегі, шебер қолдар үйірмесінде жұмыс жасағандары, сән үлгісін көрсету, спорт күні ерекше ұнағандарын атап өтті. Кейін балалар бір-біріне «Көгершіннен хат» әдісі бойынша хат жазып, жылы ықыластарын білдірді. Шара соңында далада балалармен түрлі қызықты ойындар ойнатылды.

Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге тарқасты.

Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C9UTjBZOFNt/?igsh=cnBzYXlxeW1oZmhv

12 шілде "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінің жоспарына сәйкес «Рухани-адамгершілік» бағыты бойынша «Қош бол, Балдәурен!» лагердің жабылу салтанаты өткізілді. Лагерь «Жаттығу жаса, бой сергіт!» бой жазу жаттығуларынан басталды. Таңғы ас берілді. Балалар лагердің жабылуына үлкен дайындықпен келді. 3 апта көлемінде үйренген билерін билеп, әндерін айтты. Ең бірінші қыздардан құралған

флешмоб шымылдықты ашты. Кейін Мақсұтбек Нұртілеудің орындауында «Көк тудың желбірегені» әні шырқалды. Мерей мен Айым «Ләйлім» әнің орындаса, лагерь қонағы Айзере Үнді биін биледі. Шымылдықты ұлдардан құралған топ «Ана» әнімен жапты. Соңында балаларға лагерь жетекшісі Г.Т.Джакупова алғыс білдіріп, тәттілер табыстады. Күн соңында қозғалмалы ойындар ойнатылды. Кейін түскі ас беріліп, балалар тамаша көңіл-күймен үйге оралды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C9UTjBZOFNt/?igsh=cnBzYXlxeW1oZmhv
Мектепке жол акциясы аясында мектебіміздің 2005ж түлегі, жеке кәсіпкер Балкобекова Ботагөз Арынгазыевна мектебіміздің аз қамтылған отбасынан шыққан 2 оқушыға демеушілік көмек көрсетті. 1 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқу құралдарын алса, екінші оқушыға мектеп формасын алып берді. Осындай игі бастамада балалар үшін қол ұшын созып, демеушілік танытып жатқан жандарға алғысымыз шексіз.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C-aSFHhNtJV/?img_index=1&igsh=MWZnMWVyZHN3aWpwZQ
2024 жылдың 19-тамызы күні 1-сыныпқа келетін балалардың жаңа білім беру жағдайларына табысты бейімделуін, ойын әрекетінен оқу әрекетіне біртіндеп көшуін қамтамасыз ету, баланың мектепте оқуға оң көзқарасын қалыптастыру мақсатында «Балақайлар мектебі» қысқа мерзімді мектепалды даярлық курсы басталды. Даярлық сабақтарына 20 оқушы қамтылды. Оқушылардың тілдерін дамыту, қаламды дұрыс ұстай білуге машықтандыру, бастырып жазу, заттарды санау, салыстыру жұмыстары жүргізілді. Қысқа мерзімді мектепалды даярлық курсының мұғалімі: Джакупова Гульаим Тансыковна.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C-26oo9Nja_/?igsh=MzFpN2E1Y3ZqZjFk
Мектепке жол акциясы аясында Шар қаласының жеке кәсіпкерлері: Тулакова Сәуле, Касымбекова Мерей, Жуманова Толқын мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 4 оқушыға аяқ киім табыстады. Демеушілік көмек көрсеткен жергілікті жеке кәсіпкерлерімізге алғыс білдіреміз!
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C-27aL0NXLP/?igsh=Yms3ZGR0emF5N3Qy
Мектепке жол акциясы аясында Шар қаласында орналасқан Спорт кешенінің басшысы Хасенов Балахмет Ардахметович мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 1 оқушыға мектеп формасын сыйға тартты. Демеушілік көмек көрсеткен Хасенов Балахмет Ардахметовичке алғыс білдіреміз!
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C-9HQ_GCxxG/?igsh=MWdrYmttYjZ2eHV2dA
Мектепке жол акциясы аясында мектебіміздің түлегі Самыжан Жанат Тоқтарбековна мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 1 оқушыға мектеп формасын сыйға тартты. Демеушілік көмек көрсеткен Самыжан Жанат Тоқтарбековнаға алғыс білдіреміз!
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C-9H5qkiL83/?igsh=MXI1NjV0a3U5eHBydg
Мектепке жол акциясы аясында Кезеңсу ауылының тумасы, жеке кәсіпкер Самарханов Ербол Алтайұлы 200 мың теңге қаражат бөліп, мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балаларға мектеп формасын сыйға тартты. Ербол Алтайұлы былтырғы оқу жылында да ауқымды демеушілік көмек көрсеткен. Осындай игі бастаманы әдетіне айналдырған демеушіміз Самарханов Ербол Алтайұлына алғыс білдіреміз!
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C_A5MMttBxh/?igsh=ejB2bDJ4dmdrOHJw
19-тамыз күні бастау алған «Балақайлар мектебі» қысқа мерзімді мектепалды даярлық курсы өз жұмысын жалғастыруда. Оқушылар мектепке, жаңа оқу жағдайларына, мұғалімге жылдам үйренісіп келеді. Оқыту барысында түрлі дидактикалық, қозғалмалы ойындар арқылы балалардың, өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамыту, зейіндерін

шоғырландыру, тілдерін, қарым-қатынас, жазу, санау дағдыларын дамыту жұмыстары жүргізілуде.
Сілтеме:
https://www.instagram.com/p/C_BPaYKtvfW/?img_index=1&igsh=aXUwa2s0MXJmanUz
29 тамыз күні 2-4 сынып оқушыларымен 30 тамыз Конституция күніне орай «Ата заң - тәуелсіз ел тұғыры» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты:
1. Балаларға Ата Заңымыз, адам құқықтары туралы түсінік беру.
2. Оқушыларды өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету, өзіндік шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту.
3. Құқықтық сауаттылыққа және Отанын сүйетін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C_SQGE6u6Cb/?igsh=MXJqbGNkcXY1ZHljZg
29 тамыз күні 5-10сынып оқушыларымен 30 тамыз Конституция күніне орай «Ата заң - асыл мұраттар бастауы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты:
1. Балаларға Ата Заңымыз, адам құқықтары туралы түсінік беру.
2. Оқушыларды өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету, өзіндік шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту.
3. Құқықтық сауаттылыққа және Отанын сүйетін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.
Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C_SS1TWu12Y/?igsh=MTdtYWtyN2R3ZThtYw

IV Сынып жетекшілердің әдістемелік жұмыс жоспары және құжаттары

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2007жылғы 29 қарашадағы №583 бұйырығымен бекітілген. Әдістемелік жұмыс тәрбие беру үдерісін оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жеткізу үшін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және материалдық объектілермен қамтамасыз ету, тәрбие ұйымының қызметі. Әдістемелік жұмыс– мектептегі тәрбие жұмысын басқарудың негізгі саласы. Сондықтан да тәрбие жағдайында тәрбие беру ұйымдарының әдістемелік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру басты міндетіміз болып отыр. Өйткені қазіргі заманғы педагогтардың кәсіптік құзіреттіліктеріне қойылатын басты талап – өз мамандығының әлеуметтік маңыздылығы мәнін түсіну, Қазақстан Республикасы білім саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен заңдарды білу. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға әдістемелік жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру, әдістемелік көмек көрсету, басшылық және бақылау жатады.
Мектептегі тәрбие мәселелері, мақсаты, міндеттері, бағыттары шешуде, үнемі педагогикалық кеңесте, директор жанындағы отырыста, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік отырысында, ата-аналар комитеті отырысында қаралып, талқыланып отырылады.
Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырушы орта ол - сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі. Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі жүйелі, нәтижелі болу үшін :
1. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жүйесі;
2. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің қызмет құрылымы;
3. Сынып жетекшілердің сапалық құрамы, білімі;
4. Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің перспективалық бағдарламасы
5. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің инновациялық бағытында әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану бағдарламасы
6. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік отырысының жоспары жасалды.

Әдістемелік бірлестікте 2023-2024 оқу жылында 17 сынып жетекші жұмыс жасады. Бірлестік жетекшісі: Джакупова Гулаим Тансыковна. Жыл көлемінде 10 отырыс өтті, тақырыптары жылдық жоспарда көрсетілген, әрбір отырыс хаттамасы толтырылған. (Көшірмелері қосымша тіркеледі)

2023 жылдың 13 қыркүйегінде “Абай атындағы мектеп-балабақша кешені” КММ-де алғашқы сынып жетекшілер отырысы өткізілді. Жиын барысында биылғы оқу жылындағы бірыңғай ұлттық тәрбие бағдарламасы талқыланып, жоспар құру үлгілері таныстырылды. Тәрбие процесінде педагогикалық мониторингті жүргізу оны үнемі тексеру арқылы нәтиженің қажеттілікке сай келуі немесе сай келмеуі жағдайын анықтау. Педагогикалық мониторинг тәрбие процесінде педагогтың барлық әрекетіне енеді. Мектебіміздегі тәрбие жұмысындағы педагогикалық объектісі ретінде біртұтас педагогикалық ұжым, ата-аналар, балалар, қоғамдық орындар. Сондықтан әр қасиетке байланысты зерттеу, жұмыс жүргізуге тиіс. Әрбір педагогтың кәсіби деңгейін көтеруге, оқушылардың құндылық бағытының сипатын, мұраттарын, талпынысын, қажеттілігін салауатты өмір сүру деңгейін анықтауға, ата-аналардың әлеуметтік ортасын анықтай отыра тәрбие жұмыстарын сауатты ұйымдастыруға жұмыс деңгейін көтеруге нәтижеге жетуге, болжам жасауға мүмкіндік жасау керек. Тәрбие күрделі үздіксіз процесс. Әр сыныптағы тәрбие жұмысының нәтижелі болуына істейтін сынып жетекшінің темпераментін білу, өзіндік бақылауды және өз істеріне баға беруді тиімді атқаруға мүмкіндік туғызады.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы:

Кесте №1

№	Мазмұны	2023 – 2024	
		Саны	%
1	Жоғары	0	0%
2	I санат	0	0%
3	II санат	0	0%
4	Педагог	6	60%
5	Педагог-шебер	0	0%
6	Педагог-зерттеуші	1	10%
7	Педагог-сарапшы	4	40%
8	Педагог-модератор	6	60%
9	Барлығы	17	100%

сынып жетекшілердің білімі жөніндегі мәлімет:
Кесте №2

№	Мазмұны	2023-2024	
		Саны	%
1	Жоғары білімді	16	94%
2	Арнаулы орта	1	6%
3	Барлығы	17	100%

2023-2024 оқу жылында барлығы 17 сынып жетекші, 4 тәрбиеші. Жиыны – 21. Оның ішінде 1-11 сынып жетекшілердің 16- ы жоғары білімді. Сонда 94% жоғары білімді мұғалімдер.

Сынып жетекшінің шеберлігін бағалау диагностикалық картасы
Кесте№3

№	Сынып жетекшісінің жұмыс бағыттары	2023 – 2024
1	Сынып ұжымын қалыптастыру	5
2	Сынып оқушыларын зерттеу	4.8
3	Сынып бойынша оқу үлгерімі	4.7
4	Сынып бойынша білім сапасы	4.7
5	Оқушылардың оқулықпен қамтылуы	5
6	Өзін-өзі басқару ұйымдарымен жұмыс	5
7	Әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысуы	5
8	Мектепішілік кезекшілікке қамтылуы, сапалылығы	4.7
9	Мектепішілік сайыстар мен олимпиадаларға қатысу деңгейі, жеңімпаздарының болуы	5
10	Аудандық сайыстар мен олимпиадаларға қатысу деңгейі, жеңімпаздарының болуы	4.2
11	Облыстық, республикалық сайыстар мен олимпиадаларға қатысу деңгейі, жеңімпаздарының болуы	3.7
12	Қиын оқушылармен жұмыс. Мектепішілік тәуекел топта оқушының болуы, болмауы	5
13	Аудандық ПБ есебінде оқушының болуы, болмауы	5
14	Оқушылардың оқу сабақтарын себепті және себепсіз босату деңгейі	5
15	Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралар деңгейі	4.8
16	Ата-аналардың жиналысқа қамтылуы	4.7
17	Ата-аналардың іс-шараларға қатысу деңгейі	4.6
18	Әр сынып жетекшісінің сайтының болуы, жүргізілуі	4.4
19	Жеке іс қағаздарының жүргізілу сапасы	4.8
20	Берілген тапсырмалардың уақытылы орындалуы	4.8

Сынып жетекшілердің шеберлігін бағалау диагностикасының салыстырмалы мониторингісі. Бүгін әрбір педагогтың, әлем педагогтерінің үздік тәрбие технологияларын үйренуге үлкен мүмкіндік жасалған. Сынып жетекшілер жаңа педагогикалық технологияларды сыныпта өтілетін кеш жиындарда, ата- аналармен өткізілетін іс-шараларда, жиналыста тиімді пайдалануда. Осы орайда сынып жетекшілердің технологиямен жұмыс істеу кестесін көруге болады. Жоғарыдағы параметрлер бойынша келесі сынып жетекшілерді ерекше атап өтуге болады:Джакупова Г.Т., Жакупова А.Б., Айдарханова Ж.К., Бердібекова М.К., Кабышева А.С., Серікболова Э.Д., Бейсембаева Г.М.

2023-2024 оқу жылында сынып жетекшілер жоғарыда кестеде көрсетілген инновациялық технологияларды өз жұмыстарында қолдануда. Сол арқылы сыныптағы оқушылардың сыныпта және сыныптан тыс іс-шараларды өткізуде қызығушылықтарын арттыруда. Барлық 17 сынып жетекші, 4 тәрбиеші өз жұмысында 100 % технологияларды қолдана отырып, саналы тәрбие беруді жүзеге асыруда. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы

мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу. «Надан жұрттың күні –қараң, келешегі тұман»,- деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Бала тәрбиесімен айналысып отырған сынып жетекшілердің жетістіктері:

2023-2024 оқу жылының қорытындысын шығару барысында білім және тәрбие салалары бойынша үздік нәтиже көрсеткені үшін 10 «А» сыныбының жетекшісі Самыжан Ж.Т. **«Үздік сынып жетекші»** номинациясын, 2«А»сыныбы **«Белсенді сынып»,** 11 «А» сынып жетекшісі Бейсембаева Гузаль Муродиловна «**Жыл мұғалімі»**, бастауыш сынып бірлестігі **«Үздік бірлестік»,** Серікқазы Сезім **«Жыл оқушысы»**, Бохбалин Әли және Сергазин Рашид **«Үздік спортшы»,** 1 «А» сынып оқушысы Мұратхан Жанияның ата-анасы **«Жыл ата-анасы»** номинациясын иеленді. **«Жыл спортшысы»** Сергазин Ислам.

https://www.instagram.com/reel/C3QNQbPtNgZ/?igsh=ZDN3MGd2eGY5ZGhs

Сынып жетекшілердің кәсіби құзіреттілігін жетілдіру.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі оның өзіне деген сенімділігін кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Осы тұрғыда сынып жетекшілердің білім дәрежесін көтеру мақсатында әдістемелік отырыстарда іс-тәжірибе алмасып, үнемі тәрбие жұмысына арналған басылымдармен танысып отырамыз**.**

Қорытындылай келе, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі алдағы уақытта сынып жетекші - оқушы-ата-ана ынтымақтастың тиімді әдістерін пайдалану бойынша зерттеу жұмыстарын жалғастырып, нәтижесін әдістемелік құрал түрінде жариялау жоспарланып отыр. Мектепте берілетін тәрбие орнықты, әрі өзіндік ерекшелігі анықталған, баланың еркін дамуына жағдай жасалған өз сипаты, заңдылығы бар үздіксіз үрдіс болуын қадағалап ескереміз.

02.11.2023 жылы сынып жетекшілер бірлестігінің №2 отырысы өтті. Күн тәртібінде:

1. “Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы” бағдарламасы және сабақ түрлерімен таныстырылды.
2. Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік
3. Әр түрлі мәселелер

Мектебімізде "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" онкүндік жоспары аясында мектеп психологы Айгуль Ерсерікқызының ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушыларымен "Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын" тренинг-жаттығуы өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

https://www.instagram.com/reel/Czl5S0dNbU0/?igsh=MTZwY3IzYmczcTd2ZQ

V. Ата-аналармен жұмыс.

Биылғы 2023-2024 оқу жылына арналған ата аналармен жүргізілетін жұмыстар жоспарланған және жүйелі жүргізіліп келеді. Мақсаты: Ата-аналарды сыныптағы оқу тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстыру, мектеппен қарым қатынасты нығайту мақсатында ашық есік күндері, тәрбие сағаттары, спорттық сайыстар, әртүрлі тақырыптарда түсіндірме жұмыстары, тренингтер және тоқсанына бір рет жалпы ата-аналар жиналысын өткізу жолға қойылған. Ата-аналар жиналысы өткізіліп, хаттамасы жазылып, тіркеліп отырылады. Ата-аналармен

жүргізілген жұмыстар мектептің инстаграм парақшасына жарияланады. «Төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдерін азайтуға және балалы отбасыларды әлеуметтік қолдауға бағытталған кешенді іс-шараларды бекіту жоспары» аясында 1-11 сыныптар арасында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа ата-аналар, сынып жетекшілер, Жарма ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженерлері – Толеугазин Кайрат Амангельдинович қатысты. Аға инженерлер «Үйдегі балалардың өрт қауіпсіздігі», «Ересектер мен балаларға арналған өрт қауіпсіздігі әліпбиі» тақырыбында, кәмелетке толмаған балаларды қараусыз қалдыру жағдайларын болдырмауға, балаларды ерекше назарда ұстауға және күнделікті өмірде өрт қауіпсіздігі қағидалары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға өрт қауіпсіздігінің алдын алу бойынша жадынамалар таратылып, бейнероликтер көрсетілді.

2023-2024 оқу жылынан бастап ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету мақсатында мектепте педагогикалық қолдау орталығы құрылып, өз қызметін жүргізді. Атқарылатын жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылды.

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;
3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Мектеп директорының 2023 жылғы 13 қазандағы №87 бұйрығымен бекітілген ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын үйлестіретін жұмыс тобы құрылды. Құрамында: Барлық сынып жетекшілер буын буынмен құрылған

№	Аты жөні	Лауазымы
1	Бейсембаева М.Е.	Мектеп директоры
2	Абылханова Ж.Т	ДТІЖО
3	Галиева А.Е.	Психолог
6	Аубакирова Ж.Е.	Мектеп тәлімгері
7	Айдарханова Ж.К.	Бастауыш сынып мұғалімі
8	Ермекбаева Н.К.	Бастауыш сынып мұғалімі
9	Есенгельдинова А.Х.	Бастауыш сынып мұғалімі
10	Джакупова Г.Т.	Бастауыш сынып мұғалімі
11	Жакупова А.Б.	Бастауыш сынып мұғалімі
12	Оспанова А.Т.	Бастауыш сынып мұғалімі
13	Турсынканова Г.Ш.	Бастауыш сынып мұғалімі
14	Кабышева А.С.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
15	Солтанова А.Е.	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
16	Толеугазинова Л.Т.	Тарих пәнінің мұғалімі
17	Абылханова Ж.Т.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
18	Сейтқали Д.М.	Математика пәнінің мұғалімі

19	Бердібекова М.К.	Информатика пәнінің мұғалімі
20	Серікболова Э.Д.	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
21	Тусупова А.Б.	Физика пәнінің мұғалімі
22	Самыжан Ж.Т.	Математика пәнінің мұғалімі
23	Бейсембаева Г.М.	География пәнінің мұғалімі

2023-2024 оқу жылы барысында ата-аналармен өткізілетін педагогикалық қолдау сабақтарын және жиналыстарын ұштастыра отырып өткізу мақсатынды арнайы жоспар жасалып бекітілді.

I. 1-4 сыныптар

№	Оқу сабақтарының тақырыптары	Өтілетін мерзімі	Қамтылатын сыныптар	Жауапты үйлестіруші
1	«Отбасы – бақыт бесігі»	Қазан	1-4 кл ата-аналары	Айдарханова Ж.К.
2	«Білімдіге дүние жарық».	Қараша	1-4 кл ата-аналары	Джакупова Г.Т.
3	«Әрбір бала – жарық жұлдыз»	Қараша	1-4 кл ата-аналары	Есенгельдинова А.Х.
4	«Баланы жастан»	Желтоқсан	1-4 кл ата-аналары	Жакупова А.Б.
5	«Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны».	Қаңтар	1-4 кл ата-аналары	Турсынканова Г.Ш.
6	«Сенім арту – жетістік кепілі»	Ақпан	1-4 кл ата-аналары	Оспанова А.Т.
7	«Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер»	Наурыз	1-4 кл ата-аналары	Ермекбаева Н.К.
8	«Тәліммен өрілген біздің дәстүр»	Сәуір	1-4 кл ата-аналары	Ермекбаева Н.К.

II. 5-9 сыныптар

№	Оқу сабақтарының тақырыптары	Өтілетін мерзімі	Қамтылатын сыныптар	Жауапты үйлестіруші
1	«Баланың бас ұстазы – ата-ана»	Қазан	5–9 «А» ата – аналары	Кабышева А.С.
2	«Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі»	Қараша	5–9 «А» ата – аналары Ата - аналары	Солтанова А.Е.
3	«Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер»	Қараша	5–9 «А» ата – аналары	Толеугазинова Л.Т.
4	«Бұлақ көрсең, көзін аш».	Желтоқсан	5–9 «А» ата – аналары	Абылханова Ж.Т.
5	«Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері».	Қаңтар	5–9 «А» ата– аналары	Сейтқали Д.М.
6	«Әр нәрсенің өлшемі бар...»	Ақпан	5–9 «А» ата – аналары	Бердібекова М.К.
7	«Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары»	Наурыз	5–9 «А» ата– аналары	Серікболова Э.Д.
8	«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына»	Сәуір	5–9 «А» ата – аналары	Тусупова А.Б

III. 10-11 сыныптар

№	Оқу сабақтарының	Өтілетін	Қамтылатын	Жауапты

	тақырыптары	мерзімі	сыныптар	Үйлестіруші
1	«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу»	Қазан	10 кл ата-аналары	Самыжан Ж.Т.
2	«Көркем мінез – баға жетпес байлық»	Қараша	10 кл Ата - аналары	Бейсембаева Г.М.
3	«Сен жанбасаң лапылдап...»	Қараша	10 кл ата-аналары	Самыжан Ж.Т.
4	«Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы»	Желтоқсан	10 кл ата – аналары	Бейсембаева Г.М.
5	«Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...»	Қаңтар	10 кл ата-аналары	Самыжан Ж.Т. Бейсембаева Г.М.
6	«Күйзелістен шығар жол»	Ақпан	10 кл ата – аналары	Самыжан Ж.Т. Бейсембаева Г.М.
7	«Сүйіспеншілік – сыйластық кілті»	Наурыз	10 кл ата-аналары	Самыжан Ж.Т.
8	«Атадан өсиет, анадан қасиет»	Сәуір	10 кл ата – аналары	Бейсембаева Г.М.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау мектеп бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Ата-аналарды педогогикалық қолдау мақсатында педогогикалық сабақтар өткізілді. Ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету үшін ата-аналардың Психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін ұйымдастыру мақсатында "Абай атындағы мектеп-балабақша кешені" КММ-де 14 ақпан күні 10 "А" сынып ата-аналарымен "Сен жанбасаң лапылдап" тақырыбында жиналыс өткізілді. Мақсаты: мамандық таңдау кезінде балаға қолдау көрсетуі үшін ата-ананың мықты уәжін қалыптастыру. Жасөспірімнің бейімі мен қызығушылығын анықтау.
https://www.instagram.com/p/C3zXNqMoEIh/?utm_source=ig_web_copy_link
Бала тәрбиесіндегі қазақтың бір озық үлгісі – әжелер мектебі. Қазақ даласында әжелер мектебінің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызының зор болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл ретте Абайдың әжесі Зере, Шоқанның әжесі Айғаным, одан қала берді Ұлжан мен Ұлпан әжелер туралы айтсақ та жеткілікті. Иә, әжелер – даналықтың бұлағы. Қай бала да әжесінің әлдиі мен ертегісін, ұлағатты сөздерін ести келе жақсы азамат болып өседі. Әжелер мектебі ұлтымыздың салт-дәстүрлерін, әдеп-ғұрыптарын, жөн-жоралғыларын жаңғыртып, өскелең ұрпақты саналы тәрбиеге жетелеп келеді. Мектебімізде әжелер мектебінің жоспары негізінде түрлі іс-шаралар өткізіліп келеді. Айталық, «Ақ орамал – әжелер ажары», «Кимешек», «Келінің келісті болса», «Енесі жақсының уығы алтын». 28-қараша күні әжелеріміздің бастамасымен қазақ халқының ең маңызды ғұрыптарының бірі – тұсау кесу салты өткізілді. Уақыт өте келе тұсаукесер рәсімі жаңара бастады. Қазір ақ матаның үстінде тәй-тәй басқан баланың алдында қолын жайып анасы емес, бала таңдап алуға тиісті бірнеше зат қойылады. Оның қатарында ақша, қамшы, кітап секілді заттар бар. Бала ақшаны таңдаса – бай, қамшыны таңдаса – ел тізгінін ұстайтын азамат, ал кітапты таңдаса данышпан болады деп ырымдайды.
https://www.instagram.com/reel/C0Mnametd6V/?igsh=MXhhOHlrY3JzaTRmcQ

7 желтоқсан күні Жеңгелер мектебі мүшелерінің қатысуымен «Қыз-қылығымен көркем» атты танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: Жеңге мен қайын сіңілі арасындағы өзара сыйластықты, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, жеңге мен қыз арасындағы тәрбиені одан әрі дамыту, салт-дәстүрді құрметтей білуге, ұлттық салт-дәстүрді қадірлеуге, туыстық қатынас, соның ішінде жеңгесінің алар орны мен рөлін ұғынуға тәрбиелеу. Танымдық сағат барысында жеңгелер мектебінің мүшелері шаш өріп жатқанда қалған қыздар, мақал-мәтелдер, өлең шумақтарын айтып жарысты.
https://www.instagram.com/p/C0jWtNxtzTt/?igsh=MXRhbWhxYXcyanF5cA
Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да, туған үйдің жылуы әр адамның есінде жүретіні анық.
2024 жылдың қаңтар айының 30 күні 1-8 сынып оқушыларының отбасыларының қатысуымен «Отбасылық таланттар» сайысы өткізілді. Мақсаты: Отбасы — тәрбиенің бастауы, бала өміріндегі маңызды – өнеге баспалдағы екендігін ескере отырып, отбасыдағы өнегелі тәлім-тәрбие арқылы бала бойында адамгершілік, сыйластық, ата-анаға, қоршаған ортаға, қоғамға деген сүйіспеншіліктерін, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері, тәрбие тәсіл, тәжірибелері арқылы сіңіру, тәрбиелеу.
Нәтижесінде: Бас жүлде иегері - Әлкендер отбасы, I орын иегерлері - Аубакировтар, Рамазандар отбасы; II орын Сәрсенқандар отбасы; III орын Нурлыбектер отбасы;
«Мерейлі отбасы» номинациясымен Самановтар отбасы; «Шеберлер отбасы» номинациясымен Тәңірбергеновтар отбасы марапатталды.
https://www.instagram.com/reel/C2wB0SgidGy/?igsh=Y254OTNxc2g0d3o
Мектебіміздің кіші орталығында ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерімізді насихаттау, адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, балалардың ойлау қабілеттерін,тілдерін және сөздік қорларын дамыту мақсатында кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет өтті. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің алғашқы кезеңінде шаттық шеңбері ұйымдастырылды. Негізгі кезеңде қазақ халқының мақал-мәтелдері жайлы терең мағлұматтар беріліп, ұйымдастырылған іс-әрекеттің шарты таныстырылды. Әрекет барысында "Асық жинау", "Қыз қуу", "Сиқырлы асықтар", "Ұлттық киімдерді, ойындарды, тағамдарды атап өт","Көлеңкесін тап" топтық үстел ойындары ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында Гаухар Садыковна "Екі дос" ертегісін оқып, достық жайлы сөз қозғады, мақал-мәтелдер айтылды. Ата-аналармен топтық тапсырмалар орындалды, ойындар жүргізілді. Ата-аналар қорапта жасырылған затты тауып, сипаттап айтты. Балаларды сергіту мақсатында "Оркестр" сергіту сәті жүргізілді. Іс-шара барлық балалардың және ата-аналардың көңілінен шықты!
https://www.instagram.com/reel/C3UKsobtyAU/?igsh=enpnanNzNnpkbzZm
Мектебімізде 27 күні 1-4 сынып ата-аналарымен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.
Күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелер:
1. III-тоқсан қорытындысы
2. Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары
3. Демалыс уақытындағы бос уақытты тиімді пайдалану
https://www.instagram.com/p/C5EK9JDNHVG/?igsh=MXEwZndraGJycGx5Zw

Мектебімізде III тоқсан қорытындысы бойынша жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында Күн тәртібіндегі мәселелер мектеп директоры Бейсембаева Меруерт Ертаевнаның басшылығымен толықтай қаралды. Мектеп басшысы ата-аналар қауымының өзекті сұрақтарына жауап беріп, мектеп пен білім алушылардың жетістіктері жайлы баяндады. Сондай-ақ, әрдайым оқушылардың өмір және жол қауіпсіздігі басты назарда екенін атап өтті. Оқыс жағдайлардың алдын алу мақсатында ата-аналарға көктемгі каникул кезінде қауіпсіздік тұрғысында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізді.
Жалпы ата-аналар жиналысынан кейін әр сынып жетекші өз сыныбының ата-аналарымен жиналыс өткізіп, төмендегі мәселелер бойынша тоқталды. Күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелер:
1. III тоқсан қорытындысы;
2. Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары;
3. Демалыс уақытындағы бос уақытты тиімді пайдалану.
Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру,каникул кезінде қауіпсіздік ережелерін басты назарда ұстауды, үйірмелер мен секциялар жұмысы т.б. маңызды сұрақтарды көтеріп, ақпарат берді.
https://www.instagram.com/p/C5GCmcXte92/?igsh=aHN6aWZreWZ1M3E2
Мектебімізде III тоқсан қорытындысы бойынша жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында Күн тәртібіндегі мәселелер мектеп директоры Бейсембаева Меруерт Ертаевнаның басшылығымен толықтай қаралды. Мектеп басшысы ата-аналар қауымының өзекті сұрақтарына жауап беріп, мектеп пен білім алушылардың жетістіктері жайлы баяндады. Сондай-ақ, әрдайым оқушылардың өмір және жол қауіпсіздігі басты назарда екенін атап өтті. Оқыс жағдайлардың алдын алу мақсатында ата-аналарға көктемгі каникул кезінде қауіпсіздік тұрғысында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізді.
Жалпы ата-аналар жиналысынан кейін әр сынып жетекші өз сыныбының ата-аналарымен жиналыс өткізіп, төмендегі мәселелер бойынша тоқталды. Күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелер:
1. III тоқсан қорытындысы;
2. Көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары;
3. Демалыс уақытындағы бос уақытты тиімді пайдалану.
Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру,каникул кезінде қауіпсіздік ережелерін басты назарда ұстауды, үйірмелер мен секциялар жұмысы т.б. маңызды сұрақтарды көтеріп, ақпарат берді.
https://www.instagram.com/p/C5GCmcXte92/?igsh=aHN6aWZreWZ1M3E2
18 сәуір күні оқушылар мен ата-аналар арасында «Екі жұлдыз» ән байқауы өткізілді. Мақсаты: Дарынды балаларды анықтап, шығармашылық қолдау көрсету, әншілік қасиеттерін, өнерге деген құштарлығын ояту. Оқушы мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнату.
«Екі жұлдыз» ән байқауына 7 жұп қатысты.
Әділ-қазылардың шешімі бойынша:
Бас жүлде:
4«А» сынып оқушысы Серікқазы Сезім, анасы: Аубакирова Жұлдыз;
1-орын:
1«Б» сынып оқушысы Муратхан Жәния, анасы Буланбаева Әлия;
2«Б» сынып оқушысы Жанат Жанайым, жеңгесі: Бейсембаева Гузаль;

2-орын:
3«Б» сынып оқушысы Бекмухамед Ерсултан анасы: Серикканова Инкар;
6«А» сынып оқушысы Қызатұлла Аянат, анасы: Жарылгапова Толғанай;
3-орын:
2 «А» сынып оқушысы Нұрлыбек Нұржігіт, анасы Ниязбек Раушан
8 «А» сынып оқушысы Қызатұлла Айым, әкесі: Тлеуханов Самат;
https://www.instagram.com/reel/C5984EZic7B/?igsh=MW9pMm55NmY0NHR4eA
12 мамыр - Аналар күніне орай, мектеп психологы Айгуль Ерсеріққызы және мектеп тәлімгері Жулдыз Есенкановнаның ұйымдастыруымен аналар күнін атап өту, ана мәртебесін нығайтуға, қазақ халқының тарихында ананың маңызы мен рөлін арттырып, насихаттау мақсатында "Анам менің аялаған ақ гүлім" тақырыбында аналар арасында тренинг өткізілді. Тренингтік жаттығуға әр сыныптан 3 ата-ана қатысты. Іс-шара Аналардың жүздеріне күлкі сыйлады.
https://www.instagram.com/reel/C64lcCStqAq/?igsh=MTh5dTAwdTR3dTVuMA

VII. Тәрбиелік жобаларды жүзеге асырудың тиімділігі

Мектепте өз жұмысының жалғасын «Оқуға құштар мектеп жобасы» «Балалар кітапханасы» жобасы болып жалғасын табуда.
«Оқуға құштар» жобасы аясында 2А сынып білім алушыларымен «Мен оқыған бір ертегі» атты ертегі оқу сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға , оның ішінде ертегілерді оқуға шақыру. Ертегілер арқылы жалпы дамуға, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, маңызын ашу.
https://www.instagram.com/reel/C2Beh0ji-Tb/?igsh=MWhkcDQ0ZGpsbjE3Zg
«Оқуға құштар» жобасы аясында мектебіміздің кітапханашысы Қамар Қапуқызының ұйымдастыруымен 3-сынып оқушыларымен «Үнемі оқитын табысты адам» атты әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында кітаптың шығу тарихы жайлы ақпарат, мақал-мәтелдер айтылды.
Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды.
https://www.instagram.com/reel/C1FbxJ4tBsE/?igsh=emt3M3JmbXFpeGpn
30 қараша күні мектебіміздің кітапханашысы Қамар Қапуқызының ұйымдастыруымен «Ертегілер әлемі» атты 1-сынып оқушыларымен кітап оқу сағаты өткізілді. Ертегі оқушылардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамытады.Ұқыптылыққа, жауапкершілікке, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуге тәрбиелейді.
https://www.instagram.com/reel/C0TPQ4mNRuI/?igsh=MTJldG0wbjg5Mjlrbg

VIII. Қамқоршылық кеңес

Мектепте қамқоршылық кеңес тұрақты жұмыс жасайды. Мүшелері 6 адамнан тұрады. Өз функционалдық міндеттеріне сәйкес қамқоршылық кеңестің әр оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары құрылып, жүйелі жүргізіліп келеді. Қамқоршылық кеңесі мүшелері ата аналар жиналысына,мектепте өткен әртүрлі іс-шараларға қатысып,қолдаукөрсетіпкеледі. Қамқоршылық кеңес жұмыстары кезінде мектеп әкімшілігі ынтымақтастық қатынасты қалыптастырды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

№	Құрылымы	Т.А.Ә.	Жұмыс орны	Лауазымы
1	Жергілікті атқарушы орган	Қасымжанов Медет Дюсембекович	Шар қаласының әкімінің аппараиы ММ	Бас маман
2	Құқық қорғаук органы	Омаров Бағдат Турдыбекович	Шар ПБ	Учаскелік инспекторы
3	Үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері	Альменова Гульжан Рахымжановна	Өзін өзі жұмыспен қамтушы	Юрист-консультант
4	Ата-ана немесе заңды өкілдері	Турсынбекова Айнур Акылбековна	Ақбота б/б	тәрбиеші
5	Мектепшілік өзін- өзі басқару ұйымы	Мақсұтбек Нұрай Кенжебекқызы	10 сынып оқушысы	Мектеп парламент ұйымының президенті
6		Темірбек Сезім Миржановна	9 сынып оқушысы	Мәдениет министрі

2023-2024 оқу жылына арналған
қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

№	Ай	Іс-шара	Жауапты
1	Қыркүйек	№1 Қамқоршылық кеңесінің отырысы 1.Мектептің қамқоршылық кенесінің (бұдан әрі-ҚК) құрамын бекіту. 2.ҚК төрағасын,ҚК төрағасының орынбасарын, ҚК хатшысын сайлау. 3.Негізгі жұмыс бағыттарын анықтау, блім беру жүйесінде қамқоршылық кеңестерді құру бойынша нормативтік құқықтық базаға енгізілген әдістемелік ұсыныстармен және өзгерістермен танысу; мектеп Жарғысымен таныстыру. 4.2023-2024 оқу жылына арналған ҚК жұмыс жоспарын бекіту. 5. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы	К.С.Жумукбаева
2	Қазан	Оқу процесінің сапасын арттыруға көмектесу. Мұғалімдер күнін мерекелеуді ұйымдастыруға қатысу	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Қараша	№2 ҚК отырысы 1.1тоқсандағы жұмыс нәтижелерін талдау. 2.Оқушылардың құқық	К.С.Жумукбаева

		бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін талқылау. 3.Тәуелсіздік күніне арналған іс-шара ұйымдастыруға көмектесу 4.Қазақстан Республикасы Президентінің және қала әкімінің тапсырмасы бойынша 2023жылғы жаңа жылдық шыршаларға қатысатын балалардың тізімін бекіту.	
4	Желтоқсан	№3 ҚК отырысы 1.Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды кеңсе тауарларымен және киім-кешекпен қамтамасыз етудің қорытындысы туралы. «Қамқорлық» акциясына қатысу. 2.Аз қамтылған отбасы балаларына сыйлық жинауды ұйымдастыруға көмектесу. 3. Жаңа жылдық мерекелерге мектепті безендіруді ұйымдастыруға көмектесу.	К.С.Жумукбаева қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Қаңтар	Оқушылар арасында салауатты өмір салтын және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс. Білім беру процесінің жағдайын жақсарту және студенттерге медициналық көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдармен жұмыс жасау	Қамқоршылық кеңес
6	Ақпан	Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне орайластырылған жергілікті қақтығыстарға қатысушы, интернационалист-жауынгерлермен кездесуді ұйымдастыруға көмек көрсету. Мектеп әкімшілігімен бірлесіпөрт қауіпсіздігі бойынша теориялық және практикалық оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу.	Қамқоршылық кеңес
7	Наурыз	№4 ҚК отырысы 1.Көктемгі іс- шаралар мен оқушылар демалысынөткізу туралы. 2.Мектептің қосымша білім беру жүйесінің жағдайы мен даму болашағын бағалау. 3.Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік бағдарламаға қатысу. 4.Наурыз мейрамын тойлауға арналған іс-шараларға қатысу.	Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, қамқоршылық кеңес мүшелері

8	Сәуір	Мектеп аумағын және мектепті абаттандыруға қатысу.	Қамқоршылық кеңес
9	Мамыр	№5 ҚК отырысы 1.2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп. 2.2024-2025 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмысын жоспарлау туралы. 3.Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және есептің барлық түрлерінде тұрған оқушыларды жұмысқа орналастыру туралы. 4.Жеңіс күні мен Отан қорғаушылар күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыруғам және өткізуге қатысу. 5.Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне және тыл еңбеккерлеріне көмек көрсету.	Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, қамқоршылық кеңес мүшелері

Кезекті отырыстардың бірі 2024 жылдың мамыр айында сағат 09:00-де Қамқоршылық кеңес отырысының Бірыңғай күнін өткізу бойынша Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті. Кеңеске мектеп директоры Бейсембаева М.Е., тәрбие ісінің меңгерушісі Жумукбаева К.С. және кеңес мүшелері қатысты.
Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмысы, қамқоршылық кеңесінің бірыңғай отырыс күнін өткізу ережесі.
2. 2024 оқу жылы бойынша мектебіміздің болашақта дамуы, ұйымның бюджеті, қаржылық салымдары туралы ақпарат.
3. Әртүлі мәселелер

IX. Құқықтық кеңес.

Мектепте кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын- алу, қылмысты болдырмау, алдын алу мақсатында құқықтық кеңес құрылып, бүгінгі күні
жүйелі жұмыс жүргізуде.

Құқықтық комиссия құрамы:

1. Бейсембаева М.Е. мектеп директоры – комиссия төрағасы;
2. Жумукбаева К.С.. ДТІЖО – комиссия мүшесі;
3. Самалхан Е.К. Аягөз ҚАІБ инспекторы – комиссия мүшесі;
4. Нұрасыл Г.О. психолог – комиссия мүшесі.

Мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмаған балалар арасында құқықбұзушылық жәнеқараусыздықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Міндеттері:

Кәмелеттік жасқа толмағандардың заңды ой-пікірлерін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
Әлеуметтік қауіпті жағдайында болатын отбасыларға көмек көрсету;
Кәмелеттік жасқа толмағандардың құқықбұзушылығын анықтау, болдырмау;

Оқушыларға психологиялық-педагогикалық, медициналық және құқықтық қолдау көрсету.

Қызмет бағыттары:

Кәмелеттік жасқа толмағандармен жұмыс;
Педагогикалық ұжыммен жұмыс;
Ата-аналармен жұмыс;
Әлеуметтік-психологиялық қызмет;
Құқық қорғау органдарымен қатынаста болу.

Балалардың құқық бұзушылығын алдын алу бойынша жұмыс мектеп әкімшілігінің ерекше бақылауында тұр. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әртүрлі жұмыс түрлері мен әдістері пайдаланылады: құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен әңгімелесу, дәрістер, кездесулер, рейдтер, балалардың мектепке баруын күнделікті бақылау.

Мектебімізде құқық бұзушылыққа барған, тәртіп бұзған, заңға қайшы әрекет еткен факт тіркелген жоқ. «Тәуекел тобында» тіркеуде тұрған, мектепішілік тіркеуде тұрған оқушылар жоқ. Қылмыстың, құқықбұзушылықтың алдын алу және қиын оқушылармен жұмыс жүргізу жоспарда нақтыланған. Ең алдымен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықбұзушылық және қараусыздығын анықтау үшін жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшілер , мектеп инспекторы, психолог және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәлімгер, педагог ұйымдастырушы, мектеп әкімшілігі ата-аналармен бірлесе отырып үздіксіз жұмыстар атқаруда. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысу қадағаланып отырылады. Кейбір сабаққа келмей қалған оқушылардың ата- аналарынан себебі анықталады. Себепсіз көп сабақ босатқан оқушылар болған жағдайда ата-аналарға баласы туралы хабарланады. Мектепте тұрақты «Сенім» жәшігі жұмыс жасайды. Аптасына бір рет тексеріліп отырылады. Акт жасалады. Биылғы оқу жылы барысында бірде бір арыз-шағым, өтініш түскен жоқ.

Мектептегі өгей әкемен, өгей шешемен тұратын және сәтсіз жанұя оқушыларының тұрмыстық жағдайын зерттеужұмыстарына комиссия мүшелері құрылып жұмыс жүргізілді. Бүгінгі күні 16 отбасы анықталды.

<u>X. Оқушылар жүргізілген профилактикалық жұмыстар.</u>

Сынып жетекшілер сынып сағаттарының кестесі бойынша тәртіпсіздік, жағымсыз әдеттер, құқықбұзушылықтың және қылмыстардың алдын алу бойынша тақырыптық сынып сағаттарын өткізіп отырады. Оқушыларға тақырып бойынша кеңестер, әңгімелер, видеороликтер көрсетіледі. Мектепте сенім жәшігі белсендендірілген. Бірақта осы уақытқа дейін ешбір баладан шағым немесе арыз, көмек көрсету туралы хаттар түскен емес.

Мектеп психологы үнемі оқушылармен, ата-аналармен, ұстаздар ұжымымен жұмыстар атқарады. Оқушыларға психологиялық көмек көрсетіліп, үнемі тренингтер өткізіп тұрады. Демалыс уақыттарында оқушылардың уақыттарын тиімді әрі пайдалы өткізулері үшін тақырыптық іс-шаралар жоспарланып жұмыстар өткізілді. Оқушыларға бос уақыттарында үнемі үйірмелерге, секция жұмыстарына қатысу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Мектеп инспекторымен бірге мұғалімдер «Түнгі көшедегі» балалар рейдіне
мұғалімдер ерікті түрде қатысады. Осы күнге дейін себепсіз көшеде жүретін, жиын тойларға баратын оқушылар тіркелген жоқ.

2023-ші жылдың қараша айының 6 күні Шар ст. ЖПб ППТ-ның полицейі полиция сержанты Байгапанов С.Б. Абай облысы Жарма ауданы Шар қаласында орналасқан «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 7-8-9-10 сынып оқушыларымен «Теміржол қауіпсіздігі» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында теміржолдағы қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін сақтау, теміржолдардан тек арнайы белгіленген орындардан кесіп өту үшін арнайы жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелдерімен жүруін және оқушыларға теміржол өте қауіпті аймақ болып табылатындығы сондай-ақ темір жол маңында тоққа жақын орналасқан жерлерде жақын жүрмеулерін және вагон астынан өтпеулері туралы толыққанды айтып жеткізіліп, кәмелет жасқа толмағандардың заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болмауы туралы айтылды. Осыған байланысты ҚР ӘҚБт К-нің 442,559 баптарына сәйкес ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жайлы айтылды.
https://www.instagram.com/p/CzS1-wHtae0/?igsh=MXNuM2Vyc29sZXdxNQ
2023-ші жылдың қараша айының 15 күні Шар ст.бастығы Б.Байсаринов және Шар ст. ЖПб ППТ-ның полицейі полиция кіші сержанты Байгапанов С.Б. Абай облысы Жарма ауданы Шар қаласында орналасқан «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ де 5-11 сынып оқушыларымен "Теміржол қауіпсіздігі " тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу барысында теміржолдағы қауіпсіз жүріп-тұру ережелерін сақтау, теміржолдардан тек арнайы белгіленген орындардан кесіп өту үшін арнайы жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелдерімен жүруінжәне оқушыларға теміржол өте қауіпті аймақ болып табылатындығы сондай-ақ темір жол маңында тоққа жақын орналасқан жерлерде жақын жүрмеулерін және вагон астынан өтпеулері туралы толыққанды айтып жеткізіліп, кәмелет жасқа толмағандардың заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болмауы туралы айтылды. Осыған байланысты ҚР ӘҚБт К-нің 442,559 баптарына сәйкес ата-аналары әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны жайлы ескертіліп айтылды.
https://www.instagram.com/reel/CzqLbC2tpZ4/?igsh=MWR5M3o1emg1NHFkNA
24-қараша күні мектебімізде 5-11 сынып білім алушыларымен Жарма ауданы, Шар қаласы 21 өрт сөндіру бекетінің жеке құрамымен бірлесе отырып, балалар қауіпсіздігі бойынша «Төтенше жағдайлардың алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмыстары өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру, ой-өрісін, дүниетанымын дамыту, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.
ШАР қ. 21-ӨСБ-нің инженері а/қ аға лейтенанты Кабдуллин Даулет Алиханович мектеп оқушыларына тақырыпқа байланысты бейнематериал көрсетіп, жағдаяттық сұрақтар қойды. Сөз соңында өрт –бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретіндігі жайында түсіндіріп өтті.

XI. Оқушылармен демалыс уақытындағы іс-шаралар

- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға

баулу;

- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.
- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
- Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан – Тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша – Әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – Заң және тәртіп айы;
- Ақпан – Жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз –Тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – Бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

<u>КҮНДЕЛІКТІ:</u>

- *«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»* – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- *«Өнегелі 15 минут»* – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- *«Үнемді тұтыну»* – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- *«Күй күмбірі»* – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

<u>АПТА САЙЫН:</u>

- *«Менің Қазақстаным»* – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- *Аптаның дәйексөздері* – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.
- *«Қауіпсіздік сабағы»* – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!

- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.
- *«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»* алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.
- Сынып сағаттарында *«Буллингтен қорған!»* алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер мен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.
- *«Ойынға салауатты көзқарас»* – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепішілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.
- *«Өмірге салауатты қадам»* алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.
- *«Қоғамдық мүлікті қорға!»* сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қиратудың, мәдени ескерткіштерді қиратудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.
- *«Қауіпсіз қоғам»* Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізуді қамтиды.
- Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, *буллинг, лудомания, вандализм, нашақорлықтың* алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).

Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:

«Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамғақызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау,

табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылады.

- Сонымен қатар жобаны іске асыру *«Жер сағаты»* экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге болады.

«Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (саябақтар, скверлер) тазалау акциясы.

- *«Еңбегі адал – жас өрен»* – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрмеңкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрмеңкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынады. «Мамандық әлемі» шарасын өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауы білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарды анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба иелерін анықталады.

- *«Шабыт»* – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананың аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.

- *«Даналық ұстаздан»* – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

- *«Ұлттық мәдениет»* көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған

бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.

- *«Жас Сарбаз»* әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестиваль, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану ұсынылады.
- *«Анамның аялы алақаны»* челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.
- *«Әншуақ»* фестивалі #Әншуақ хэштегімен «TikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім

алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.

- *«Домбыра күні»* – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.
- *Мектеп театрының* жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашақорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.
- *«Ұшқыр ой алаңы»* – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашақорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.
- *Зияткерлік ойындарды* тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.
- *«Smart bala»* жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.
- *«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»*байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық объектілерге бару немесе аталған объектілер туралы

материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

- *«Балалар кітапханасы»* – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.
- Білім беру ұйымдарына әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.
- *«Кітаптар айналымы»* акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккросингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сөресін құру ұсынылады.
- *«Шын жүректен кітап сыйла!»* челленджі «Досыңа кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.
- Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа 2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

ҚҰНДЫЛЫҚ: *«ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ»*

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;
- мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;
- ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;
- туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Бастауыш мектеп түлегі:

- мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
- мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
- дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
- отбасының құндылығын түсіну;
- тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
- қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
- Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
- азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

- мемлекеттік тілді меңгеру;
- Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;
- әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
- Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:
- халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
- мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
- отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
- Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: *«БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ»*

- Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:
- отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу;
- басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;
- ойы мен сезімдерін білдіре алу;

Бастауыш мектеп түлегі:
- командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
- өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
- басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
- бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
- тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:
- қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;
- сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;
- тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;
- бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;
- басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:
- әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
- ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
- басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;

- қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам

алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

- мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ***«ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК»***

- Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;
- уәделерді орындай білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

- шындықты айту;
- достыққа адал болу;
- жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
- өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
- заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
- әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
- оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
- берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
- басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

Жалпы орта мектеп түлегі:

- нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді

қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;

- әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын

басшылыққа ала білу;

- қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
- белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
- тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ***«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»***

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі*:*

- жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;

үлкендерді құрметтей білу;

үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш мектеп түлегі:

- өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

- педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
- кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;
- тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
- қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

- өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді,

үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;

- моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

ҚҰНДЫЛЫҚ: *«ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК»*

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

- үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу;
- үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы;
- жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;
- жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бастауыш мектеп түлегі:

- мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
- өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
- отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
- нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
- өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
- түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
- өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
- еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
- жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын

болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

- тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;

- өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
- нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
- еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
- дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

ҚҰНДЫЛЫҚ:*«ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ»*

Құзыреттілік:шығармашылық

Мектепке дейінгіұйымныңтүлегі:

- шығармашылыққиялменелестетугенегізделгенөнертабысқақызығушылық таныту;
- сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы;
- жаңанәрсежасауүшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

Бастауышмектептүлегі:

- қоршағанәлемдізерттеу,сұрақтар қою,эксперименттер жүргізу жәнеалынғанмәліметтернегізіндеқорытындыжасай алу;
- жаңаидеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емесшешімдерінкөружәнеолардыісжүзіндеқолдана алу;
- инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
- жаңатәсілдерментехнологиялардықолданудыталап ететін балаларжобаларынақатысуғадайын болу;
- өзәрекеттерініңқоршағанәлемүшінмаңыздылығыменсалдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- тапсырмаларғашығармашылықпенқарайбілу, өзшешімдеріменидеяларынұсына білу;
- өзбетіншеәрекет ету жәнежобаларды іске асыру;
- бақылау,өлшеу,эксперименттерментәжірибелер жүргізу;
- модельдеу,танымобъектілерініңқұрылымынанықтау, бірбүтінніңәртүрлібөліктеріарасындағы қатынастарды іздеужәнебөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлықбайланыстардыанықтай алу;
- оқу есептерін шешудіңоңтайлытәсілдерінтабабілу, олүшінжаңаларын қолдану жәнебұрыннантанысалгоритмдердібіріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешугеқолдана алу;
- әртүрлітанымқұралдарынқолданудағдылары, әлемтуралыбілімжинақтау(тілдік,оқырмандықмәдениет,ақпараттық,цифрлықортадағықызмет).

Жалпы ортамектептүлегі:

- зерттеужүргізужәнеғылымитәсілдіқолдануқабілеті;
- ақпараттыталдаужәнебағалау;
- жаңаидеялардыұсыну;
- заманауицифрлыққұралдарментехнологиялардыменгеру;
- мақсаттарғажетуүшінбастаманыұсыну,жаңамүмкіндіктер іздеу жәнеидеяларды іске асырубарысындаресурстардытиімдіпайдалану.

<u>Тәрбие жоспарының негізгі бағыттары бойынша төмендегідей іс- шаралар жүйелі түрде өткізілді:</u>

29 тамыз күні 5-10сынып оқушыларымен 30 тамыз Конституция күніне орай «Ата заң - асыл мұраттар бастауы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C_SS1TWu12Y/

- 1 қыркүйек «Білім күні» мерекесіне орай, 1-сынып оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен «Мектепке алғашқы қадам» тақырыбында танысу сағаты өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_XnkWbutyZ/

  1 қыркүйек - Білім күні мерекесіне орай мектебімізде 1,11 сынып оқушыларымен "Мектебім - мейірім мекені" атты салтанатты жиын өтті. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы М.М.Оспанбаев, ақсақалдар алқасының төрағасы Т.М. Айкымбеков, учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенаты А.М.Муслимов қатысты. Құрметті қонақ М.М.Оспанбаев жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, сәттілік тіледі. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_YP9QltzVt/
  Мектебімізде 2 қыркүйек күні «Менің Отаным-Қазақстан!» атты бірыңғай сынып сағаттары өтті.
  Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C_a-ia0tJWg/?img_index=1
  Мектебімізде Отбасы күніне орай 03 қыркүйек күні 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен "Құндылықтар – отбасы бақытының негізі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.
  Сілтеме: https://www.instagram.com/p/C_f84A8t8a9/?img_index=1
  Мектебімізде Отбасы күніне орай 03 қыркүйек күні 1-11 сынып оқушыларымен «Отбасым-бақыт мекенім» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
  Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_gGzLvN35V/?img_index=1
  «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында қазақтың біртуар перзенті Т. Рысқұловтың 130 жылдық мерейтойына орай, 9-11 сынып оқушылары жалпықазақстандық ашық диктантқа қатысты.
  Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_hxJP6uSTF/?img_index=1
  5 қыркүйек - Қазақстан халқының тілдер күні мерекесін өткізу және мерекеге орай 05.09-05.10.2024ж аралығында өткізілетін «Тілдер шеруі» айлығының ашылуы өткізілді. Айлықтың ашылуы барысында қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мерекеленді. Қазақ тіл білімінің атасы-Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, еңбегі оқушыларға баяндалды. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_ik3kfCGml/
  04 қыркүйек күні мектебімізде «Бақытты бала - саналы ата-ана» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларының ата-аналары өз балалары жайында бір қызықты оқиға немесе жақсы қасиеттері жайында баяндап, бейнематериал түсірді.
  Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_kVTiigFxP/
  Отбасы күніне орай мектебімізде 04 қыркүйек күні 2-11 сынып оқушылары және олардың ата-аналарының қатысуымен «Оқырман отбасы» кітап оқу байқауы өткізілді.
  Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_lO676NTR7/
  Отбасы күніне орай 06 қыркүйек күні 1-11 сынып оқушыларымен «Берік отбасы-мықты мемлекет» тақырыбында суреттер байқауы өткізілді.
  Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_lTd91tjf6/
  Отбасы күніне орай 07 қыркүйек күні 1-11 сынып оқушылары “Отбасымен бірге” тақырыбында өз отбасымен бірге өткізген бақытты сәттерінен фотосуреттер жариялады.

Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_nztzCtAH3/
5 қыркүйек қазақ халқының тілдер күні мерекесіне орай 05.09-05.10.2024ж күні аралығында өткізілетін мектепішілік «Тілдер шеруі» айлығының жоспары аясында 09 қыркүйек күні 1-11 сынып оқушыларымен «Тіл-татулық тірегі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_s83_3tEjh/?img_index=1
Төрт тоқсан-төрт өнер" Ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында Ақындар айтысы бөлімі бойынша айтыс өнерін, ақын-жырауларды насихаттау мақсатында мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі А.С.Қабышева 5-сынып оқушыларымен "Айтыс – ауыз әдебиетінің негізі" тақырыбында сынып сағатын өткізді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_xFFkeOS3j/?img_index=1
5 қыркүйек тілдер күніне орай мектебімізде «Тілдер шеруі» атты тілдер айлығы жоспары аясында 13 қыркүйек мектеп кітапханашысы К.Қ.Баймуратованың ұйымдастыруымен 6-сынып оқушыларымен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C_-d8kdu7ii/
Мектебімізде 16 қыркүйек күні балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай 1-4 сынып білім алушылармен сынып сағаттары өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C__FBcPOI8u/?img_index=1
6 қыркүйек күні «Тілдер шеруі» айлығына орай Руханият әдістемелік бірлестігі үзіліс уақытында «Бір бауырсақ-бір мақал-мәтел» айдарын өткізді. Мақсаты: Тіл туралы мақал-мәтелдерді көпшілікке насихаттау.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/C__IwIDukNt/
18 қыркүйек күні 9-10 сынып оқушыларымен «Айтыс өнері - алтын қазына» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DADeGf0OWjk/?img_index=1
19 қыркүйек 2024ж күні сағат 09:00 де «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-де сейсмикалық жаттығу өткізілді. Жаттығу барысында мектеп ғимаратындағы дабыл чемоданы қосылып, жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекеттерді пысықтаумен, эвакуациялауды ұйымдастыру кезіндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жүргізілді. Сейсмикалық жаттығуға мұғалім 38, 6 кіші қызметкер, 150 оқушы қатысты.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DAF8tVJOhxo/
Мектебімізде 20 қыркүйек күні 6-сынып оқушыларымен "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы" тақырыбында диалогтік алаң өткізілді. Диалогтік алаң барысында оқушылар қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқыды. Диалогтік алаңға ұстаздар да қатысты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAIotY0umde/?img_index=1
5 қыркүйек қазақ халқының тілдер күні мерекесіне орай 05.09-05.10.2024ж күні аралығында мектепішілік «Тілдер шеруі» айлығының жоспары аясында 23 қыркүйек күні мектебімізде ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-11 сынып оқушыларымен “The attractions of the UK” тақырыбында макеттер сайысы өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DAQ6tjTNzRt/
Мектебімізде 23 қыркүйек күні Еңбек күні мерекесіне орай 1-11 сынып оқушыларымен «Еңбек түбі-береке» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DAQ-kHhtq-q/

20 қыркүйек күні "Адам папиллома вирусы" (АПВ) тақырыбында 10-13 жас қыз балалар және олардың ата-аналарымен Жарма аудандық СЭББ эпидемиологиялық бөлім басшысы Андрашев Дархан Хасанұлы, Жарма аудандық СЭББ жетекші маманы Абдрахманова Сания Камзиновна және Шар қалалық ауруханасының дәрігері М.Байдрахмановна әңгіме жүргізді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DARFoR9ORfo/?img_index=1
Мектебімізде 5-7 сынып оқушылардың қатысуымен «Балалар арасында тараған қауіпті ойын» тақырыбында түсіндірме жиналысы өткізілді. Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAWLf4DuLut/
Мектебімізде Еңбек күні мерекесіне орай кіші қызметкерлерге арнап мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мектеп директорының міндетін атқарушы К.С.Жумукбаева қызметкерлерді мерекелерімен құттықтап, ізгі тілектер жаудырды. Мереке би, тамаша әнмен жалғасын тапты. Соңында мектебіміздің кәсіподақ ұйымының төрайымы К.М.Амренова сөз алып, барша кіші қызметкерлерді құттықтап, сыйлықтарын табыстады
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DAXbjhYNwp3/
24 қыркүйек күні «Төрт тоқсан - төрт өнер» өнер ұлттық мәдени ағартушылық жобасының жоспарына сәйкес мектеп оқушыларымен «Кітап-рухани қазына» тақырыбында кітап туралы пікір алмасу өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAYU7ILt84F/
26 қыркүйек күні мектебімізде қыркүйек айының жоспарына сәйкес мектеп тәлімгері Аубакирова Ж.Е және өзін-өзі басқару ұйымының оқушыларының ұйымдастыруымен " Күз байлығы" тақырыбында 5-11 сыныптар арасында күз жәрмеңкесі өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAYcq6FNOVW/
Мектебімізде 4 қазан Ұстаздар күніне орай "Дублер күні", білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізілетінін хабарлаймыз.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAaKQZ4NpBb/
Мектебімізде «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету - ортақ қамқорлық» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAbT3mrNNE4/
27 қыркүйек "Тәрбиешілер күні" мерекесіне орай мектебіміздің мектепке дейінгі тәрбиешілері мен балабақша қызметкерлеріне арналған мерекелік шара ұйымдастырылды. Алғашқы құттықтау сөзді мектеп директорының міндетін атқарушы К.С.Жумукбаева алып, тәрбиешілерді төл мерекелерімен құттықтады. Мектебіміздің кәсіподақ ұйымының төрайымы К.М.Амренова тәрбиешілерге сыйлықтарын табыстады. Мереке барысында бишілер мың бұралып билеп, соңында мерекелік ән шырқалды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAeQZ0Wu0QH/
Мектебімізде 1 қазан қарттар күніне орай 1-11 сынып оқушыларымен «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAi9EAaNN0t/
Мектебімізде "Тілдер шеруі" айлығы шеңберінде 4-сыныптар арасында орыс тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Волшебная сила слова» тақырыбында сайыс өтті.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAlVYQ7ttDY/?img_index=1

Мектебімізде 1 қазан қарттар күні мерекесіне орай мектеп тәлімгері Ж.Е.Аубакирова "Қарттарым-менің асылым" тақырыбында 5-6 сынып оқушыларымен қаламыздағы қарияларымыздың бірі Мухамедиев Серікқазы атамыз, Гауһар апамызды мерекелерімен құттықтап, өз қолдарымен дайындаған ашық хаттарын табыстауға барды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAlbhf4uPQN/?img_index=1
Республикалық «Даналық Ұстаздан» челленджі
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAp4UYOOw9R/
2024 жылдың 03 қазан күні мектебіміздің «Абай әлемі» дебат үйірмесі "Төрт тоқсан- төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасын іске асыру мақсатында "Тілім бар да қазағым бар, халқым бар" тақырыбында дебат өткізді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAqD7FXuFgh/
«Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-інде 2024 жылғы 4 қазан күні өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мұғалімдер күніне орай « Дублер күні», яғни білім алушылардың өзін-өзі басқару күні ұйымдастырылды.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAtK_YZt02g/
Мектебімізде Ұстаздар күні мерекесіне орай 1-11 сынып оқушыларымен «Ұстаз-ұлы тұлға» атты сынып сағаты өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAtfQoPOheL/
Ұстаздар күні құрметіне арналған салтанат
Жарма ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес ұстаздардың кәсіби мерекесі 5 қазан күні аудандық мәдениет үйінде салтанатты түрде аталып өтті. Мерекелік шараға аудан әкімі Н.М.Борсукбаев, аудандық мәслихат хатшысы М.М.Оспанбаев, мұғалімдер, білім беру саласының мамандары, кәсіподақ ұйымы қатысты.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DAxGy_riYFu/?img_index=1
Мектебімізде «Тілдер шеруі» айлығының жоспары аясында 07 қазан күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Алтын қақпа» лингвистикалық ойыны өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DA03utDNpNH/
Мектебімізде 07 қазан күні «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DA3dkHwtZGa/
Мектепте нашақорлық, маскүнемдік, шылым шегудің алдын алу бойынша оқушылармен түсіндірме жұмысы өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DA5izZUg_wL/
Мектебімізде 14 қазан күні 1-11 сынып оқушыларымен «Буллингтің алдын алу» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBHFrWgOM9_/
2024 жылдың 19 қазанында мектеп парламенті президентін сайлау күні. Дауыс беруге 5-11 сынып оқушылары және ұстаздар қатысады. Дауыс беру мектебіміздің мәжіліс залында, 08:00-12:00 аралығында өтеді. Өз үміткеріңе дауыс беріп, мектеп президентін бірге таңдайық!
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBJJOzgucFq/?img_index=1

Мектебімізде 25 қазан Республика күніне орай 1-4 сынып оқушыларымен «Қазақстанның болашағы балалар көзімен» атты жас суретшілер көрмесі өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBMNDe8N_Zu/
16 қазан күні Халық қаһарманы Р.Қ. Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай, 1-11 сынып оқушыларымен сынып сағаттары өткізілді. Халық қаһарманы Р. Қошқарбаев-батылдық, табандылық пен ерліктің символы. Оның батырлық пен жетістіктері біздің тарихымыздың ажырамас бөлігіне айналды, бізді және болашақ ұрпақты бейбітшілік пен әл-ауқат жолындағы жеңіске шабыттандырды.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBMSUvuOORx/
"Төрт тоқсан - төрт өнер" жобасы бойынша 17 қазан күні мектебімізде "Айтыс - халық тарихы" тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 9-сынып оқушылырымен шеберлік сағаттары өтті.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBN_j_1Of6B/0
Мектебімізде 25 қазан Республика күніне орай мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.С.Қабышева «Атамекен» бірыңғай патриоттық-диктант байқауы өткізді. Диктантқа 5-9 сынып оқушылары қатысты. Жалпы қатысқан оқушылар саны-20. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBOhONLNZpL/?img_index=1
18 қазан күні мектебімізде тарих пәні мұғалімдері Л.Т.Толеугазинова, А.М.Даулетказинаның ұйымдастыруымен 5-8 сынып оқушыларымен Мұхаммед Хайдар Дулатидің туғанына 525 жыл толуына орай «Мұхаммед Хайдар Дулати-қазақ тарихының жарық жұлдызы» тақырыбында бірыңғай тарих сабағын өткізді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBQpQ1XOL88/
18 қазан «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасының жоспарына сәйкес “Туған өлке" ақындарының шығармашылығы атты кітап көрмесін тамашалау үшін мектеп оқушыларымен кітапханаға саяхат жасалынды.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBSoIBYirrK/?img_index=1
Қазан айының 19 күні мектебімізде Мектеп Парламенті Президентінің сайлауы өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBTR1lluu3q/
Мектебімізде 25 қазан Республика күніне орай, 1-11 сынып оқушыларымен «Қазақстан - туған жерім, туған елім!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBZWmmquF22/
Мектебімізде 23 қазан күні «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBeL9HAtQnz/
Мектебімізде 25 қазан Республика күніне орай 9-11 сынып оқушылары «Менің Республикам» челленджін бастады.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBeNU3tNDG3/
Мектебімізде 25 қазан Республика күніне орай мектепалды «Б» сыныбында «Біз бақытты баламыз» тақырыбында ертеңгілік өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBeUeKIuUmw/
Мектебімізде 23 қазан күні «Ата-ана, оқушы, мұғалім үштігінің ынтымақтастығы тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBfUSldCKjy/

Мектебімізде бастауыш сынып оқушылары арасында мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен Мектеп Парламенті президенті мен белсенділерін ұлықтау жиыны өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBf96J2u3wM/
Жарма ауданы, Қалбатау ауылындағы Жастар ресурстық орталығында Жарма жастарының арасында «Жайдарман» ойыны өтті.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBgvpEjNSkL/?img_index=1
25 қазан Республика күніне орай мектебімізде 24 қазан күні 2-10 сынып оқушыларымен «Туған елім - Қазақстаныма арнаймын» патриоттық әндер байқауы өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBg7TY1uPHH/
Бүгін 31 қазан күні мектепалды «А» сыныбы тәрбиешісі Утегенова Ш.Б және мектепалды «Б» сыныбы тәрбиешісі Әлкен М.О бірлесе отырып «Бала-біздің болашағымыз» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DBy6sZmOFWb/
Мектебімізде 31 қазан күні оқушылардың күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында үйірме, секция жұмыстары жүргізілді. Әр үйірме, секция жетекшілері жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DB0umi-uOIh/?img_index=1
Мектебімізде оқушылардың күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу мақсатында бастауыш сынып білім алушылармен «Күз кереметі» тақырыбында (онлайн) суреттер көрмесі өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DB02gFjuhcC/?img_index=1
Мектебімізде 04 қараша күні «Адал азамат-Адал еңбек-Адал табыс» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DB8_U8lt3sR/
«Мақта қыз бен мысық» ертегісі
05.11.24 күні «Күншуақ» кіші орталық тобы мен мектепалды даярлық тобында «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің желісі бойынша қуыршақ театры қойылды.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCBD8cYNviU/
Мектебімізде 07 қараша күні жоспарға сәйкес Дебат қозғалысы фракциясының ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой алаңы» атты зияткерлік ойыны өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCHEd9_NyJJ/
Мектебімізде 11 қараша күні 1-11 сынып оқушыларымен "Жол қауіпсіздігі" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCPUGIGOpTg/
Мектебімізде 20 қараша –Бүкіләлемдік бала күні жарияланғанына 70 жыл толуына орай 11-15 қараша күндері аралығында өтетін бірыңғай облыстық «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында апталық басталды.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCRlgeiNxQR/?img_index=1
2024-ші жылдың 12 қарашасында Шар ст. ЖПб ППТ-ның полицейі, полиция сержанты Байгапанов С.Б. мектебіміздің 9-10 сынып оқушыларымен «Тыйым салынған заттар» тақырыбында кездесу өткізді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCRm-ustLm2/?img_index=1
Мектебімізде 20 қараша –Бүкіләлемдік бала күні жарияланғанына 70 жыл толуына орай 11-15 қараша күндері аралығында өтетін бірыңғай облыстық «Қауіпсіз

балалық шақ» тақырыбында апталық басталды. Осыған орай, мектебіміздің тәлімгері «Қауіпсіз интернет» тақырыбында 5-8 сынып оқушыларымен әңгіме жүргізді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCUUDPvurU3/?img_index=1
Мектебімізде 20 қараша – Бүкіләлемдік бала күні жарияланғанына 70 жыл толуына орай 11-15 қараша күндері аралығында өтетін бірыңғай облыстық «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында апталық басталды. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCW6e5AuLRr/?img_index=1
20 қараша Бүкіләлемдік бала жылы жарияланғанына 70 жыл толуына орай 11-15 қараша күндері аралығында өтетін бірыңғай облыстық "Қауіпсіз балалық шақ" атты жоспарға сай мектебімізде іс-шаралар жоспары құрылды. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCXENZquJzw/
Мектебімізде 20 қараша – Бүкіләлемдік бала күні жарияланғанына 70 жыл толуына орай 11-15 қараша күндері аралығында өтетін бірыңғай облыстық «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында апталық басталды. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCZFfkFur3c/
14.11.24 күні мектепалды даярлық сыныбында «Ұлттық құндылық-ұлт қазынасы» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өтті. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCZTO8eOGPq/
Мектебімізде 1-11 сынып оқушыларымен шекарашы сержант Раджан Батрканов пен подполковник Руслан Закиевке арналған тәрбие сағаттары өтті. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCZqam0Odin/
15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай мектебімізде 1-7 сынып оқушыларының қатысуымен суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCZrVBauKwk/
15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай 1-11 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.
https://www.instagram.com/p/DCZr-naOXq6/
Мектебімізде 18 қараша күні 1-11 сынып оқушыларымен «Халықаралық толеранттылық күні» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCiQ4mRi-kd/
Мектебімізде 21 қараша күні мектеп психологының ұйымдастыруымен «Сенім мен достыққа шақыру» тақырыбында 3Б сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCofpSdu-LQ/
Мектеп кітапханашысы Қ.Қ.Баймуратованың ұйымдастыруымен 20 қараша күні «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында 7-сынып оқушылырымен кітапханалық сабақ өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DCtZVdxuzZv/
25 қарашада елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюға және балалардың құқықтарын қолдауға бағытталған «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы аясында өткізілетін іс-шаралар жоспары құрылды. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DC6eKvpu5-6/
Жарма ауданы білім бөлімінің жоспарына сәйкес оқушы мен мұғалім арасындағы өзара түсіністік сапасын жақсарта отырып, оқушылардың шығармашылық идеяларын жүзеге асыру үшін заманауи және жоғары технологиялық құралдар мен әдістерді қолдануға ынталандыру мақсатында «Мерейлі ұстаз» бейнероликтер байқауының облыстық кезеңі өтті. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DC9mMEGObn2/

«Мейірімді жүрек» акциясы. Акцияға қатысушылар 10-сынып оқушылары.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DC_Ky2TO6Ak/
Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюға және балалардың құқықтарын қолдауға бағытталған «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы аясында тарих пәні мұғалімдері Л.Т. Толеугазинова, А.М.Даулетказинаның ұйымдастыруымен 2 желтоқсан күні мектебімізде 5-8 сыныптар арасында «Баланың отбасы мен қоғамда өмір сүру құқығы» атты дөңгелек үстел өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDFpS7WOyV5/
"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының, "Әділдік және жауапкершілік" айы аясында, 5 желтоқсан - Дүниежүзілік Еріктілер күніне орай, 1-11 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDFq7NYOdTi/
Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюға және балалардың құқықтарын қолдауға бағытталған «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы аясында мектебімізде 1-4 сыныптар арасында «Зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында суреттер көрмесі өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDOnmGoubTW/
Бірлік және Ынтымақ айы жоспарына сай 6 желтоқсан күні мектебімізде бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен бастауыш сынып мұғалімі: А.Т.Оспанова мен әскери жетекші Г. М.Кушербаеваның ұйымдастыруымен “Мен-өз елімнің патриотымын” тақырыбында конференция өтті.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDPAv0fOOxu/
6 желтоқсан күні
Балалар мен жасөспірімдерде пайдалы әдеттерді сіңіру, өз денсаулығына саналы және жауапкершілікпен карауды қалыптастыру мақсатында "Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз" тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDPKJ2uOU1i/
Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюға және балалардың құқықтарын қолдауға бағытталған «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы аясында мектебімізде 05 желтоқсан күні «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» атты 5-11 сынып оқушыларымен флешмоб ұйымдастырылды.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDWlkQ0uU48/
Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюға және балалардың құқықтарын қолдауға бағытталған «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы аясында мектебімізде 5-7 сынып оқушыларының арасында «Тоқта! Зорлық-зомбылық» тақырыбында отбасылық сайыс өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDWrJHqOMz3/
6-7 сынып оқушылары арасында еліміздің азаттығы мен батырлық тарихын дәріптеу мақсатында "Тәуелсіздік жолында" фильмі көрсетілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDek5cIOdw2/?img_index=1
16 желтоқсан - ҚР-ның Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған патриоттық іс-шаралар аясында «Күйзеліс пен өзгерістер жағдайында психологиялық тәуелсіздікті қалай сақтау керек» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDe2VqzNG9u/?img_index=1

Мектебімізде желтоқсан айында «Судың пайдасы» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDgsiGCOj6N/?img_index=1
16 желтоқсан - ҚР-ның Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған патриоттық іс-шаралар аясында 1-10 сыныптар арасында "Тәуелсіздік-тұғырым" тақырыбында суреттер көрмесі өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDhIHkduGJI/
16 желтоқсан - ҚР-ның Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған патриоттық іс-шаралар аясында мектебімізде мектепалды даярлық тобы және 1-11 сынып оқушыларымен «Тәуелсіздік-ел мұраты» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDjsEt9uhxa/?img_index=1
16 желтоқсан - ҚР-ның Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған патриоттық іс-шаралар аясында мектебімізде «Тәуелсіз елім-ең байтақ жерім» тақырыбында өлкену бейнелеу мақсатында 5-11 сынып оқушыларымен патриоттық челлендж түсірілді.
Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DDkd8EUuXCo/
Желтоқсан айында мектебімізде «Тілім менің ғасырларға аманат» атты апталық аясында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 10-сынып оқушыларымен ғылыми-техникалық конференция өткізілді.
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DDzdQyYt7LY/
Бүгін "Күншуақ" кіші орталық тобында "Ұлттық құндылық-ұлт қазынасы" тақырыбында ашық есік күні өтті. Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DD-Dgm5uxYT/
2024 жылдың 23-желтоқсаны күні 1 «А» сыныбында «Рақмет саған, Әліппе!» атты барлық білімнің бастамасы, оқушылардың сауатын ашқан тұңғыш оқулықтары әліппемен қоштасу ертеңгілігі өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/abai.at.mbbk/
Мектебіміздің мұғалімдері Жетісулық жас талант қоюшы- режиссер Е. Ұшақбаевтың "Ұстаз" филімін тамашалады. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DEAffJOOe9h/?img_index=1
2024 жылдың 25-желтоқсаны күні кіші орталық, мектепалды даярлық топтары тәрбиеленушілеріне және 1-сынып оқушыларына арналған «Жаңа жылға саяхат» атты шырша мерекесі өткізілді. Сілтеме:https://www.instagram.com/p/DEC19WIONxG/
Жаңа жыл қарсаңында мектебімізде «Тәттіге толы дорбаны (кулёк) сыйлаймын Шын жүректен» акциясы бастау алған болатын
Сілтеме: https://www.instagram.com/p/DEC3v4Xtx0_/
10 желтоқсан - Халықаралық адам құқықтары күніне орай мектебімізде 9 сынып оқушылары арасында пікірталас өткізілді..
13	Аудандық ПБ есебінде оқушының болуы, болмауы	5	5
14	Оқушылардың оқу сабақтарын себепті және	4.8	4.9
	себепсіз босату деңгейі		

15	Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында	4.8	4.9
	ұйымдастырылған іс-шаралар деңгейі		
16	Ата-аналардың жиналысқа қамтылуы	4.7	4.8
17	Ата-аналардың іс-шараларға қатысу деңгейі	4.6	4.7
18	Әр сынып жетекшісінің сайтының болуы, жүргізілуі	4.4	4.5
19	Жеке іс қағаздарының жүргізілу сапасы	4.8	4.9
20	Берілген тапсырмалардың уақытылы орындалуы	4.8	4.8

Сынып жетекшілердің кәсіби құзіреттілігін жетілдіру.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі оның өзіне деген сенімділігін кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Осы тұрғыда сынып жетекшілердің білім дәрежесін көтеру мақсатында әдістемелік отырыстарда іс-тәжірибе алмасып, үнемі тәрбие жұмысына арналған басылымдармен танысып отырамыз**.** Қорытындылай келе, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі алдағы уақытта сынып жетекші - оқушы-ата-ана ынтымақтастың тиімді әдістерін пайдалану бойынша зерттеу жұмыстарын жалғастырып, нәтижесін әдістемелік құрал түрінде жариялау жоспарланып отыр. Мектепте берілетін тәрбие орнықты, әрі өзіндік ерекшелігі анықталған, баланың еркін дамуына жағдай жасалған өз сипаты, заңдылығы бар үздіксіз үрдіс болуын қадағалап ескереміз.

V Ата-аналармен жұмыс.

Биылғы 2024-2025 оқу жылына арналған ата аналармен жүргізілетін жұмыстар жоспарланған және жүйелі жүргізіліп келеді. Ата–аналарды сыныптағы оқу тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстыру, мектеппен қарым қатынасты нығайту мақсатындаашық есік күндері, тәрбие сағаттары, спорттық сайыстар,әртүрлі тақырыптарда түсіндірме жұмыстары, тренингтержәне тоқсанына бір рет жалпы ата аналар жиналысын өткізу жолға қойылған. Ата аналар жиналысы өткізіліп, хаттамасы жазылып, тіркеліп отырылады.Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар мектептің инстаграм парақшасына жарияланады.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесу шаралары мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер тарапынан жүргізіліп отырылады.

2024 жылы қыркүйек айының 27-күні 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен алғашқы жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Ата-аналар жиналысының негізгі мақсаты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру, ата-аналарға өз балаларының құқықтары мен қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді таныстырып, кәмелетке толмағандардың денсаулығын қорғау, буллинг және суицидтің алдын алу жолдарын қарастыру.

«Әрбір баланың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау – біздің басты міндетіміз. Балаларды тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі ерекше, сондықтан олар баланың қауіпсіздігіне назар аударып, күнделікті өмірде қадағалауы тиіс».

Күн тәртібіндегі негізгі тақырыптардың бірі – балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі болды. Ата-аналарға зорлық-зомбылық, буллинг және интернеттегі қауіптер туралы нақты мысалдар келтіріліп, олардан қалай сақтану керектігі түсіндірілді.

«Жеке қауіпсіздік» сабақтары, АПҚО жұмысы, «Даналық мектебі» клубы, сондай-ақ «Дос болайық» және «Менің бауырым» сияқты әлеуметтік жобалардың маңызы мен тиімділігі де талқыланды.

Жиналыс барысында ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар ұсыныстар берілді. Баланың интернетте өткізетін уақытын қадағалап, қандай сайттарға, әлеуметтік желілерге кіретінін мұқият бақылау қажет екені ескертілді. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спорттық немесе шығармашылық үйірмелерге тарту арқылы дамуына қолдау көрсету қажеттілігі айтылды. Ата-аналарға

арнайы бағдарламалар арқылы құрылғылардағы қажетсіз контентті шектеу және баланың қауіпсіздігіне ұдайы назар аудару ұсынылды.
https://www.instagram.com/p/DAbT3mrNNE4/

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: Балалардың әл-ауқатын қамтамасызетуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата- аналардың уәждемесін арттыру.

Мектеп директорының 2024 ж 4 қыркүйектегі №28 бұйрығымен бекітілген ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын үйлсетіретін жұмыс тобы құрылған. Биылғы оқу жылында ішінара өзгерістер енгізілді. Құрамында:

№	Аты жөні	Лауазымы
1	Жумукбаева К.С.	Мектеп директоры міндетін атқарушы
2	Жумукбаева К.С.	ДТІЖО
3	ДЖакупова Г.Т.	Психолог
5	З.А.Саманов	МДШЖО
6	Баймұратова К.К.	Кітапханашы
7	Э.Д.Енсенова	МДОІЖО

2024-2025 оқу жылы барысында ата-аналармен өткізілетін педагогикалық қолдау сабақтарын және жиналыстарын ұштастыра отырып өткізу мақсатынды арнайы жоспар жасалып бекітілді.

I. 1–4 СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

Мақсат: Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік дамуына ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Айы	Іс-шара	Мазмұны	Қамтылатын сыныптар	Жауапты үйлестіруші
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы	Жылдық жоспармен таныстыру, ата-аналар комитетін сайлау	1-4 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Қазан	Пед. қолдау сабағы: «Сапалы ұйқы – денсаулық кепілі»	Баланың ұйқы режимі мен дамуына әсері	1-4 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Қараша	Пед. қолдау сабағы: «Дұрыс тамақтану мәдениеті»	Тамақтану тәртібі, үйдегі қолдау	1-4 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Желтоқсан	Ата-аналар жиналысы	I тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	1-4 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Қаңтар	Пед. қолдау сабағы: «Назар мен зейінді дамыту»	Үйде қолдануға болатын ойындар мен әдістер	1-4 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Ақпан	Пед. қолдау сабағы: «Сенімді қарым-қатынас құру»	Баламен ашық диалог жүргізу тәсілдері	1-4 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Наурыз	Ашық есік күні	Ата-аналар сабақтарға қатысып, бақылау жүргізеді	1-4 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Мамыр	Қорытынды жиналыс	Жыл бойы атқарылған жұмыстарды талдау	1-4 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер

II. 5–9 СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

Мақсат: Жасөспірімдердің тұлғалық қалыптасуында ата-аналармен бірлескен әрекет арқылы қолдау көрсету.

Айы	Іс-шара	Мазмұны	Қамтылатын сыныптар	Жауапты үйлестіруші
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы	Жылдық жоспар, тәртіп ережелері	5-9 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Қазан	Пед. қолдау сабағы: «Буллинг және кибербуллинг»	Қауіпсіз орта қалыптастыру жолдары	5-9 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Қараша	Дөңгелек үстел: «Тұрмыстық зорлықтың бала психикасына әсері»	Психологпен кездесу	5-9 сынып ата-аналары	Психолог, Сынып жетекшілер
Желтоқсан	Ата-аналар жиналысы	II тоқсан қорытындысы, тәрбие мәселелері	5-9 сынып ата-аналары	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер
Қаңтар	Пед. қолдау сабағы: «Жасөспіріммен сенімді диалог»	Қиын жас кезеңінде ата-ананың рөлі	5-9 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Ақпан	Тренинг: «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру»	Оқушының дербестігін дамыту	5-9 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Наурыз	Ашық есік күні	Ата-аналар сабақтарға қатысады	5-9 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер
Сәуір	Психологиялық сабақ: «Отбасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу»	Заңнамалық түсіндіру	5-9 сынып ата-аналары	Психолог
Мамыр	Қорытынды жиналыс	Жылдық қорытынды, ұсыныстар	5-9 сынып ата-аналары	Сынып жетекшілер

III. 10–11 СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР

Мақсат: Жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарын, өмірлік дағдыларын қалыптастыруда ата-аналармен серіктестік орнату.

Айы	Іс-шара	Мазмұны	Қамтылатын сыныптар	Жауапты үйлестіруші
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы	ҰБТ, кәсіби бағдар, оқу жоспары	10-11 сынып ата-аналары	Психолог
Қазан	Пед. қолдау сабағы: «Жасөспірімнің психоэмоциялық жағдайы»	Стресс пен мазасыздықты жеңу жолдары	11 сынып ата-аналары	Психолог
Қараша	Тренинг: «Мамандық таңдау – болашаққа қадам»	Ата-аналармен бірлескен бағдарлау	10-11 сынып ата-аналары	Психолог, сынып жетекші
Желтоқсан	Ата-аналар жиналысы	II тоқсан қорытындысы, ҰБТ дайындық барысы	10-11 сынып ата-аналары	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекші
Қаңтар	Пед. қолдау сабағы: «Жасөспіріммен сенімді қарым-қатынас»	Қиындықтарды бірге еңсеру тәсілдері	10-11 сынып ата-аналары	Психолог
Ақпан	Ашық есік күні	Ата-аналар сабақтарға қатысады	10-11 сынып ата-аналары	Сынып жетекші
Наурыз	Дөңгелек үстел: «Отбасы – табысты тұлғаның негізі»	Ата-аналармен пікір алмасу	10-11 сынып ата-аналары	Сынып жетекші
Сәуір	Психологиялық сабақ: «ҰБТ алдындағы психологиялық дайындық»	Психолог кеңесі	11 сынып ата-аналары	Психолог
Мамыр	Қорытынды жиналыс	Жылдық қорытынды, түлектерге тілек	10-11 сынып ата-аналары	Мектеп әкімшілігі, сынып жетекші

Мектептегі **«Даналық мектебі»** – бұл тәрбиелік бағыттағы ерекше жоба, оның мақсаты – **ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді негізге ала отырып, ата-аналармен және аға буынмен тығыз байланыс орнату арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ету**.

«Даналық мектебі» клубының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

- Ата-аналар мен аға буын өкілдерінің педагогикалық әлеуетін пайдалану.
- Позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру.
- Ұлттық тәрбие негізінде саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-аналармен және қоғам өкілдерімен тығыз байланыс орнату.
- Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім беру үдерісіне енгізу.
- Аға буынның өмірлік тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу.
- Мектеп, ата-ана, оқушы үштігінің үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету.

«Ата өсиеті» бөлімі

Мақсаты:

- Ер азаматтардың өмірлік тәжірибесін, ақыл-кеңесін оқушыларға жеткізу.
- Ұл балаларға ер мінезділік, жауапкершілік, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру.

Міндеттері:

- Ата-бабалардан қалған нақыл сөздер мен өсиеттерді насихаттау.
- Ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету (ас беру, бата, шежіре).
- Ұл балалармен жеке кездесулер, әңгіме-сұхбаттар ұйымдастыру.

«Әже даналығы» бөлімі

Мақсаты:

- Қыз балаларға инабаттылық, ізеттілік, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру.
- Әжелердің өмірлік тәжірибесін тәрбиелік құрал ретінде пайдалану.

Міндеттері:

- Қыз балалармен ұлттық тәрбие бағытында кездесулер өткізу.
- Қолөнер, тағам дайындау, салт-дәстүр сабақтарын ұйымдастыру.
- «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында семинарлар өткізу.

«Аға қамқорлығы» бөлімі

Мақсаты:

- Жасөспірім ұл балаларға үлгі болатын аға буынмен байланыс орнату.
- Жауапкершілік, ерлік, еңбекқорлық қасиеттерін дамыту.

Міндеттері:

- Ағалармен спорттық, патриоттық шаралар ұйымдастыру.

- Ұл балаларға болашақ мамандықтар туралы бағыт-бағдар беру.
- «Ағалар кеңесі» арқылы тәрбие мәселелерін талқылау.

«Жеңге кеңесі» бөлімі

Мақсаты:

- Қыз балаларға әйел болмысын, отбасылық құндылықтарды үйрету.
- Жеңгелердің тәжірибесі арқылы қыз тәрбиесін байыту.

Міндеттері:

- Қыз балалармен сырласу, кеңес беру кездесулері.
- Отбасы, ана болу, әйелдің қоғамдағы рөлі туралы әңгімелер.
- «Жеңгелер мектебі» арқылы қыздардың ішкі мәдениетін қалыптастыру.

«Даналық » мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы жүргізілетін жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Ата өсиеті				
1	«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»	Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау	Жыл көлемінде	Жумукбаева К.С. ДТІЖО
2	«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»	Бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды насихаттау	Жыл көлемінде	Жумукбаева К.С. ДТІЖО
Әже даналығы				
3	«Ертегі – танымның көзі»	Әжелер мектебі арқылы ертегінің танымдық-тәрбиелік әлеуетін жан-жақты ашып, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету	Жыл көлемінде	Жумукбаева К.С. ДТІЖО
4	«Ырым-тыйым – әдептілік негізі»	Халқымыздағы әдептілікке бастау болған ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау	Жыл көлемінде	Жумукбаева К.С. ДТІЖО
Аға қамқорлығы				
5	«Ағасы бардың – жағасы бар»	Ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру	Жыл көлемінде	Жумукбаева К.С. ДТІЖО
6	«Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі»	Халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау	Жыл көлемінде	Жумукбаева К.С. ДТІЖО
Жеңгелер мектебі				
7	«Қыз ғұмырдың құпиялары»	Жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие	Жыл көлемінде	Жумукбаева К.С. ДТІЖО

		берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру.		
8	«Қыздар білуге тиіс...»	Қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.	Жыл көлемінде	Жумукбаева К.С. ДТІЖО

VII. Тәрбиелік жобаларды жүзеге асырудың тиімділігі

Тәрбиелік жобалар – бұл білім беру жүйесі мен қоғамның түрлі салаларын жетілдіруге бағытталған, білім алушыларды, ата-аналарды және педагогтерді тәрбиелік-профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке тұлғаның құндылықтарын қалыптастыруды көздейтін маңызды бастамалар.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 2024–2025 оқу жылында төмендегі 6 жобаны жүйелі түрде іске асыру жоспарланған:

1. «Қамқор» жобасы

Мақсаты: Әлеуметтік бағыттағы іс-шаралар арқылы оқушылардың мейірімділік, жанашырлық, қамқорлық секілді адами құндылықтарын қалыптастыру.
Іс-шаралар: қайырымдылық акциялары, еріктілер қозғалысы, әлеуметтік қолдау жобалары.

2. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы

Мақсаты: Тілдік дағдыларды дамыту, пікірталас мәдениетін қалыптастыру және тақырыптық талқылау арқылы сыни ойлау мен жауапкершілік құндылықтарын дәріптеу.
Іс-шаралар: дебаттар, эссе байқаулары, TED форматындағы оқушы баяндамалары.

3. «SMART BALA» жобасы
Мақсаты: Инновациялық идеялар мен жобалар конкурсы арқылы оқушылардың шығармашылық ойлауын, технологиялық сауаттылығын және жаңашылдыққа ұмтылысын дамыту.
Іс-шаралар: STEM жобалар көрмесі, стартап идеялар байқауы, робототехника шеберлік сабақтары.

4. «Шабыт» жобасы

Мақсаты: Оқушылардың көркемдік және шығармашылық әлеуетін ашу арқылы эстетикалық тәрбие мен өзін-өзі таныту құндылықтарын қалыптастыру.
Іс-шаралар: сурет, музыка, би, театр бағытындағы байқаулар мен көрмелер.

5. «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы

Мақсаты: Еңбекке баулу, түрлі мамандықтарға қызығушылықты арттыру және адал еңбек құндылығын насихаттау.
Іс-шаралар: кәсіптік бағдар беру, өндірістік экскурсиялар, шеберлік сабақтары.

6. «Балалар кітапханасы» жобасы

Мақсаты: Кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, білімге құштарлық пен рухани байлықты қалыптастыру.
Іс-шаралар: кітап оқу марафондары, авторлармен кездесулер, буктрейлер байқауы.

«Табысты жобалар» – командалық жұмыстың нәтижесі

2024–2025 оқу жылында мектепте жүзеге асырылып жатқан **«Табысты жобалар»** бастамасы өз жалғасын табуда. Бұл жобалар – педагогтер мен оқушылардың бірлескен командалық жұмысының жемісі.

Жобаның мақсаты:

Командалық жұмыс арқылы мектептің табысты тәжірибесін тарату және ұжымдық әрекеттің маңызын түсіндіру.

Міндеттері:

- Командалық жұмыс пен жоба түрлері туралы жан-жақты ақпарат беру;
- Имплицитті (жасырын, тәжірибе арқылы меңгерілетін) білім алу ортасын қалыптастыру арқылы командалық жұмыстың тиімділігін көрсету.

Күтілетін нәтиже:

- Білім алушылар мен педагогтер жоба түрлерін танып, олардың ерекшеліктерін меңгереді;
- Мектепте жүзеге асырылған табысты жобалардың нәтижелерімен танысады;
- Командалық жұмысқа деген қызығушылық артады.

Жобалар 4 негізгі бағытты қамтиды:

1. **Инновациялық бағыт** – жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу;
2. **Зерттеу бағыты** – ғылыми ізденіс пен тәжірибелік жұмыстар;
3. **Әлеуметтік бағыт** – қоғамға пайдалы бастамалар мен еріктілік;
4. **Тәрбиелік бағыт** – рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтарды насихаттау.

«Абайды оқы, таңырқа» тәрбиелік жобасы

Жобаның мақсаты:

Абай Құнанбайұлының шығармаларын жүйелі түрде оқыту арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, тіл байлығын арттыру және ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын ояту.

Міндеттері:

- Әр сынып деңгейіне сай Абай шығармаларын меңгерту;
- Жатқа оқу, талдау, сахналау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- «Абай жолы» романын оқу арқылы тарихи-әдеби танымды кеңейту;
- Мектеп ұжымының әдебиетке деген ынтасын арттыру.

Жобаның құрылымы

1. **2–4 сыныптар: «Абай әлеміне алғашқы қадам»**
   - **Іс-шара:** «5 қарасөз, 20 өлең жатқа оқу»
   - **Қосымша:** Абай өлеңдерін иллюстрациялау, сурет салу, мәнерлеп оқу байқауы
2. **5–6 сыныптар: «Абайды танып-білу»**
   - **Іс-шара:** «10 қарасөз, 30 өлең жатқа оқу»
   - **Қосымша:** «Абайдың нақыл сөздері» постер байқауы, шағын сахналық көріністер
3. **7–8 сыныптар: «Абайды терең тану»**
   - **Іс-шара:** «45 қарасөз, 45 өлең жатқа оқу»
   - **Қосымша:** «Абайдың қарасөздері – өмір мектебі» эссе байқауы, дебаттар
4. **9–10 сыныптар: «Абай жолы – рухани жол»**
   - **Іс-шара:** «Абай жолы» романын оқу
   - **Қосымша:** Кітап талдау клубы, кейіпкерлерге мінездеме жазу, бейнежолдау дайындау
5. **Мектеп ұжымы: «Абайды бірге оқимыз»**
   - **Іс-шара:** «Абай жолы» романын ұжымдық оқу
   - **Қосымша:** Әдеби кеш, оқырман пікірлерін жинау, «Абайдың мұрасы – ұрпаққа аманат» атты дөңгелек үстел

Қосымша идеялар:

- **«Абай апталығы»** – әр бөлімге арналған күндермен ұйымдастыру
- **«Абайға хат»** – оқушылардың шығармашылық жазбалары
- **«Абайдың сөзі – жүрекке»** – әлеуметтік желіде челлендж
- **«Абайды сахнада сөйлетейік»** – қарасөздерден театрландырылған көріністер

Биылғы оқу жылында мектепте буллингтің алдын алуға арналған бағдарламалар жоспарлы түрде жүргізілуде. Арнайы командалар құрылған. Жетекшілері мектеп директорының бұйрығымен бекітілген.

1. «ДОС БОЛ LIKE» - білім алушыларды жәбірлеудің (Буллингтің) алдын алу бойынша бағдарлама.

2. «Менің бауырым» - бала құқықтарын қорғау және балалық шаққа қатысты жобаларды тиімді басқаруы үшін еріктілер жобасы**.**

Дәліздерде мұғалімдер арнайы кезекшілік атқаруда, буллингтің алдын алуға және араласуға арналған мектеп бағдарламасы 2024-2025 оқу жылы барысында жоспарлы түрде жүргізілуде. Мектеп директоры, мектеп әкімшілігі тарапынан қатаң бақылауға алынған.

VIII. Қамқоршылық кеңес

Мектепте **қамқоршылық кеңесі** тұрақты әрі жүйелі түрде жұмыс атқарады. Кеңес құрамында 9 белсенді мүше бар. Әр оқу жылына арналған **жұмыс жоспары** нақты құрылып, жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді.

Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп өміріне белсенді араласып, **ата-аналар жиналыстарына, тәрбиелік және мәдени іс-шараларға** тұрақты түрде қатысып, жан-жақты қолдау көрсетуде. Кеңес жұмысы барысында мектеп әкімшілігімен **ынтымақтастық және серіктестік қатынас** қалыптасқан.

Қамқоршылық кеңес – мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы байланысты нығайтып, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған маңызды құрылым ретінде өз тиімділігін дәлелдеп келеді.
Қамқоршылық кеңес мүшелері

№	Құрылымы	ТАӘ	Жұмыс орны	Лауазымы
1.	Төрайымы	Сергазина Маржан Габдрашидовна	Жұмыссыз	
2.	Мүшелері	Касымжанов Медет Дюсенбекович	Шар қаласының әкімінің аппараты	Бас маман
3.		Омаров Бағдат Тұрдыбекович	Шар полиция бөлімі	Учаскелік инспектор
4.		Кушербаева Алия Бекмұхамбетовна	Мәденет үйі	Әдіскер
5.		Әлкен Мақпал Оразбайқызы	Абай ат.МББК	Тәрбиеші
6.		Мурсахметова Арайлым Кыдыркановна	Абай ат.МББК	Кіші қызметкер
7.		Матиев Кенжебек Максутбекович	КТЖ	Жол монтеры
8.		Нургазиева Наргуль Женисбековна	Жұмыссыз	
9.		Оразбаева Айман Адильхановна	Жұмыссыз	
10.		Тұрсынбековна Айнур Аққылбековна	«Ақбота» б/б	Тәрбиеші
11.		Манабаева Эльмира Мухтарбековна	«Әйткен» дүкені	Сатушы

Қамқоршылық кеңестің отырыстары жоспарлы түрде өткізілді.
Әр отырыстың хаттамасы жазылып, тіркеледі

№	Ай	Іс-шара	Жауапты
1	Қыркүйек	№1 Қамқоршылық кеңесінің отырысы 1.Мектептің қамқоршылық кенесінің (бұдан әрі-ҚК) құрамын бекіту. 2.ҚК төрағасын,ҚК төрағасының орынбасарын, ҚК хатшысын сайлау. 3.Негізгі жұмыс бағыттарын анықтау, блім беру жүйесінде қамқоршылық кеңестерді құру бойынша нормативтік құқықтық базаға енгізілген әдістемелік ұсыныстармен және өзгерістермен танысу; мектеп Жарғысымен таныстыру. 4.2024-2025 оқу жылына арналған ҚК жұмыс жоспарын бекіту. 5. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы	К.С.Жумубаева
2	Қазан	Оқу процесінің сапасын арттыруға көмектесу. Мұғалімдер күнін мерекелеуді ұйымдастыруға қатысу	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Қараша	№2 ҚК отырысы 1.1тоқсандағы жұмыс нәтижелерін талдау. 2.Оқушылардың құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселелерін талқылау. 3.Тәуелсіздік күніне арналған іс-шара ұйымдастыруға көмектесу 4.Қазақстан Республикасы Президентінің және қала әкімінің тапсырмасы бойынша 2023жылғы жаңа жылдық шыршаларға қатысатын балалардың тізімін бекіту.	К.С.Жумукбаева
4	Желтоқсан	№3 ҚК отырысы 1.Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды кеңсе тауарларымен және киім-кешекпен қамтамасыз етудің қорытындысы туралы. «Қамқорлық» акциясына қатысу. 2.Аз қамтылған отбасы балаларына сыйлық жинауды ұйымдастыруға көмектесу. 3. Жаңа жылдық мерекелерге мектепті безендіруді ұйымдастыруға көмектесу.	К.С.Жумукбаева қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Қаңтар	Оқушылар арасында салауатты өмір салтын және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс. Білім беру процесінің жағдайын жақсарту және	Қамқоршылық кеңес

		студенттерге медициналық көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдармен жұмыс жасау	
6	Ақпан	Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылған күніне орайластырылған жергілікті қақтығыстарға қатысушы, интернационалист-жауынгерлермен кездесуді ұйымдастыруға көмек көрсету. Мектеп әкімшілігімен бірлесіпөрт қауіпсіздігі бойынша теориялық және практикалық оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу.	Қамқоршылық кеңес
7	Наурыз	№4 ҚК отырысы 1.Көктемгі іс- шаралар мен оқушылар демалысынөткізу туралы. 2.Мектептің қосымша білім беру жүйесінің жағдайы мен даму болашағын бағалау. 3.Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік бағдарламаға қатысу. 4.Наурыз мейрамын тойлауға арналған іс-шараларға қатысу.	Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, қамқоршылық кеңес мүшелері
8	Сәуір	Мектеп аумағын және мектепті абаттандыруға қатысу.	Қамқоршылық кеңес
9	Мамыр	№5 ҚК отырысы 1.2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп. 2.2025-2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңестің жұмысын жоспарлау туралы. 3.Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және есептің барлық түрлерінде тұрған оқушыларды жұмысқа орналастыру туралы. 4.Жеңіс күні мен Отан қорғаушылар күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыруғам және өткізуге қатысу. 5.Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне және тыл еңбеккерлеріне көмек көрсету.	Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, қамқоршылық кеңес мүшелері

IX. Құқықтық кеңес

Құқықтық кеңес — оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды құрылым. Оның қызметі білім беру мекемесінде құқықтық тәрбие жүйесін ұйымдастыруға негізделеді.

Құқықтық комиссия құрамы:

1. Жумукбаева К.С мектеп директоры м.а.– комиссия төрайымы;
2. Жумукбаева К.С. ДТІЖО – комиссия мүшесі;
3. Самалхан Е.К. Шар қаласы ІІБ инспекторы – комиссия мүшесі;
4. Джакупова Г.Т. психолог – комиссия мүшесі.

Мақсаты

- Оқушылардың құқықтық білімін арттыру.
- Құқықтық мәдениетті қалыптастыру.
- Құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау.
- Қоғамға пайдалы, заңға құрметпен қарайтын тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері

- Оқушыларға құқықтық білім беру іс-шараларын ұйымдастыру.
- Құқық бұзушылықтың себептерін талдау және алдын алу шараларын ұсыну.
- Ата-аналармен және құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыс жүргізу.
- Қиын оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу.
- Құқықтық тақырыптағы сынып сағаттары, кездесулер, тренингтер өткізу2.

Атқаратын жұмысы

- Құқықтық кеңес отырыстарын өткізу және құқықтық тәрбие жоспарын бекіту.
- Құқықтық ақпарат бұрыштарын ұйымдастыру.
- Оқушылардың құқықтық сауаттылығын тексеру мақсатында сауалнамалар жүргізу.
- Құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру.
- Құқықтық тәрбиеге байланысты жобалар мен акциялар өткізу.

Айы	Іс-шара атауы	Мақсаты	Жауапты
Қазан	«Құқық әлемі» апталығы	Заң туралы білім беру	Тәлімгер, құқықтық кеңес
Қараша	Қиын оқушылармен жеке жұмыс	Құқықбұзушылықтың алдын алу	Психолог, сынып жетекшілер
Желтоқсан	Ата-аналармен құқықтық кездесу	Отбасылық тәрбие мен заңды түсіндіру	МДТІЖО
Ақпан	Жыныстық тиіспеушілік бойынша тренинг	Қауіпсіздік пен жеке құқықты түсіндіру	Мектеп медбикесі, психолог
Мамыр	«Мен және заң» эссе байқауы	Оқушылардың құқықтық ойлауын дамыту	Қазақ тілі пәні мұғалімі

Күтілетін нәтижесі

- Оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен жауапкершілігі артады.
- Мектепте құқық бұзушылық деңгейі төмендейді.
- Оқушылардың заңға деген құрметі қалыптасады.
- Қоғамға бейімделген, заңға бағынатын тұлғалар тәрбиеленеді.

Балалардың құқық бұзушылығын алдын алу бойынша жұмыс мектеп әкімшілігінің ерекше бақылауында тұр. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әртүрлі жұмыс түрлері мен әдістері пайдаланылады: құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен әңгімелесу, дәрістер, кездесулер, рейдтер, балалардың мектепке баруын күнделікті бақылау.

Мектебімізде құқық бұзушылыққа барған, тәртіп бұзған, заңға қайшы әрекет еткен факт тіркелген жоқ. «Тәуекел тобында» тіркеуде тұрған, мектепішілік тіркеуде тұрған оқушылар жоқ. Қылмыстың, құқықбұзушылықтың алдын алу және қиын оқушылармен жұмыс жүргізу жоспарда нақтыланған. Ең алдымен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықбұзушылық және қараусыздығын анықтау үшін жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшілер , мектеп инспекторы, психолог және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәлімгер, педагог ұйымдастырушы, мектеп әкімшілігі ата-аналармен бірлесе отырып үздіксіз жұмыстар атқаруда. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысу қадағаланып отырылады. Кейбір сабаққа келмей қалған оқушылардың ата- аналарынан себебі анықталады. Себепсіз көп сабақ босатқан оқушылар болған жағдайда ата-аналарға баласы туралы хабарланады. Мектепте тұрақты «Сенім» жәшігі жұмыс жасайды. Аптасына бір рет тексеріліп отырылады. Акт жасалады. Биылғы оқу жылы барысында бірде бір арыз-шағым, өтініш түскен жоқ.

Мектептегі өгей әкемен, өгей шешемен тұратын және сәтсіз жанұя оқушыларының тұрмыстық жағдайын зерттеужұмыстарына комиссия мүшелері құрылып жұмыс жүргізілді.

X. Оқушылармен жүргізілген профилактикалық жұмыстар

Мектепте оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Сынып жетекшілері бекітілген кестеге сәйкес тәртіпсіздік, жағымсыз әдеттер, құқықбұзушылық және қылмыстың алдын алу тақырыптарында сынып сағаттарын тұрақты түрде өткізеді. Сабақтар барысында оқушыларға кеңестер беріліп, тақырыптық әңгімелер жүргізіліп, бейнематериалдар көрсетіледі. Мектепте «Сенім жәшігі» белсенді жұмыс істейді. Алайда, қазіргі уақытқа дейін оқушылар тарапынан шағым, арыз немесе көмек сұрау туралы хаттар түскен жоқ. Мектеп психологы оқушылармен, ата-аналармен және педагогикалық ұжыммен тұрақты түрде жұмыс жүргізеді. Психологиялық қолдау көрсету мақсатында оқушыларға арналған тренингтер, кеңес беру шаралары ұйымдастырылады. Демалыс уақыттарында оқушылардың бос уақытын тиімді әрі мазмұнды өткізу үшін түрлі тақырыптық іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылды. Сонымен қатар, оқушыларға үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысу қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп инспекторымен бірлесіп, мұғалімдер «Түнгі көшедегі балалар» рейдіне ерікті түрде қатысады. Осы уақытқа дейін себепсіз көшеде жүрген немесе түнгі жиындарға қатысқан оқушылар тіркелген жоқ. Жыныстық тәрбие және жыныстық тиіспеушілік мәселелері бойынша да бірқатар іс-шаралар атқарылды. Ұлдар мен қыздармен жеке-жеке әңгімелер жүргізіліп, олардың құқықтары мен қауіпсіздігі туралы түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылардың сыныптастары, басқа балалар немесе ересектер тарапынан зәбірлеу, зорлық-зомбылық, қысым көрсету фактілерін анықтау мақсатында арнайы жиындар өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DAWLf4DuLut/

Мектеп оқушыларына жолда жүру ережесін түсіндіру іс-шарасы

Іс-шараның негізгі мақсаты — оқушыларға жаяу жүргіншілерге арналған жол қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру, олардың жолда өзін дұрыс ұстауына бағыт-бағдар беру. Балалар жолдан өткен кезде алдымен толық қауіпсіздікке көз жеткізуі тиіс: көлік қозғалысын бақылап, бағдаршам мен жол белгілерін дұрыс пайдалану қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының тұрғылықты мекенжайын ескере отырып, олардың мектепке келуі мен қайтуы барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сынып жетекшілері ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізеді. Ата-аналарға балаларын мектепке алып келу және алып қайту қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/DA5izZUg_wL/

XI. Оқушылармен демалыс уақытындағы іс-шаралар

Мектеп жанындағы жазғы лагерь туралы

Жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп жанындағы жазғы лагерь ұйымдастырылды. Лагерь жұмысы арнайы жоспарға сәйкес жүргізілді.

Іс-шаралар барысында оқушыларға тәрбиелік, танымдық, спорттық және шығармашылық бағыттағы бағдарламалар ұсынылды. Әр күннің тақырыбына сай ойындар, байқаулар, тренингтер, экскурсиялар және спорттық жарыстар өткізілді. Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында сурет салу, қолөнер, би, ән үйірмелері жұмыс істеді.

Мектеп психологы лагерь барысында балалардың психоэмоционалдық жағдайын бақылап, қажет болған жағдайда кеңес беріп отырды. Сонымен қатар, оқушыларға жолда жүру ережелері, өрт қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік және алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Лагерьге қатысқан оқушылардың белсенділігі жоғары болды, олардың арасында достық қарым-қатынас нығайып, өзара сыйластық пен жауапкершілік қалыптасты. Ата-аналар тарапынан да оң пікірлер айтылып, лагерь жұмысы жоғары бағаланды.

Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп-балабақша кешені» КММ-де Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-практикалық орталығының ҚР Оқу-ағарту министрлігінің №27-4336 хаты негізінде 2024-2026 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары. Мектеп жанындағы жазғы лагерь 01.06-20.06.2025ж. 9.00-14.00 сағат аралығында жұмыс жасайды. Лагерьдің негізгі құрамы-мектеп оқушылары. Лагерьге балаларды жинақтағанда аз қамтылған отбасы, көпбалалы отбасы, толық емес отбасындағы балаларға баса көңіл бөлінеді,арнайы тізіммен тегін тамақпен I ауысым - 70 оқушы, II-ауысым -59 бала тамақтанды. Лагерь жұмысы оқушылардың жас шамасына қарай бастауыш сынып және орта буын баладан жинақталған 2 топпен іске асырылады, Балалардың денсаулығын жақсартуға, сауықтыру мәселесі, ой – өрісін дамытып,ойлау қабілеттерін арттыруға, гигиеналық және дене мәдениетін сақтауға; медициналық сақтандыру, спорттық, білім беру; мәдени демалу,күш-қуатын жақсартып,
шығармашылықпен жұмыс атқару,азаматтық тәрбие, адамгершілікке, отаншылдыққа баулу, экологияны сақтауға балаларды тәрбиелеу бағдарламасын іске асыруға қолайлы жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған.

Мақсаты:Балалардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру аясында салауатты өмірсүру мен тұлғалық сапалы дамуын жетілдіру мен шығармашылыққа баулу.
Міндеттері: Жас ерекшеліктері әр түрлі топтармен қарым-қатынас жасау түрлерін дамыту; Шығармашылықпен жұмыс істейтін балаларды анықтап,қабілетін дамыту, жеке жұмыс жасауға,бірлесіп жұмыс атқаруға баулу; Топпен жұмыс жасауға үйрету, балалардың жазғы сауықтыру лагерін басқаруға қатыстырылуы; Өмір қауіпсіздігі ережелерін меңгертуге,түрлі аурулардың алдын алуға, балалар денсаулығын күшейтуге, баланың денсаулығын шынықтыруға байланысты түрлі сауықтыру іс-шараларының жүйесін құру;
Принциптері:
Жазғы сауықтыру лагерінде тәрбиелеудің түрлі әдісін,тәсілін,мазмұнын таңдау принципі төмендегі жұмыстардың атқарылуын талап етеді:

- Балалардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне қарай оларды тәрбиелеудің түрлі әдісін,тәсілін,мазмұнын табу және жүзеге асыру принципі;
- Баланың бір шығармашылық жұмысы түрінен екінші жұмысқа көшу мүмкіндігінің болуы(1күнде) ;
- Күн тақырыбына байланысты барлық іс-шаралардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы,жүйелілігі,мазмұн сәйкестігі;
- Барлық атқарылатын іс-шараларға балалардың белсенді түрде қатыстырылуы;

4. Баланың дара қасиетін ашу шығармашылық принципі:шығармашылықпен жұмыс жасауы арқылы тұлға даралығының ашылуы-тұлғаны сипаттау мінездемесі, қолға алған жұмысын толық іске асыруы Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулықтарына жауап береді, күн тәртібіне,
санитарлық нормалардың, техника қауіпсіздігінің сақталуына, сауықтыру-тәрбиелеу жұмысын, балалардың бос уақытын дұрыс,пайдалы, мағыналы ұйымдастыруға жауапты. Педагог-психолог, кітапханашы, дене тәрбиесі пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог қызметтегі міндеттеріне байланысты арнайы педагогикалық қызмет атқарады.
Демалыс лагерінің жұмыс уақыты келесі кестемен белгіленеді:
8.30-9.00 - Балаларды қабылдау.Таңертеңгілік жаттығу
9.00-9.15 Таңғы ас.
9.30-12.00. Танымдық іс-шаралар.Спорттық белсенді ойындар.
12.00-13.00. Шығармашылық жұмыстар.(кітапхана)
13.00-13.15. Түскі ас.
13.15-14.00. Ойындар.Саяхат,серуендер. Өтілген күнді қорытындылау.
«1 маусым- Балаларды қорғау күні» мерекесі қарсаңында мектебімізде «Балдаурен» жазғы демалыс лагерінің бірінші маусымы ашылды. https://www.instagram.com/p/DKW_sgSCldd/
Жаз мезгілі балалар мен олардың ата-аналарына асыға күтетін жыл мезгілі екені белгілі .Жазғы демалысты қызықты өткізуде тәрбиеші Г.Т.Джакупова қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті .
https://www.instagram.com/p/DKZVmomtLjU/

3 маусым күні "Балдәурен" лагері таңғы жаттығу жасап , бой сергітуден басталып , таңғы ас ішіп, топ ішінде қызықты іс-шара ұйымдастырылып , үйірме жұмыстарымен жалғасты.

https://www.instagram.com/p/DKb3wmONUIs/

«Балдәурен» лагерінде 4 маусым күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай, жас ұрпаққа Мемлекеттік Рәміздерді құрметтеуді, сүюді, патриоттық сезімін ояту мақсатында Г.Т.Джакупова "Мемлекеттік рәміздер- ұлт мақтанышы" тақырыбында іс-шара өткізді.

https://www.instagram.com/p/DKezp9LtiQ6/

5 маусым «Балдәурен» жазғы демалыс лагерінде жоспарға сәйкес "Жаттығу жаса бой сергіт! " таңғы жаттығуынан басталып, топтық і-шаралар, үйірме жұмыстары өтілді "Ертегілер әлемінде"тақырыбына оқушылар, "Шалқан", "Жеті лақ" ерегілерінен қойылым көрсетті.Өзге оқушылар қызығушылықпен тамашалады. Табиғат аясында түрлі қозғалмалы ойындар ойнады.

https://www.instagram.com/p/DKh1C3mNW4H/

9 маусым "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінде бүгін "Таланттар шеруі" тақырыбында көңілді іс-шара өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DKrvPJhNA-u/

"Балдәурен" жазғы лагерінде оқушылардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында күнделікті дене шынықтыру жаттығулары өткізіліп тұрады.

https://www.instagram.com/p/DKuCNanNADa/

11 маусым күні мектеп жанындағы "Балдәурен" демалыс лагерінде жоспарға сәйкес "Неткен сұлу, неткен көркем осы менің туған өлкем" тақырыбында туған өлкенің орталықтағы балалар ойын алаңына барды

https://www.instagram.com/p/DKwzfQ0tw5B/

https://www.instagram.com/p/DKzhxVRt96E/

13 маусым күні мектеп жанындагы "Балдәурен" лагерінде демалыс тек ойын сауықпен ғана емес, шығармашылыққа толы іс-шарамен де ерекшелінеді.Осы мақсатта қыздарымыз сән әлемінде өнер көрсетті..

https://www.instagram.com/p/DK3qNxPN8j9/

16 маусым күні лагерімізде ерекше көңілді әрі қызықты күн өтті – "Ғажайыптар күні"! Бұл күннің басты шарасы – "Қазына тап" атты ұжымдық ойын болды.

https://www.instagram.com/p/DK-GdeWNjNH/

17 маусым күні "Балдәурен" жазғы лагерінде ұйымдастырылған «Мені сүйікті мекенім» атты іс-шара – балалардың туған жерге, өз елді мекеніне деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған танымдық әрі тәрбиелік мәні зор шара болды.

https://www.instagram.com/p/DLBp6HkigaW/

19 маусым күні мектеп жанындағы "Балдәурен" жазғы демалыс лагерінде балалардың лагерьде жинаған жақсы әсерлерін еске түсіру, достық қарым-қатынасты нығайту, жағымды эмоция қалдыру мақсатында жоспарға сәйкес «Жағымды естеліктер күні» өтілді. **https://www.instagram.com/p/DLJYNRkigVx/**

Маусымның 20 күні біздің мектеп жанындағы жазғы «Балдәурен» лагерінің I ауысымы сәтті аяқтады.

https://www.instagram.com/p/DLMJvEWiFZ2/

23 маусым күні мектеп жанындағы “Балдәурен” жазғы демалыс лагерінің 2-ауысымының шымылдығы ашылып, өз жұмысын бастады. **https://www.instagram.com/p/DLPWWbptVU-/**

24.06. 2025 жылы “Балдәурен” мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде жоспарға сәйкес балаларды қарсы алып, таңғы жаттығу жасалды.Таңғы астан кейін “Ақылды бала- болашағы жарқын ел” тақырыбына орай”Не?Қайда? Қашан? атты топтық жұмысы жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DLRzxlpN3yB/

26.06.2025 ж. күні “Балдәурен” мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде күн әдеттегідей балаларды қарсы алудан және көңілді таңғы жаттығудан басталды.

https://www.instagram.com/p/DLUY-pptiIt/

2025 жылдың 26 маусым күні “Балдәурен” мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде “Достық күні” аталып өтті.

https://www.instagram.com/p/DLWxcpFNTCP/

27 маусым күні «Балдәурен» жазғы демалыс лагерінде тәрбие жұмыстары рухани тәрбие бағыты аясында өтті.

https://www.instagram.com/p/DLZYHGntK8P/

30 маусым күні, лагерьде балалар «Ертегілер әлемінде» атты сахналық қойылым қойды.

https://www.instagram.com/p/DLhLojXta9-/

«Балдәурен» жазғы демалыс лагерінде 01 шілде күні «Қиял әлемі» тақырыбында қызықты іс-шаралар өтті.

https://www.instagram.com/p/DLjuUzXNzqK/

02.07.2025күні “Балдәурен” жазғы демалыс лагерінде «Болашақ жастардың қолында» тақырыбында топтық сайыс өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DLmWL5NN-ut/

03 .07.2025 күні «Балдәурен» жазғы демалыс лагерінде Ұлттық құндылықтар күні өтті

https://www.instagram.com/p/DLo57Cpt7Gl/

04.07.2025 күні “Балдәурен” жазғы тынығу лагерінде Астана күніне арналған «Астана – арман қала» атты мерекелік іс-шара өтті.

https://www.instagram.com/p/DLrdbmYtjMw/

08.07.2025 күні «Балдәурен» жазғы демалыс лагерінде «Сән әлемінде» тақырыбында ерекше шығармашылық күн өтті.

https://www.instagram.com/p/DL12DomNGg-/

09.07.2025 ж. Балдәурен жазғы демалыс лагерінде “Ғажайыптар күні” тақырыбында «Қазына іздеу» қызықты квест-ойын өткізілді.

https://www.instagram.com/p/DL4XtK2N02c/

10.07.2025 күні “Балдәурен” жазғы тынығу лагерінде "Жағымды естеліктер күні" ерекше көңіл күймен өтті.

https://www.instagram.com/p/DL72IDKtdFb/

«Қош бол, Балдәурен» жабылу салтанаты 2025 жылғы 11 шілде күні Балдәурен жазғы тынығу лагерінде «Қош бол, Балдәурен» атты салтанатты жабылу кеші өтті..

https://www.instagram.com/p/DL9mh_YNbHK/

XII Тәлімгер жұмысын ұйлестірудің тиімді жақтары

Мақсаты

- Мектептегі тәрбие жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыру және үйлестіру.
- Оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық, патриоттық, құқықтық, экологиялық және эстетикалық тәрбиесін дамыту.
- Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуін қамтамасыз ету.

- Мектеп пен ата-ана, қоғам арасындағы тәрбие байланысын нығайту.

Міндеттері

- Тәрбие бағыттары бойынша жылдық жоспар құру және оның орындалуын бақылау.
- Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысын үйлестіру, әдістемелік көмек көрсету.
- Оқушылардың мінез-құлқына, тәртібіне, әлеуметтік жағдайына байланысты деректерді жинақтап, талдау жүргізу.
- Құқықбұзушылықтың алдын алу, қиын оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру.
- Мектепішілік және мектептен тыс тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және өткізу.
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, тәрбиелік жұмыстарға тарту.
- Мектептің тәрбие кеңесі, өзін-өзі басқару ұйымдарымен бірлесе жұмыс жүргізу.

1. **Тәрбиелік жұмыстың жүйелі жүргізілуі**

- Барлық сыныптарда тәрбиелік іс-шаралар бірізділікпен ұйымдастырылады.
- Мектептің тәрбие жоспары нақты жүзеге асады.

2. **Оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту**

- Тәлімгер оқушылардың қызығушылықтарын анықтап, үйірмелер мен секцияларға бағыттайды.
- Дарынды балалармен жеке жұмыс жүргізуге мүмкіндік туады.

3. **Құқықбұзушылықтың алдын алу**

- Тәлімгерлер оқушылардың мінез-құлқын бақылап, ерте кезеңде мәселелерді анықтай алады.
- Профилактикалық жұмыстар тиімді ұйымдастырылады.

4. **Ата-аналармен байланыс нығаяды**

- Тәлімгерлер ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, тәрбие мәселелерін бірлесе шешеді.
- Ата-аналармен кездесулер, кеңес беру жұмыстары жүйелі өтеді.

5. **Ұжымдық тәрбие қалыптасады**

- Оқушылар арасында достық, сыйластық, жауапкершілік сезімі дамиды.
- Сынып ішінде және мектепте жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптасады.

6. **Іс-шаралардың сапасы артады**

- Мерекелік, патриоттық, мәдени және спорттық іс-шаралар жоспарлы әрі мазмұнды өтеді.
- Оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығы дамиды.

Оқу жылының басында тәлімгердің жылдық жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Тәлімгердің функционалдық қызметіне сәйкес мектепішілік «Парламент өзін-өзі басқару» ұйымы, «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын тұрақты түрде жүзеге асыру болып табылады. Жоспарға сай өзін-өзі басқару ұйымы мектеп қабырғасында өткізілетін түрлі іс-шараларға белсене қатысып, мектеп жұмысының ілгерілеп,жандануына өз үлесін қосты. Атап айтсақ:

https://www.instagram.com/p/DBQ6UQF6o/?img_index=1&igsh=aHdudW5pbGdteTll

XIII Қосымша білім беру педагогының ұйымдастыруымен жүйелі жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ:

Оқушылардың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге ат салысу, оған аса мән беру мектебіміздің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Білім алушылар арасында шығармашылық әлеуеттері мен қазіргі қоғамның шапшаң дамуына бейімделу дағдыларын дамытуға және бос уақытты толыққанды ұйымдастыру мүмкіндігіне жағдай жасалуда.

Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің "Абай атындағы мектеп-балабақша кешені" КММ-нің 2024-2025 оқу жылы қосымша білім беру педагогының жылдық жоспары.

Волейбол секциясының жылдық жоспары

Мақсаты:

- Оқушылардың дене шынықтыруын, ептілігін және төзімділігін арттыру.
- Волейбол ойыны арқылы командалық рух пен тәртіпті қалыптастыру.
- Спорттық жарыстарға қатысу арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.

Міндеттері:

- Волейболдың негізгі ережелерін меңгерту.
- Техникалық және тактикалық дағдыларды дамыту.
- Мектепішілік және аудандық жарыстарға дайындық жүргізу.
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Жылдық жұмыс жоспары:

Айы	Іс-шара атауы	Мақсаты	Жауапты тұлға
Қыркүйек	Секцияға қабылдау, топ құру	Қызығушылықты анықтау	Дене шынықтыру мұғалімі
Қазан	Волейбол ережелерімен таныстыру	Негізгі білім беру	Секция жетекшісі
Қараша	Техникалық жаттығулар	Дағдыларды жетілдіру	Секция жетекшісі
Желтоқсан	Мектепішілік волейбол турнирі	Жарыс тәжірибесін қалыптастыру	Дене шынықтыру мұғалімі
Қаңтар	Қысқы жаттығу сабақтары	Қозғалыс белсенділігін сақтау	Секция жетекшісі
Ақпан	Аудандық жарысқа дайындық	Жарысқа қатысу	Секция жетекшісі
Наурыз	Ұлттық мерекеге	Мерекелік рухты	Дене шынықтыру

	арналған турнир	спортпен ұштастыру	мұғалімі
Сәуір	Ашық жаттығу сабақтары	Басқа сыныптармен тәжірибе алмасу	Секция жетекшісі
Мамыр	Жылдық қорытынды жарыс	Жетістіктерді бағалау	Дене шынықтыру мұғалімі
Маусым	Жазғы лагерьдегі волейбол ойындары	Демалыс уақытын тиімді өткізу	Секция жетекшісі

Футбол секциясының жылдық жоспары

Мақсаты:

- Оқушылардың физикалық белсенділігін арттыру.
- Футбол арқылы шапшаңдық, дәлдік, ойлау қабілетін дамыту.
- Спорттық тәртіп пен жауапкершілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Футболдың негізгі ережелерін үйрету.
- Командалық ойын дағдыларын қалыптастыру.
- Жарыстарға қатысу арқылы тәжірибе жинақтау.
- Спорттық мәдениетті қалыптастыру.

Жылдық жұмыс жоспары:

Айы	Іс-шара атауы	Мақсаты	Жауапты тұлға
Қыркүйек	Секцияға қабылдау, оқушыларды іріктеу	Қызығушылықты анықтау	Дене шынықтыру мұғалімі
Қазан	Футбол ережелерімен таныстыру	Негізгі білім беру	Секция жетекшісі
Қараша	Техникалық жаттығулар	Дағдыларды жетілдіру	Секция жетекшісі
Желтоқсан	Мектепішілік баскетбол турнирі	Жарыс тәжірибесін қалыптастыру	Дене шынықтыру мұғалімі
Қаңтар	Қысқы жаттығу сабақтары	Қозғалыс белсенділігін сақтау	Секция жетекшісі
Ақпан	Аудандық жарысқа дайындық	Жарысқа қатысу	Секция жетекшісі
Наурыз	Спорттық мерекелік ойындар	Ұлттық мерекені спортпен ұштастыру	Дене шынықтыру мұғалімі
Сәуір	Ашық жаттығу сабақтары	Басқа сыныптармен тәжірибе алмасу	Секция жетекшісі
Мамыр	Жылдық қорытынды жарыс	Жетістіктерді бағалау	Дене шынықтыру мұғалімі
Маусым	Жазғы лагерьдегі баскетбол ойындары	Демалыс уақытын тиімді өткізу	Секция жетекшісі





«Волейбол» секциясы

Секция жетекшісі дене шынықтыру пәні мұғалімі Сулейменов Е.К. Секцияға мектептің 5-11 сынып оқушыларынан 30 оқушы қабылданды.

Секцияның мақсат, міндеттері айқындалып, ережесіне сәйкес ең бірінші секция мүшелерімен таныстыру болды. Оқу жылына жоспар құрылып,уақытында мектепішілік ойындар өтіп отырды.

Волейбол жарысы

Өткізілген уақыты: 2025 жылғы 15–20 қыркүйек

Қатысушы сыныптар: 5–11 сыныптар **Жарыс форматы:** Ұлдар және қыздар командалары арасында бөлек

Қорытынды: Жарыс барысында оқушылардың командалық рухы,ептілігі және спортқа деген қызығушылығы айқын байқалды. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және медальдармен марапатталды. Жарыс әділ және ұйымшыл түрде өтті.



«Футбол» секциясы

Секция жетекшісі дене шынықтыру пәні мұғалімі Ермекбаев Н.А. Секцияға мектептің 5-11 сынып оқушыларынан 30 оқушы қабылданды. Секцияның мақсат, міндеттері айқындалып, ережесіне сәйкес ең бірінші секция мүшелерімен таныстыру болды. Оқу жылына жоспар құрылып,уақытында мектепішілік ойындар өтіп отырды.

Футбол жарысы

Өткізілген уақыты: 2025 жылғы 22–27 қыркүйек

Қатысушы сыныптар: 5–11 сынып ұлдар командалары

Жарыс форматы: Топтық кезең және финал

Қорытынды: Футбол жарысы оқушылардың шапшаңдығы мен тактикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етті. Барлық қатысушылар белсенділік танытып, спорттық тәртіп пен достық қарым-қатынас көрсетті. Жарыс соңында жеңімпаздар марапатталып, алғыс хаттар табысталды.

XIV Педагог-психолог қызметін үйлестіру жолдары

Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс жоспары оқу-тәрбие үрдісіне қатысты төмендегі топтармен жұмыс жүргізуді қарастырады: 0-11 сынып оқушылары, мектеп әкімшілігі және мұғалімдер, ата-аналар. Психологиялық қызмет барысында ағарту, кеңес беру, дамыту, түзету, бақылау бағыттары бойынша жүргізіледі.

Психологиялық қызметтің мақсаты: оқушылардың толыққанды тұлғалық,әлеуметтікжәне интеллектуалдық дамуына ықпал етіп, білім беру процесінің барлық қатысушыларын дамудың түрлі кезеңдерінде сүйемелдеу. Биылғы оқу жылында 1-11 сынып комплектісі бар. **Алдымызға қойған мақсатқа сәйкес, 2024-2025оқу жылынапсихологиялық қызметтің міндеттері:**

1. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық әрекеттерімен белсенділіктерін дамытуға ерекше көңіл аудару.
2. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби таңдауын және мектептегі оқу профиліне психологиялық қолдауды жетілдіру;
3. Ерекше қажеттілік тудыратын балалармен түзету-дамыту жұмыстарын белсендендіру және тренингтік жаттығулар бағдарламасын енгізу.
4. Жас мамандармен тұлғалық өзіндік дамуын, ішкі ресурстарын ашу, мотивациялық сферасының дамуы бойынша педагогикалық ұжыммен қарым-қатынасты нығайту жұмысын дамыту.

Ұстаздардың тұлғалық өсуінің және шығармашылық потенциалының, мотивациялық сферасының дамуы бойынша педагогикалық ұжыммен жұмысты белсендендіру.

Мектептегі психологиялық қызмет іс - әрекетінің бағыттары:

1. Психологиялық диагностика
2. Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары
3. Психопрофилактикалық бағыт
4. Психологиялық кеңес беру
5. Ағартушылық бағыт

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында: 2022 – 2023 оқу жылының басында білім беру жүйесінде психологиялық жұмыстарды жүргізу барысында іс – әрекеттің

5 бағыты бойынша жылдық жоспар құрылды. Жоспар бойынша, психологиялық анықтау жұмысын жүргізу мақсатында мектептегі әр сыныптың оқушыларының тізімдері жасалды.

1 сынып оқушыларымен бейімделу апталығы.Оқушылармен нейрожаттығулар өткізілді. Қыркүйек айында 5-11 сыныптардан оқушылардың 1 сыныпқа оқуына дайындығын тексеру. Мектепке бейімделу жағдайы Панченко: «Жануарлар мектебі», «Мектеп» әдістемесі өткізілді.

Балалардың мектепке даярлығы мен бейімделуі бойынша түзету-дамыту жұмысы . Бағдарлама дайындау, ата-ана, ұстаздарға ұсыныс беру.

Оқушылардың тұрғалық типін, бағыттылығын анықтай отырып қолдау жасау. Дж. Холланд әдістемесі.
5-11 сыныптардан 10 сұрақтан тұратын буллингке жасырын сауалнамасы алынды.
5-11 сыныпта 122 оқушы бар.
5 сынып –барлығы -19 оқушы, қатысқаны -19.
6 сынып барлығы – 18 оқушы, қатысқаны -18 оқушы,
7 сынып барлығы – 26 оқушы,қатысқаны 26 оқушы,
8 сынып барлығы- 15 оқушы, қатысқаны -15
9 сынып барлығы -25 оқушы,қатысқаны -25
10 сынып барлығы -19 оқушы, қатысқаны -19
11 сынып барлығы -18оқушы, қатысқаны -18 оқушы,

Буллингке қатысты жасырын сауалнама

(5–11 сыныптарға арналған)

1. Мектепте өзіңді қауіпсіз сезінесің бе?
2. Саған біреу мазақ етіп, келемеж айтқан жағдай болды ма?
3. Біреудің сені қорқытып, қысым көрсеткенін байқадың ба?
4. Сыныптастарың немесе басқа оқушылар сені шеттеткен кездер болды ма?
5. Әлеуметтік желіде (WhatsApp, Instagram, т.б.) саған қатысты жағымсыз пікірлер жазылған ба?
6. Біреудің сырт келбетіне, киіміне немесе отбасылық жағдайына байланысты мазақ еткенін көрдің бе?
7. Егер сен буллингке ұшырасаң, кімге айтасың деп ойлайсың? (ата-ана, мұғалім, дос, ешкімге айтпаймын)
8. Басқа оқушыға буллинг жасалып жатқанын көрсең, не істейсің?
9. Мектепте буллингтің алдын алу үшін қандай шаралар қажет деп ойлайсың?
10. Өзіңе немесе басқаға қатысты буллинг жағдайын жасырмай айтуға дайынсың ба?

Сауалнама қорытындысы бойынша кемсіту, мазақтау көшеде болғаны жайлы анықталды. Осы сауалнама қорытындысы бойынша барлық сыныптармен түсіндірме жұмысы жүргізілді.Барлық сыныптардан түсіндірме жұмысы жүргізілгендігі жайлы және танысқандығы жайлы қол қойылды.

Психологиялық қызмет жұмысының қорытындысы (қыркүйек айы)

1-сынып оқушылары мен ата-аналарымен жүргізілген жұмыс

Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1-сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен психологиялық бейімделу бағытында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Басты мақсат — баланың мектепке бейімделуін жеңілдету, ата-анамен сенімді байланыс орнату және ортада қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру.

Іс-шаралар аясында:

- «Өз балаңыз туралы не айтасыз?» атты 15 сұрақтан тұратын сауалнама алынды. Нәтижесінде ата-аналар балаларының мектепке дейінгі денсаулығы, мінез-құлқы, әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат беріп, таныстырылды.
- «Ақ қағаз парағы» атты тренинг өткізіліп, ата-аналар бір-біріне жылы сөздер мен тілектер арнады.

- Оқушылардың мектепке бейімделуіне арналған слайдтар көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- Ата-аналарға баланың эмоционалдық жағдайын қолдау, күн тәртібін сақтау және оқу ортасын қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілді.

«Керн-Йерасик» әдістемесі бойынша зерттеу

Мақсаты: Мектеп жасындағы оқушылардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау, дайындық деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру, сынып жетекшілері мен ата-аналарға кеңес беру.

Тест тапсырмалары:

1. Ер адамның сыртқы пішінін салу
2. Әріптердің жазба түрін көшіріп жазу
3. Нүктелер тобын көшіру
4. Геометриялық пішіндерді ажырату (графикалық диктант)

Бағалау шкаласы:

- 10–8 ұпай — жоғары деңгей
- 7–6 ұпай — орташа деңгей
- 5–0 ұпай — төмен деңгей

Қорытынды: Зерттеуге 7 оқушы қатысты.

- Мектепке дайындығы жоғары деңгейде — 6 оқушы
- Орташа деңгейде — 1 оқушы
- Төмен деңгейде — 0 оқушы

Ұсыныс: Нәтижелер сынып жетекшілеріне таныстырылды. Дайындығы орташа оқушының ата-анасымен жеке әңгіме жүргізіліп, оқушымен деңгейлік тапсырмалар арқылы қосымша жұмыс ұйымдастыру ұсынылды. Жалпы алғанда, 1-сынып оқушыларының мектепке психологиялық бейімделуі жақсы деңгейде.

5–7 сынып оқушыларымен жүргізілген диагностика

Әдістеме: Лусканова бойынша «Оқу мотивациясы»

Мақсаты: Оқушылардың мектептегі оқуға деген ішкі және сыртқы мотивация деңгейін анықтау.

Нәтиже: 5–7 сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығы жоғары екені анықталды. Оқушылар білім алуды маңызды деп санайды, сабаққа белсенді қатысады. Мотивацияны арттыру мақсатында пән мұғалімдеріне оқыту әдістерін түрлендіру, мадақтау жүйесін қолдану ұсынылды.

Қыркүйек-қазан айларында 1-11сыныптардан **«Буллинг -және кибербуллингтің алдын алу»** түсіндірме жұмысы жүргізіліп, қолхатқа қол қойдырып алынды және 10 сұрақтан тұратын буллинг сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды.
https://www.instagram.com/p/C_f84A8t8a9/?igsh=a2p6b2hzbnp2N3lm
«Отбасым - бақыт мекенім» тақырыбында і1-11сыныптармен тәрбие сағаты өткізілді. https://www.instagram.com/p/C_gGzLvN35V/?igsh=ZHFzNzJ0dmhrNTFy
Білім алушылар арасында интернет ресурстарын тиімді пайдалану тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
https://www.instagram.com/p/DCUUDPvurU3/?img_index=1

Қараша айында бесінші сынып бейімделуіне **«Жаңа пәндермен танысу», «Достық пен сыныптастарымен қарым -- қатынас», «Қауіпсіздік ережелері мен мектеп мәдениеті»** түзету–дамыту сабақтары өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/DCXENZquJzw/?igsh=MWc1MGYxazdpcmkxOQ==
Бүкіләлемдік бала күні жарияланғанына 70 жыл толуына орай 11-15 қараша күндері аралығында өтетін бірыңғай облыстық «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында апталық басталды.
https://www.instagram.com/p/DCW6e5AuLRr/?igsh=aDI2aGN5MW1lNDE3
Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюға және балалардың құқықтарын қолдауға бағытталған «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» халықаралық акциясы аясында тарих пәні мұғалімдері Л.Т. Толеугазинова, А.М.Даулетказинаның ұйымдастыруымен 2 желтоқсан күні мектебімізде 5-8 сыныптар арасында «Баланың отбасы мен қоғамда өмір сүру құқығы» атты дөңгелек үстел өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/DDFpS7WOyV5/?igsh=MTh6ZWZhMWZiZHdoaw
20 қаңтар күні мектебімізде 1-11 сынып оқушыларымен «Буллингтен қорған!» тақырыбында сынып сағаты өтті.
https://www.instagram.com/reel/DFDZMvat6xU/?igsh=MTVqM3Bscm13ODEybg==
Мектебімізде 17 ақпан күні 1-11 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз қоғам» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/DGLt0ECuJe5/?igsh=bmIxbTQ0dTZicjk2
Наурыз айында мектебіміздің 5-11 сынып оқушыларына зорлық-зомбылықтың құрбаны болмаудың ережелері туралы бейнеролик көрсетілді, талдау жұмыстары жүргізілді.
https://www.instagram.com/reel/DFpxzkRNkN0/?igsh=MTF0a2EzdTVtZDNrZw%3D%3D
Сәуір айында11сынып мектеп бітіруші түлектерімен ҰБТ-ге психологиялық тұрғыдадайындық тренингі өткізілді.
Мақсаты: білімнің жоғарғы сапасын қамтамасыз ететін оқу жетістіктерінің сыртқытәуелсіз бағасының жүйесін құру.
«Сенімділік – күш береді» тренингі өткізілді.
Мақсаты: білім алушылардыңсенімділігін, мінез -құлық,эмоционалдық сфера дағдысын психологиялық тұрғыдан қалыптастыру.
https://www.instagram.com/reel/DFpxzkRNkN0/?igsh=MTF0a2EzdTVtZDNrZw==

ҰБТ-ға психологиялық қолдау көрсету бойынша іс-шаралар жоспары

Мақсаты:

- Түлектердің психоэмоционалдық тұрақтылығын сақтау.
- ҰБТ-ға дайындық кезінде күйзелісті азайту.
- Өзін-өзі реттеу, сенімділік пен мотивацияны арттыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың ішкі сенімін қалыптастыру.
- Стресті жеңу жолдарын үйрету.
- Ата-аналармен және мұғалімдермен бірлескен қолдау жүйесін құру.

Жоспар кестесі

Айы	Іс-шара атауы	Мақсаты	Жауапты тұлға
Қазан	«ҰБТ – сенімділікке бастар	Сенімділік пен	Психолог

	жол» тренингі	мотивацияны арттыру	
Қараша	«Стресті қалай жеңеміз?» практикалық сабақ	Эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру	Психолог
Желтоқсан	Ата-аналармен кездесу: «Балаға қолдау көрсету жолдары»	Үйдегі психологиялық ахуалды жақсарту	Әлеуметтік педагог
Қаңтар	«Мен дайынмын!» өзін-өзі бағалау тесті	Ішкі сенімділікті бағалау	Психолог
Ақпан	«ҰБТ алдындағы тыныштық» релаксациялық жаттығу	Күйзелісті азайту	Психолог
Наурыз	«Сенім картасы» жаттығуы	Мақсат қою және өзін-өзі реттеу	Психолог
Сәуір	«ҰБТ-ға 10 күн қалғанда» кеңес беру	Соңғы дайындық кезеңін қолдау	Психолог, сынып жетекшілері
Мамыр	«Сен жеңесің!» мотивациялық кездесу	Оқушыларды жігерлендіру	Мектеп әкімшілігі

Атқарылған жұмыстардың қысқаша есебі

- Оқушылармен **мотивациялық тренингтер** және **релаксациялық жаттығулар** өткізілді.
- **«Стресті қалай жеңеміз?»** атты практикалық сабақта тыныс алу техникасы, жағымды ойлау тәсілдері үйретілді.
- Ата-аналармен **кеңес беру кездесуі** ұйымдастырылып, баланы қолдау жолдары түсіндірілді.
- Оқушыларға **«Мен дайынмын!»** атты өзін-өзі бағалау тесті ұсынылып, нәтижелері бойынша жеке кеңестер берілді.
- ҰБТ-ға жақын кезеңде **«Сен жеңесің!»** атты мотивациялық кездесу өткізіліп, оқушыларға сенім мен жігер сыйланды.

«Дұрыс таңдалмаған мамандықтың жағымсыз тұстары» таныстырылымы

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдаудың маңыздылығын түсіндіру, қателікке жол бермеудің жолдарын көрсету, болашаққа саналы қадам жасауға бағыт беру.

Тақырыптық мазмұны:

- Мамандық таңдаудағы қателіктердің себептері
- Қызығушылық пен қабілетті ескермеудің салдары
- Жұмысқа қанағаттанбау, кәсіби күйзеліс, мотивацияның төмендеуі
- Қоғамдағы бейімделу қиындықтары
- Өз-өзіне сенімсіздік пен кәсіби даму тежелісі

Қорытынды: Таныстырылым барысында оқушыларға өзін-өзі тану, қабілеттерін бағалау, еңбек нарығындағы сұраныс пен жеке қызығушылықты үйлестірудің маңызы түсіндірілді. Мамандықты дұрыс таңдау — болашақ өмір сапасының негізі екені атап өтілді.

Келесі оқу жылына арналған психологиялық қызметтің жоспарлы бағыттары

1. **Өзіндік білімді жетілдіру:**
   - Психологтың кәсіби құзыреттілігін арттыру
   - Жаңа әдістемелер мен тренинг форматтарын меңгеру
   - Психологиялық диагностика құралдарын жаңарту
2. **Ағартушылық жұмыс мазмұнын толықтыру:**
   - Мұғалімдерге арналған психологиялық кеңестер мен семинарлар
   - Ата-аналармен байланыс нығайту, тәрбиелік тренингтер өткізу
   - Оқушыларға арналған мотивациялық, тұлғалық даму сабақтары
3. **Оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамыту:**
   - Эмоциялық интеллект, өзін-өзі реттеу, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру
   - Қиын оқушылармен жеке жұмыс
   - Мектепте қолайлы психологиялық климат қалыптастыру

Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуына бақылауды арнайы бракеражды комиссия жүзеге асырды. Комиссия құрамы :

1. К.С.Жумукбаева - комиссия төрайымы,мектеп директоры м.а.
2. К.С.Жумукбаева – ДТЖО
3. Ж.М.Нуркенова – бас аспазшы
4. Л.С.Ахметкалиева – мектеп медбикесі
5. А.Кушербаева – ата-ана комитеті

2024-2025 оқу жылы барысында мектепке жол акциясын ұйымдастыру бойынша жүргізілетін іс шаралар жоспары жасалып жұмыстар жүргізілді.

2024 жылғы 01 тамыз және 30 қыркүйек аралығында Балалар жылын іске асыру шеңберінде өтетін «Мектепке жол» республикалық акциясы бойынша көмектер көрсетілді.

2024-2025 оқу жылы барысында мектепке жол акциясын ұйымдастыру бойынша жүргізілетін іс шаралар жоспары жасалып бекітілген. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру бойынша бұйрық шығарылып, арнайы штаб құрылды. Мектепке жол акциясының өткізілуі мен ұйымдастырылуы бойынша жұмыс жоспары, атқарылған іс шаралар туралы сайдтарда жарияланды. Ерікті түрде демеуші бола білген азаматтар мен азаматшалардың көмегімен тұрғындардың қажеттілігін ескере отырып, көп балалы отбасынан шыққан балаларға, көмек қажет етіп отырған балаларға мектеп формасы, оқу құралдары, спорттық киім түрінде көмектер ұйымдастырылды.

Қазақстанның ірі қайырымдылық қоры «Қазақстан халқына», Балалардың құқықтарын қорғау комитеті тарапынан әлеуметтік көмек көрсету мақсатында 2 оқушыға «Мектеп сөмкесі» кеңсе керек-жарақтарын сатып алып, көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға берілді. Оқу жылы барысында мерекелік іс - шараларға әлеуметтік жағынан аз қамтылған оқушыларды қатыстырып отырдық. Аудандық жасыл шыршаға көпбалалы атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының тәрбиеленушілері

1. Бекмұхамет Заңғар 2 сынып
2. Тілеухан Нұрсұлтан 4 сынып
3. Ахметжанова Айсана 4 сынып
4. Белялова Нұрай 7 сынып

Облыс әкімінің жасыл шыршасына

2. Әлкен Мерей 4 сынып оқушысы барды.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2008 жылға 25 қаңтардағы №64 қаулысысмен бекітілген Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай - ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын , жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып,отбасыларда тұратын балаларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу бойынша өтініштер жиналды. балаға қаржылай көмек берілді.

Мектептің әлеуметтік паспорты

№	**Әлеуметтік санаттар**	**Саны**
1	Барлық оқушылар	239
2	Толық отбасында тәрбиеленіп отырған оқушылар	46
3	Толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған оқушылар	43
4	Анасы жоқ балалар	2
5	Әкесі жоқ балалар	11
6	Көп балалы отбасы	58
7	Аз қамтамасыз етілген отбасы	23
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0
9	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	0
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0
11	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0
13	Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар	0
14	Ата-аналарының білімі:	101
15	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	31
16	Техникалық және кәсіптік	40
17	Орта	30

Мектепте бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған, көп балалы, толық емес және қамқоршылық-қорғаншылықтағы оқушылар саны – 69. Оқушылардың тиісті құжаттары қыркүйек айында жинақталған, тамақтану мектеп директорымен бекітілген кесте бойынша жүргізілді. Асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануы үнемі бақылауда.

2023 жыл мамыр айында Қ.Р. Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп жанындағы ұйымдастырылған жазғы лагерге 1-8 сынып оқушыларынан 77 бала қатысты.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2008 жылға 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай - ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын , жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анансының қамқорлығынсыз қалып,отбасыларда тұратын балаларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу бойынша өтініштер жиналды. 77 балаға қаржылай көмек берілді. Жазғы каникул кезінде оқушылардың демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында дайындалған 1-4

сынып оқушыларына арналған «Сенің қуанышқа толы демалысың», 5-9 сынып оқушыларына арналған «Қызықты жазғы демалыс» атты гайдбуттер түсіндіріліп, таратылды. Мектеп жанында «Балдәурен»жазғы лагері 129 балаға ұйымдастырылды.

Әлеуметтік статусына, білімдегі жетістіктеріне қарай «Дарабоз» - 2 оқушы, лагерлерге тегін жіберілді.

№	Оқушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Сынып	Мекен-жайы	Әлеуметтік статус	Ата-ана туралы мәлімет
1	Айтқазы Нұрайым Бекжанқызы	24.03.2014	5	Абай көшесі 123/2	Аз қамтылған, көп балалы	Шаймұрат Сая
2	Нұрлыбек Мөлдір Марленқызы	26.08.2014	5	Варепа 137	Аз қамтылған, көп балалы	Ниязбек Раушан

XVIII Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйлестіру тиімділігі

"Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру оқу-тәрбие жұмысының құрылымындағы бағыттардың бірі болып табылады жәнебілім беру процесінің барлық қатысушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектепте ағымдағы оқу жылына мектептің жұмыс жоспарының бір бөлігі болып табылатын кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары бекітілді. Кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттері:

4. Оқушыларға кәсіптік өзін-өзі айқындауды шешуде көмек көрсету;
5. Олардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарлары мен перспективаларын ескере отырып,
6. кәсіптерді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету.

Оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыстың негізгі бағыттары:

Мамандарды тарту арқылы оқушылардың кәсіби маңызды қасиеттерін диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын қолдану; Мамандық таңдау мәселелері бойынша педагог-психологтың қатысуымен оқушыларға ұжымдық және жеке кеңес беруі;

Кәсіппен танысу және еңбекті ұйымдастыру мақсатында кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастыру; Оқу орындарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру; Оқу орындарының Ашық есік күндерін өткізу;

2024 -2025 оқу жылы ағымында келесі бағыттар бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысы жүргізілді:

Диагностикалық жұмыс. 2024-2025 оқу жылында 9,11 сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби бейімділігін зерттеу бойынша диагностикалық жұмыс жүргізілді. Кеңес беру жұмысы–оқушыларға кәсіби таңдау бойынша жеке кеңес беру жүргізілді.

Кәсіби мүдделер анықталды, кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсетілді.

Практикалық жұмыс- әсіресе тренингтер түрінде оқушылармен топтық кәсіптік бағдар беру сабақтары өткізілді.

Бұл сабақтар қатысушыларды болашақ мамандықты жауапкершілікпен таңдауға ынталандырады. Кәсіби қызметтің бағыттары мен түрлері туралы түсінік қалыптастырылды, жеке өзін-өзі анықтау және өзін-өзі белсендіруге көмек көрсетілді.

2024-2025 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысына талдау жұмыстарын жүргізу төмендегі бағыттар негізінде айқындалады

5. ҚР Конституциясы, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер.
6. Тәрбие жұмысын басқару құрылымы
7. Тәрбие жұмысының жылдық жоспарының мақсат міндеттері, атқарылған іс-шаралар.
8. Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің кезекті отырыстары.
17. Ата-аналармен жұмыс (Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру жұмыстары, ата-аналарды педагогикалық қолдауорталығының жұмысы,ата аналар жиналысының хаттамалары, жұмысының есебі);
18. «Даналық мектебі» клубының жұмысы,
19. Тәрбиелік жобалар
20. Қамқоршылық кеңес жұмысы.
21. Құқықтық кеңес жұмысы
22. Оқушылармен жұмыс (Профилактика жүргізу. Адамгершілік тәрбие беру, салауатты өмір салтын насихаттау, Оқушыларға құқықтық тәрбие беру)
23. Оқушылармен демалыс уақытындағы іс-шаралар (Каникул)
24. Тәлімгер жұмысы. Мектеп парламенті, дебат қозғалысы, «Жас қыран» «Жас ұлан» балалар ұйымдарының жұмысы
25. Қосымша білім беру педагогының жұмысы (Үйірме, секция)
26. Педагог – психолог жұмысы
27. Педагог-ұйымдастырушы жұмысы
28. Әлеуметтік педагог жұмысы (Әлеуметтік карта, мектепке жол акциясы,ыстық тамақ) *ІТәрбие жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алынған нормативтік құжаттар тізбесі:*

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және
т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

6 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031)

7 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170

8 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767

9 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

10 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032306 Рег.№ 6304 Рег.дата 02.07.2024 Копия электронного документа. Дата: 05.07.2024 09:11. Версия СЭД: Documentolog

7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 8

7 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05 2020 ж. № 216 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708

9 «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329

10 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138

9 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» https://adilet.zan.kz/kaz/docs

10 «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317

11 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025128

12 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 21.02.2012 ж. № 57 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200007495

13 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317 Рег.№ 6304 Рег.дата 02.07.2024 Копия электронного документа. Дата: 05.07.2024 09:11. Версия

СЭД: Documentolog 7.22.1. Положительный результат проверки ЭЦП 2024-2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері 9

14 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292

15 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж.

№ ҚР ДСМ-76 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890

16 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020567#z1 17

«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279

18 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420 19

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды

бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085

20 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553

21 «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы»

ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067

22 «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 20.07.2022 жылғы №333 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028915 Рег.№ 6304 Рег.дата 02.07.2024 Копия электронного документа. Дата: 05.07.2024 09:11. Версия СЭД: Documentolog 7.22.1. Положительный результат проверки ЭЦП Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 10

23 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы № 514 бұйрығы https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007355

24 «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id =37431780

25 «Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414

26 «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ
12.01.2022 ж. №4 бұйрығыhttps://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/ compare
27 «Мектепкедейінгі, орта, техникалықжәнекәсіптік, ортабілімненкейінгібілімберу, қосымшабілімберуұйымдарындапсихологиялық-педагогикалыққолдапотыру қағидаларынбекітутуралы» ҚРБҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығыhttps://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/ compare
28«Педагогтіңжұмысуақытымендемалысуақытырежимініңерекшеліктерінайқындау қағидаларынбекітутуралы» ҚРБҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449
29 «Неке (ерлі-зайыптылық) жәнеотбасытуралы» (ҚазақстанРеспубликасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексіhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
30«Кәмелеткетолмағандардыңістеріжәнеолардыңқұқықтарынқорғаужөніндегікомис сиятуралыүлгіереженібекітутуралы» ҚазақстанРеспубликасыҮкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000789_
31«Балалардызорлық-зомбылықтанқорғау, суицидтіңалдыналужәнеолардыңқұқықтарыменсаламаттығынқамтамасызетужөніндегі 2023 – 2025 жылдарғаарналғанкешендіжоспардыбекітутуралы» ҚРҮкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748
32 «Білімберуұйымдарынажәнеолардыңаумақтарынаәкелугетыйымсалынған, олардапайдаланылуышектелгеннәрселермензаттардыңтізбесінбекітутуралы» ҚРБҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022857
36. "Білімдіұлт" сапалыбілімберу" ұлттықжобасынбекітутуралыҚазақстанРеспубликасыҮкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы
37. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;
38. Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі
әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 2023 жылғы 03 наурыз айындағы № 61 бұйрық;
36. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекітутуралыҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелді
38. «Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге, кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болғанкәмелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесі»ҚР
Денсаулық сақтау министрінің 22.12.2023 ж №742, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 20.12.2023 ж №515, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 21.12.2023
ж №531-нқ,ҚР Оқу ағарту министрінің 21.12.2023 ж №386, ҚР Ішкі істер министрінің
21.12.2023 ж. №917 бірлескен бұйрығымен бекітілді
39. «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы
26 наурыздағы № 349 бұйрығы.

40. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан
Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591
Заңы.

44. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы
Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы

45. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы

46. Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралыҚазақстан
Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 508 қаулысы.

46. "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 ақпанда № 26866 болып тіркелді.

47. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 тамызда № 29288 болып тіркелді.

«Абай атындағы мектеп-балабақша» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тәрбие ісі жұмысының жылдық талдауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады.

Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы

қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды.

II.Тәрбие жұмысын басқару құрылымы.

Жан–жақты дамыған жеке тұлғаны шығармашылық әлеуетін дамыту, оның ой қызметін шектеусіз қозғалыста болуына мүмкіндік, интеллектуалдық және адамгершілі тұрғысынан бай, жоғары білімді жеке тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін дамытуда тәрбие жұмысының басқару құрылымы жасалып, туғызатын, өмірге жан-жақты дайындалған еңбексүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын оқушыларға тәрбие беретін мамандар құрам анықталды.

Кесте №1

№	Құрамы	2025 – 2026
1	Тәрбие орынбасары	1
2	Педагог-психолог	1
3	Тәлімгер	1
4	Тәрбиешілер	6
5	1-4 сынып жетекшілері	8
6	5-8 сынып жетекшілері	6
7	9-11 сынып жетекшілері	3
8	Барлығы	26

Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарының мақсаты, міндеті, нәтижесі. (№2 кесте тәрбие жоспары)

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға

баулу;

- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.
- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
- Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

БАҒДАРЛАМАНЫ ДӘЙЕКТІ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ҰЙЫМ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ КҮТІЛЕДІ:

ҚҰНДЫЛЫҚ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- Отан, ел, туған өлке туралы қарапайым түсініктері;

- Қазақстанның мемлекеттік рәміздері туралы білімдері;
- мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылу;
- ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдері;
- туған өлкенің табиғатына қамқорлықпен қарау бойынша біліктері мен дағдылары бар.

Бастауыш мектеп түлегі:

- мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
- мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
- дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
- отбасының құндылығын түсіну;
- тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
- қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
- Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
- азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттік тілді меңгеру;
- Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;
- әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
- Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

- халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
- мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;
- отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
- Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

- жағдаятты өз бетінше талдау, таңдау жасау және шешім қабылдау;
- өз елінің тарихы, мәдениеті, дәстүрлері мен жетістіктері туралы кеңейтілген білімінің болуы;
- халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- елдегі және әлемдегі оқиғаларды объективті бағалау үшін ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білу;
- ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал ететін мемлекеттік тілді еркін меңгеру;
- еңбек нарығындағы жоғары кәсіби дағдылар мен бәсекеге қабілеттілік;
- Қазақстанның тәуелсіздігін халықаралық аренада аргументті қорғауға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ

- Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- отбасындағы, балабақшадағы, қоғамдық орындардағы қарапайым мінез-құлық нормаларын білу;
- басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табысуға дайын екендігін таныту;
- ойы мен сезімдерін білдіре алу;

Бастауыш мектеп түлегі:

- командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
- өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
- басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
- бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
- тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;
- сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;
- тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;
- бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;
- басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

- әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
- ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;
- басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
- қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

- басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде өз мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалау және түзету;
- өзара сыйластық пен ынтымақтастықты көрсете отырып, өз көзқарастарын білдіру;
- ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете отырып, командада тиімді жұмыс істеу;
- басқа (соның ішінде қарама-қарсы) идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, жанжалды жағдайларды шешуде келісімге келу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Мектепке дейінгі ұйым түлегі:

- жауапкершіліктің қарапайым дағдыларын меңгеру;
- уәделерді орындай білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

- шындықты айту;
- достыққа адал болу;
- жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
- өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
- заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
- әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
- оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
- берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
- басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

Жалпы орта мектеп түлегі:

- нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
- әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
- қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
- белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
- тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйым түлегі:

- белгілі бір процестің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің теңдігін ескере отырып, өзінің және басқалардың әрекеттерін бағалау;
- ортақ нәтижеге жетуде әрбір тапсырманың маңыздылығын түсіну, өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және мерзімінде орындау;

белгіленген стандарттарға, нормалар мен ережелерге сәйкес жұмыс істей білу, олардың орындалуын қамтамасыз ету;

- өз жұмысының нәтижелері үшін жауап беруге, сын пікірді қабылдауға және түзетуге дайын болу;

тапсырмаларды жоспарға сәйкес сапалы және уақытылы орындау.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

- Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

- жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары мен ережелері жөнінде қарапайым түсініктердің болуы;

үлкендерді құрметтей білу;

үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда дұрыс мінез-құлықтың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

Бастауыш мектеп түлегі:

- өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

- педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
- кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып,

педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;
- тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
- қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

- өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
- моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

- заң мен құқықтық актілерді дұрыс түсіндіру және білу;
- алынған құқықтық білімді нақты өмірде, нақты практикалық жағдаяттарды шешуде дербес қолдана алу;
- қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ету;
- жағдайларды заңдылық пен этика тұрғысынан бағалау және негізделген шешімдер қабылдай алу қабілетінің болуы.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

- Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Мектепке дейінгі ұйымның түлегі:

- үйде, топта қарапайым тапсырмаларды орындай білу;
- үй жануарларына, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау дағдыларының болуы;
- жеке гигиенаны өз бетінше сақтау, ұқыпты киіну және өз заттарын күту, өз бетінше тамақтану және тазалықты сақтай білу;
- жеке қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Бастауыш мектеп түлегі:

- мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
- өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
- отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
- нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
- өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
- түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
- өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
- еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
- жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

- тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
- өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
- нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;

еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

- дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

- елдің, қоғамның дамуы үшін өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелері мен үлесін бағалау;
- қазіргі қоғамдағы еңбектің әлеуметтік-экономикалық және саяси маңыздылығын түсіну;
- отбасында, мектепте, туған өлкеде әлеуметтік маңызды әрекеттерге қатысу;
- еңбек әрекетінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі дамытудың маңызын түсіну;
- жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере отырып, одан әрі білім алуға және кәсіби қызмет нұсқаларын саналы түрде таңдауға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ:ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

- Құзыреттілік:шығармашылық

Мектепке дейінгіұйымныңтүлегі:

- Шығармашылық қиялмен елестетуге негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту;
- сурет салу, мүсіндеу, құрастыру дағдыларының болуы;
- жаңа нәрсе жасау үшін қалыптасқан біліктер мен дағдыларды қолдана білу.

Бастауыш мектеп түлегі:

- қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою,эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
- жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
- инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
- жаңа тәсілдермен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
- өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Негізгі орта мектеп түлегі:

- тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
- өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
- бақылау, өлшеу, эксперименттермен тәжірибелер жүргізу;
- модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
- оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;
- әртүрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Жалпы орта мектеп түлегі:

- зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;
- ақпаратты талдау және бағалау;
